

Қоғам & Дәуір



ҚСЗИ

Қазақстан Республикасының
Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық
зерттеулер институты

2004 жылдан бастап
әр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор
Алуа Жолдыбалина,
ҚР Президенті жанындағы
ҚСЗИ-дің бөлім жетекшісі

Шығаруға жауапты:
А. Арзықұлов

Редакция мекенжайы:
Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қаласы,
Бейбітшілік көшесі, 4
ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ

Телефон (7172) 75-20-20
Факс (7172) 75-20-21
E-mail: office@kisi.kz
www.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде 2003 ж.
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы
№ 4526-Ж куәлік берілген.

ISSN 2414 - 5696

Индекс 74007

Журналда жарияланған материалдарды
көшіріп басқан, микрофильмдеген
жағдайда журналға сілтеме жасалынуы
міндетті. Жарияланған мақала
авторларының пікірі редакция
көзқарасын білдірмеуі мүмкін.

"Общество инвалидов "ЗАМАН" ЖШС
Астана қ., Манас к., 22/2, ВП-6

Таралымы 500 дана.

**Қоғам &
Дәуір**

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АУЫЛДАРДЫ ДАМУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТРЕНДТЕР

**Төлеутай Рахымбеков, Бауыржан Искаков,
Әлия Рахымбекова**
Қазақстанның ауыл шаруашылығы:
мәселелері және перспективалары..... 6

**Кайсар Нығметов, Нұрболат Құрметұлы,
Дана Абсәлямова**
Қазақстанның тірек ауылдық елді мекендерін
дамыту (мәселелері мен перспективалары) 33

**Азамат Нұрсейітов, Надира Мырзағалиева,
Махаббат Исабекова, Малике Сағындықова**
Әлеуметтік-мәдени хаб Қазақстанның ауылдары
мен қалаларын дамыту жобасы ретінде 44

Слямжар Ахметжаров
Қазақстанның тірек ауылдық елді мекендеріндегі мемлекеттік
әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігін талдау 61

**«Атамекен» Қазақстан Республикасының
Ұлттық кәсіпкерлер палатасы**
Қазақстанда кәсіпкерлікті қолдау 71

**Елдос Нұрланов, Гүлбаршын Ноғайбаева,
Ерлікжан Сабырұлы**
Ауылдағы мектеп білімінің сапасы: ұлттық және
халықаралық бағалау нәтижелерін талдау 82

Батжан Ақмолдина, Аяулым Сағынбаева
Қазақстандықтардың заманауи құндылықтары мен
мақсаттары мәнінің отбасы-неке қатынастары
мен бала туу (отбасын жоспарлау) мәселесі 93

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҒЫЛЫМДАҒЫ ЖАҢА ТӘЖІРИБЕЛЕР

**Қарлығаш Нұғманова, Нұрлан Қожабеков,
Салтанат Ермаханова**
Қазақстандағы әскери зерттеулер:
мүмкіндіктері мен даму жолдары 108

СОДЕРЖАНИЕ

СОВРЕМЕННЫЕ ТРЕНДЫ В РАЗВИТИИ КАЗАХСТАНСКИХ СЕЛ

**Төлеутай Рахымбеков, Бауржан Искаков,
Алия Рахымбекова**
Сельское хозяйство Казахстана:
проблемы и перспективы 6

**Кайсар Нигметов, Нұрболат Құрметұлы,
Дана Абсәлямова**
Развитие опорных сельских населенных
пунктов Казахстана (проблемы и перспективы) 33

**Азамат Нурсейитов, Надира Мырзағалиева,
Махаббат Исабекова, Малике Сағындықова**
Социокультурный хаб как проект развития сёл
и городов Казахстана 45

Қоғам & Дәуір



ҚСЗИ

Қазақстан Республикасының
Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық
зерттеулер институты

Слямжар Ахметжаров
Анализ доступности государственных социальных
услуг в сельских населенных пунктах Казахстана 61

**Национальная палата предпринимателей
Республики Казахстан «Атамекен»**
Поддержка предпринимательства в Казахстане 71

**Елдос Нурланов, Гульбаршин Ногайбаева,
Ерлікжан Сабырұлы**
Качество школьного образования на селе: анализ
результатов национальных и международных оценок 82

Батжан Акмолдина, Аяулым Сагынбаева
Семейно-брачные отношения и рождение детей
(планирование семьи) в контексте современных
ценностей и установок казахстанцев 93

НОВЫЕ ПРАКТИКИ В КАЗАХСТАНСКОЙ НАУКЕ

**Карлығаш Нугманова, Нурлан Кожабеков,
Салтанат Ермаханова**
Военные исследования в Казахстане:
возможности и пути развития 108

CONTENTS

MODERN TRENDS IN DEVELOPMENT KAZAKHSTAN VILLAGES

**Toleutai Rakhimbekov, Baurzhan Isakov,
Aliya Rakhimbekova**
Agriculture in Kazakhstan: Problems and Prospects 7

Kaysar Nygmetov, Nurbolat Kurmetuly, Dana Absalyamova
The Development of Rural Localities of Kazakhstan
(Problems and Prospects) 34

**Azamat Nurseitov, Nadira Myrzagaliyeva,
Makhabbat Isabekova, Malike Sagyndykova**
Social and Cultural Hub as a Project of Development
of Villages and Cities of Kazakhstan 45

Slyamzhar Akhmetzharov
Analysis of the Availability of Public Social Services
in Rural Areas of Kazakhstan 62

**The National Chamber of Entrepreneurs
of the Republic Kazakhstan «Atameken»**
Support of Entrepreneurship in Kazakhstan 71

Yeldos Nurlanov, Gulbarshin Nogaibayeva, Yerlikzhan Sabyruly
The Quality of School Education in Rural Areas:
an Analysis of Results Obtained from National
and International Student Assessments 82

Batzhan Akmoldina, Ayaulym Sagynbayeva
The Family Relations and the Birth of Children (Family
Planning) in the Context of Contemporary Values and
Attitudes of People of Kazakhstan 93

NEW PRACTICES IN KAZAKHSTANI SCIENCE

**Karlygash Nugmanova, Nurlan Kozhabekov,
Saltanat Yermakhanova**
Military Research in Kazakhstan:
Opportunities and Ways of Development 108

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ерлан ҚАРИН	– Редакциялық кеңестің төрағасы, «Қазақстан» РТРК» АҚ Басқарма төрағасы, саяси ғылымдарының кандидаты
Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА	– Бас редактор, ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының бөлім жетекшісі, Ph.D.
Гүлназ ҚАСЫМОВА	– редактор, ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты Әлеуметтік-саяси зерттеулер бөлімінің ғылыми қызметкері
Уямо ТОМОХИКО	– Хоккайдо университеті жанындағы Славян зерттеулер орталығының профессоры (Жапония), Ph.D.
Уильям ФИЕРМАН	– Индиана университетінің профессоры (АҚШ), Ph.D.
Сон ЮНХУН	– Ханкук университетінің профессоры (Оңтүстік Корея), Ph.D.
Бүркітбай АЯҒАН	– ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор
Қазбек ИСАЕВ	– ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының ғалым хатшысы, тарих ғылымдарының кандидаты
Мейрам ҚАЗЫКЕН	– Қазіргі заманғы қоғамды зерттеу институтының директоры, экономика ғылымдарының докторы
Ботагөз РАКИШЕВА	– «Қоғамдық пікір» зерттеу институтының жобалар директоры, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты
Айгуль САДВОКАСОВА	– ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Орталық Азия өңіріндегі этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерттеу жөніндегі орталықтың басшысы, әлеуметтану ғылымдарының докторы

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

- Ерлан КАРИН** – председатель Редакционного совета, председатель правления АО «РТРК Казахстан», кандидат политических наук
- Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА** – шеф-редактор, руководитель отдела Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, Ph.D.
- Гульназ КАСЫМОВА** – редактор, научный сотрудник Отдела социально-политических исследований Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК
- Уямо ТОМОХИКО** – профессор Центра славянских исследований Университета Хоккайдо, Ph.D. (Япония)
- Уильям ФИЕРМАН** – профессор университета Индиана, Ph.D. (США)
- Сон ЮНХУН** – профессор Ханкукского университета, Ph.D. (Южная Корея)
- Буркитбай АЯГАН** – директор института истории государства КН МОН РК, доктор исторических наук, профессор
- Казбек ИСАЕВ** – ученый секретарь Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, кандидат исторических наук
- Мейрам ҚАЗЫКЕН** – директор Института исследований современного общества, доктор экономических наук
- Ботагоз РАКИШЕВА** – директор проектов исследовательского института «Общественное мнение», кандидат социологических наук
- Айгуль САДВОКАСОВА** – руководитель Центра по изучению межэтнических и межконфессиональных исследований в Центральноазиатском регионе при Академии государственного управления при Президенте РК, доктор социологических наук

THE EDITORIAL BOARD

Yerlan KARIN	– Chairman of Editorial Board, CEO of “Kazakhstan” Broadcasting Corporation, Candidate of Political Sciences
Alua ZHOLDYBALINA	– Chief Editor, Head of Department of Kazakhstan Institute for Strategic Studies under President of Kazakhstan (KazISS), Ph.D.
Gulnaz KASSYMOVA	– Editor, Research Fellow of Department of Social and Political Analysis of KazISS under President of Kazakhstan
Uyamo TOMOHIKO	– Slavic-Eurasian Research Center, University of Hokkaido (Japan), Ph.D., Professor
William FIERMAN	– Department of Central Eurasian Studies, Indiana University Bloomington (USA), Ph.D. Professor
Song YONGHONG	– University of Hankuk, Ph.D. (South Korea), Professor
Burkitbai AYAGAN	– Director of Institute of History of State, Ministry of Education and Science of Kazakhstan, Doctor of History, Professor
Kazbek ISSAYEV	– Secretary for Research and Academic Affairs of KazISS under President of Kazakhstan, Candidate of Historical Sciences
Meiram KAZHIKEN	– Director of Institute of Contemporary Societal Studies, Doctor of Economics
Botagoz RAKISHEVA	– Projects Director, “Public Opinion” Research Institute, Candidate of Sociology
Aigul SADVOKASSOVA	– Head of Center of Inter-ethnic and Inter-confessional Studies in Central Asia, Academy of Public Administration under President of Kazakhstan, Doctor of Sociology

FTAMP
68.01.11

Төлеутай Рахымбеков¹, Бауыржан Исаков²,
Әлия Рахымбекова³

¹ Білім тарату Ұлттық палатасы
басқармасының төрағасы, ҚазЖҒҰА академигі,
экономика ғылымдарының докторы, профессор

² «Тұран-Астана» университетінің доценті,
экономика ғылымдарының кандидаты

³ «Тұран-Астана» университетінің докторанты,
экономика ғылымдарының магистрі

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ: МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Аңдатпа: Мақалада Қазақстанның аграрлық секторына кешенді талдау жүргізіледі. Ауыл шаруашылығы құрылымына қатысты қолда бар деректерге және т.б. сүйене отырып, мақала авторлары проблемалық мәселелерді шешу бойынша нақты шешімдерді ұсынады. Сонымен қатар, халықаралық тәжірибені ескере отырып, елдің заманауи ауыл шаруашылығының жай-күйін жақсарту бойынша құралдар қарастырылған.

Түйін сөздер: ауыл шаруашылығы, ауыл шаруашылығының жай-күйі, аграрлық сектор, ауыл шаруашылығының құрылымы, ауыл шаруашылығы мәселелері, кооперация, ҚазАгро.

Төлеутай Рахымбеков, Бауржан Исаков, Алия Рахымбекова СЕЛЬСКОЕ ХОЗЯЙСТВО КАЗАХСТАНА: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Аннотация. В статье проводится комплексный анализ аграрного сектора Казахстана. Опираясь на имеющиеся данные касательно структуры сельского хозяйства и т.д., авторами статьи предложены конкретные рекомендации по решению проблемных вопросов. Кроме того, с учетом международного опыта рассмотрены инструменты по улучшению состояния современного сельского хозяйства страны.

Ключевые слова: сельское хозяйство, состояние сельского хозяйства, аграрный сектор, структура сельского хозяйства, проблемы сельского хозяйства, кооперация, КазАгро.

Toleutai Rakhimbekov, Baurzhan Iskakov, Aliya Rakhimbekova
AGRICULTURE IN KAZAKHSTAN:
PROBLEMS AND PROSPECTS

Abstract. The article provides a comprehensive analysis of the agricultural sector of Kazakhstan. Based on the available data on the structure of agriculture, etc., the author of the article offers specific recommendations for solving problematic issues. In addition, taking into account international experience, the tools to improve the state of modern agriculture of the country are considered.

Key words: *agriculture, state of agriculture, agricultural sector, structure of agriculture, problems of agriculture, cooperation, KazAgro.*

Алғысөз

Ішкі нарықтың тығыздығын ескере отырып, Қазақстанның ауыл шаруашылығының алдында ішкі тұтынуды толық қамтамасыз ету ғана емес, сонымен бірге өнім экспортын бірнеше есе ұлғайту міндеті тұр. Осы жолмен ғана ауылшаруашылық өндірісінің табысын, яғни ауыл халқының табысын, тиісінше оның өмір сүру деңгейін арттыруға болады.

Экономикалық қызметтің кез келген түрінің мақсаты қандай да бір игілік жасау екенін атау өту керек. Бұл ретте кәсіпкерлік қызметтің мақсаты барынша пайда алу болып табылады.

Барынша пайда бәсекеге қабілетті өнім өндірісінде ғана мүмкін. Бәсекеге қабілеттілік – бұл баға мен сапа үйлесімі. Неғұрлым сапасы жоғары, бағасы төмен болса, өнімнің бәсекеге қабілеттілігі соғұрлым жоғары.

Барынша пайда алу үшін өнім өндіруге жұмсалатын шығыстарды азайту және аудан, техника, жабдық, ғимарат, жұмыспен қамтылған персонал бірлігінен өнім алуды арттыру қажет.

Ауыл шаруашылығына қатысты еңбек өнімділігін арттыру және жердің, ауыл шаруашылығындағы жануарлардың өнімділігін арттыру туралы айтылып отыр. Өкінішке орай, осы көрсеткіштер бойынша Қазақстанның ауыл шаруашылығы әлемдік аграрлық державалардан бірталай артта қалуда.

Артта қалуды жою үшін заманауи инновациялық агротехнологияларды қолдану, оның ішінде өнімділігі жоғары дақылдардың сұрыптары мен жануарлардың тұқымдарын,

тыңайтқыштар, өсімдіктерді қорғау құралдарын пайдалану, ветеринариялық қызмет көрсетуді жетілдіру және мал шаруашылығының жем-шөп базасын жақсарту, механикаландыру деңгейін арттыру, ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру керек.

Осы мәселелердің барлығын – технологиялардың сақталмауы, техниканың сапасы және оның табиғи тозуы, агрохимия құралдарының жеткіліксіз пайдаланылуы және т.с.с. – көбінесе отандық ауыл шаруашылығының мәселелері деп атайды. Іс жүзінде, олар қосымша мәселелер. Олар бастапқы мәселелерден туындайды. Бірінші кезекте, қазіргі кезеңде инфрақұрылым жүйесінің, сервистік қызмет көрсету жүйесінің дамымауы мәселесі анағұрлым маңызды.

Мақалада елдің ауыл шаруашылығындағы ахуалды талдау негізінде оның нарықтық инфрақұрылымын – көрсетілетін қызметтер саласын қалыптастыру бойынша ұсыныстар беруге ұмтылыс жасалған.

Заманауи қызмет көрсету саласын құру ғана агротехнологияларды сақтау мәселесін шешуге, тауар өндірушілердің өнімділігі жоғары сұрыптар мен тұқымдарды пайдалануға мүдделілігін арттыруға, техниканы жаңарту үдерісін жеделдетуге және т.с.с. мүмкіндік береді.

Жалпы мәліметтер

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында жалпы агроөнеркәсіптік кешенді, оның ішінде ауыл шаруашылығын дамытуға ерекше көңіл аударады. Ел экономикасын дамытудың қозғаушы күші ретінде АӨК-ді қалыптастыру бойынша стратегиялық міндет қойылған.

Өз Жолдауында Президент «...агроөнеркәсіптік кешеннің әлеуетін толықтай іске асыру ...» қажеттілігі туралы қайталап айтты. Бұл ретте ол 2022 жылға қарай еңбек өнімділігін және қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімінің экспорт көлемдерін 2,5 есе ұлғайту бойынша міндеттер қояды.

Терминдерді нақтылау үшін «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «агроөнеркәсіптік кешен» термині анықталған. Бұл анықтамаға сәйкес АӨК үш саланың жиынтығын білдіреді:

- үш элементті – ауыл шаруашылығын, өсімдік шаруашылығын,

қызмет көрсету саласын қамтитын және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен тікелей айналысатын ауыл шаруашылығы;

- ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушіден тұтынушыға жеткізу бойынша салалар (өңдеу, сақтау, көлік, сауда);

- ауыл шаруашылығы үшін құралдарды шығарумен айналысатын салалар – машина жасау, химия және т.с.с.

Яғни, АӨК ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен, оны тұтынушыға жеткізумен және ауыл шаруашылығы өнімдерін онсыз өндіру мүмкін еместің бәрін өндірумен айналысатын салалардың жиынтығы болып табылады.

Шын мәнінде, ауыл шаруашылығына Қазақстан өмірінде үнемі дәстүрлі түрде алдыңғы орын беріледі. Кеңес дәуірінің соңғы жылдары, өткен ғасырдың 90-шы жылдарының басында оның үлесі елдің ішкі жалпы өнімінің 30% -на дейін болған еді. Соңғы жылдары бұл көрсеткіш шамамен 4-5% құрайды. Бұны ауыл шаруашылығындағы жағдайдың нашарлағанын білдіреді деп түсіну дұрыс емес. Керісінше, халықаралық тәжірибе экономика қаншалықты дамыған болса, өнеркәсіп үлесі, оның ішінде өндіруші өнеркәсіп үлесінің соншалықты жоғары болатынын, қызмет көрсету саласының қаншалықты жоғары болуына қарай, елдің жиынтық ЖІӨ-де аграрлық сектор үлесі соншалықты азаятынын көрсетеді.

Ауыл шаруашылығындағы ахуалды және оның даму үрдістерін түсіну үшін оны экономиканың қалған салаларынан ажырататын үш ерекшелігін атап көрсетуге болады:

- 1) табиғи-климаттық жағдайларға жоғары деңгейдегі тәуелділік;
- 2) өндірістің маусымдық сипаты;
- 3) әлеуметтік фактор ықпалының жоғары деңгейі.

Соңғы ерекшелігін кіші екі фактордың жиынтығы ретінде де қарастыруға болады.

Бірінші жағынан, экономикалық қызметтің кез келген субъектісінің түпкілікті мақсаты өнім көлемін өндіруден және оның құнынан табыс алу болып табылады. Негізгі ауыл шаруашылығы өнімдері азық-түлік тауарлары немесе олардың өндірісі және халық тұтынатын тауарлар (киім, аяқ киім және т.б.) өндірісі үшін қажетті шикізат болып табылатындықтан, ауыл шаруашылығы өнімдерінің құны қатаң мемлекеттік реттеуге алынған.

Екінші жағынан, ауыл шаруашылығы – онымен айналысатын

адамдар үшін өмір сүру салты болып табылады. Бұл тұрғыда ауыл шаруашылығы әлеуметтік-экономикалық сала болуымен қатар, экономика саласы болып табылады.

Тәуелсіздік жылдарындағы даму кезеңдері

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанның ауыл шаруашылығы едәуір өзгерістерге ұшырады. Соңғы 27 жыл бойына дамудың бес кезеңін атап көрсетуге болады.

Біріншісі – өтпелі кезең. 1992 жылдың қаңтарында біздің республикамыз жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға өтті. Елдегі инфляция деңгейі жылына 2-3 мың пайызға жетті. 1992 жылдың қаңтарында барлық тауарлар бағасын еркін айналымға жіберген соң мемлекет ауыл шаруашылығы өнімінің бағасын қатаң бақылауды жалғастырды. Азық-түлік алдыңғы қатарлы қажеттілік болып табылатындықтан бұның дұрыстығына көз жеткізілді. Ауыл шаруашылығы және ауыл барлық экономикаға және елдің қала тұрғындарына тағы бір мәрте қолдау көрсетті. Ауыл шаруашылығы өніміне және ауыл шаруашылығы өндірісінде өнеркәсіп өніміне баға диспаритеті сақталып қана қоймай, олардың кейбір түрлері бойынша ұлғая түсуде. Статистика деректері бойынша, 1992 жылдың қаңтарынан бастап 2002 жылдың қаңтарына дейінгі соңғы 10 жылда өнеркәсіптік өндіріске баға азық түлік бағасының өсімінен он есе артқан. Жағдай одан кейінгі уақытта да өзгермеді. Мысалы, егер 1995 жылы АИ-92 бензинінің 1 литрінің бағасы мен 1 бөлкенан бағасы шамалас 15-17 теңге болса, ал 2018 жылы бензин құнынан құнынан 2 есе артты. Тек ағымдағы жылдың тамыз айында ғана дизельдік отын құны 25%-ға өсті. Бұл кезеңге 1992-1995 жылдарды жатқызуға болады. Салада қатаң әкімшілікті басқару элементі бар совхоздар мен колхоздар жұмысын жалғастырды, бұл ретте барлық қалған аралас салалар нарықтық қатынасқа көшті.

Екінші кезең, 1996-1998 жылдар саладағы жаппай жекешелендірумен сипатталады. Дәл осы жылдары жануарлар мен құстардың, егіс алаңдарының және өнім өндірісінің ең төмен көрсеткіштері анықталды. Мысалы, 1991 жылмен салыстырғанда ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы егіс алаңы 2,3 есеге, оның ішінде жем-шөп дақылдарының алаңы – 5 есеге дерлік азайды, дақылдардың жалпы өнімі – 3-10 есеге, жануарлар мен құс басы 2-4 есеге, мал шаруашылығы өнімдерінің өндірісі – 2-5 есеге азайды. Жаңадан құрылған жеке кәсіпорындарда едәуір қарыз жиналып

үлгерді, ал оларды жақсарту үшін 1998 жылы Үкімет қаулысымен АШТӨ-н банкроттау жүргізілді.

Үшінші кезең, 1999-2002 жылдар. Саладағы жағдайдың тұрақтануы. Осы кезеңде саланың негізгі Заңдары қабылданды, қазіргі «ҚазАгро» холдингінің құрамына кіретін барлық даму институттарын құру үшін негіз қалыптастырылды.

Төртінші кезең, 2002-2010 жылдар. Алғашқы мемлекеттік бағдарламалардың - Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасының және Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуы. Бұл кезең мемлекеттік қолдаудың ауқымды шараларының басталуымен, саланы бюджеттік қаржыландыру көлемдерінің ұлғаюымен сипатталады. ЖАШ бюджеті 1999 жылғы 4 млрд. теңгеден 2003 жылғы 40 млрд. теңгеге дейін артты. Бұл шаралар 2010 жылға қарай өнімнің негізгі түрлері бойынша өндіріс көлемдерін елдің өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейіне дейін ұлғайтуға септігін тигізді.

Бесінші кезең, 2011 жылдан бастап, қазіргі уақытқа дейін. БСҰ-на енуге дайындық ауыл шаруашылығын субсидиялау көлемдерін жылына 300 млрд. теңге және одан да астам көлемге дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді.

Осы атап көрсетілгендерге сүйене отырып, салада оң өзгерістер орын алуда деп айтуға болады. Бұл туралы айтпауға болмайды. Дегенмен мәселелер әлі де көп. Ең басты мәселе – бұл ауыл шаруашылығына қызмет көрсету саласының және оның инфрақұрылымының дамымауы.

Бұл мәселені ашу үшін ауыл шаруашылығының негізгі көрсеткіштеріне талдау жасау керек.

Ауыл шаруашылығының қазіргі жағдайы

2018 жылғы 1 қаңтардағы күйі бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша елде ауыл шаруашылығы өндірісімен:

- заңды тұлғалар және олардың бөлімшелері (ЗТ) – 15 770 бірлік;
 - шаруа немесе фермерлік шаруашылықтар (ШФШ) – 194 828 бірлік;
 - жеке қосалқы шаруашылықтар (ЖҚШ) – 1 645 739 бірлік
- айналысады.

Барлық ШФШ-ның ішінен ауыл шаруашылығы мақсатында

қолданылатын қора жерлері бар үлесі шамамен 80% екенін айта кеткен жөн. Бұл ретте шамамен 90% ШФШ-ның 500 га-ға дейінгі жерлері болса, жыртылған алаң 65%-да болған. Бұның ішінде 92% ШФШ-ның жыртылған жер алаңы 200 га-дан аспайды.

Жалпы 21 839,9 мың га егіс алаңынан ЗТ үлесіне 13 117,9 мың га немесе 60% тиесілі, ШФШ үлесіне – 8 520,5 мың га немесе 39%, ЖҚШ үлесіне – 201,5 мың га немесе 1% тиесілі.

Бұл ретте 15 405,4 мың га дәнді дақылдар егісінен ЗТ үлесіне - 10 063,0 мың га немесе 65,3%, ШФШ үлесіне – 5 335,9 мың га немесе 34,6%, ЖҚШ үлесіне – 6,5 мың га немесе 0,04% тиесілі. Май дақылдары бойынша да көрініс осындай: 2 035,7 мың га алаңынан ЗТ үлесіне 1 142,1 мың га немесе 56,1%, ШФШ үлесіне – 892,9 мың га немесе 43,8%, ЖҚШ үлесіне – 0,6 мың га немесе 0,04% тиесілі.

Сонымен қатар, картоптың жалпы алаңынан 183,4 мың га ЗТ үлесіне - 14,3 мың га немесе 7,8%, ШФШ үлесіне – 62,1 мың га немесе 33,9%, ЖҚШ үлесіне – 106,9 мың га немесе 58,3% тиесілі. Сонымен қатар, көкөністер және жидектік дақылдар алаңдары бойынша ЖҚШ басымдықта олардың үлесіне, сәйкесінше 43,2% және 78,6%-дан тиесілі.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің топтар бойынша жыртылған жер алаңдарының ҚҰРЫЛЫМЫ

	мың га			
	Барлығы	Заңды тұлғалар	ШФШ	ЖҚШ
Жыртылған жер, барлығы	21 839,9	13 117,9	8 520,5	201,5
о.і. дәнді дақылдар	15 405,4	10 063,0	5 335,9	6,4
о.і. бидай	11 976,6	8 167,6	3 808,9	0
Майлы дақылдар	2 478,9	1 428,0	1 050,3	0,5
Картоп	183,4	14,3	62,1	106,9
Қант қызылшасы	17,4	3,6	13,9	0
Жемшөп дақылдары	3 382,3	1 581,6	1 784,8	15,8
Мақта	135,5	7,5	128,0	0
Көкөніс	142,9	8,0	73,2	61,7
Бақша дақылдары	93,8	11,9	71,9	10,0
Жүзім	14,7	5,5	7,3	1,9
Жеміс дақылдары	42,3	8,9	21,1	12,4
Жидектік дақылдар	2,8	0,2	0,4	2,2

Мал шаруашылығында ЗТ үлесіне барлығы 27,2% және құс бойынша 72% бас тиесілі. Бұл ретте ЗТ 4,5% қой мен ешкі және 9,8% ІҚМ болды. ЖҚШ үлесіне барлық түрлер бойынша 50% -дан 60%-ға дейін тиесілі және тек құсқа 26,8% тиесілі.

Өндірушілер топтары бойынша ауыл шаруашылығы жануарлары санының ҚҰРЫЛЫМЫ

	Барлығы	Заңды тұлғалар	ШФШ	ЖҚШ
ІҚМ	6 764,2	662,9	2 224,1	3 877,2
Қой және ешкі	18 323,0	835,1	6 731,4	10 762,5
Жылқы	2 415,7	146,8	1 054,0	1 214,9
Шошқа	815,1	221,1	110,5	483,6
Құс	39 913,5	28 732,7	478,5	10 702,3
Түйе	193,1	13,6	77,3	102,3

Ауыл шаруашылығы активтерінің осылай бөлінуі саланың жалпы өнім құрылымынан да көрініс тапты.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің жалпы көлемі (бұдан әрі – АШЖӨ) 2017 жылы 4 092 333,0 млн. теңге, оның ішінде өсімдік шаруашылығында – 2 249 166,9 млн. теңге немесе 55%, мал шаруашылығында – 1 810 914,1 млн. теңге немесе 44,3%, қызмет көрсету саласында – 10 835,8 млн. теңге немесе 0,3% құраған.

Бұл ретте АШЖӨ жалпы көлемінде ЗТ үлесіне 996 823,4 млн. теңге немесе 24,4%, ШФШ үлесіне – 1 152 498,7 млн. теңге немесе 28,2%, ал ЖҚШ үлесіне – 1 943 010,8 млн. теңге немесе 47,4% тиесілі болды.

Егер өсімдік шаруашылығында жалпы өнімнің көлемінде үлестердің таралуы ЗІ (704 562,6 млн. теңге немесе 31,3%), ШФШ (844 292,0 млн. теңге немесе 37,5%) және ЖҚШ (700 312,3 млн. теңге немесе 31,1%) арасында бірдей дерлік болса, мал шаруашылығында ЖҚШ үлесіне 1 242 698,5 млн. теңге немесе 68,6%, ШФШ үлесіне – 260 008,9 млн. теңге немесе 14,4%, ал заңды тұлғалар үлесіне – 308 206,7 млн. теңге немесе 17% тиесілі.

Өсімдік шаруашылығында 2 047,6 млрд. теңге болатын жалпы көлемнен ЗТ үлесіне 628,3 млрд. теңге немесе 30,7%,

ШФШ үлесіне – 796,5 млрд. теңге немесе 38,9%, ЖҚШ үлесіне – 622,8 млрд. теңге немесе 30,4% тиесілі болды.

Бұдан төмендегідей қорытынды жасауға болады:

1) шамамен 85% ШФШ – бұл өзінің өндірістік қуаты бойынша ЖҚШ – нан көп ерекшеленбейтін ұсақ шаруашылықтар;

2) ЖҚШ және ұсақ ШФШ үлесіне ет, сүт, көкөніс, жеміс және бақша дақылдары өндірісінің шамамен 80-95% тиесілі.

Ұсақ тауарлы өндірістің басым етуіне байланысты дәл осы жағдайды мамандар мен ғалымдар Қазақстан ауыл шаруашылығының басты мәселесі деп атайды және осыған сәйкес мемлекеттік реттеу шаралары анықталады. Бұл ретте мемлекеттік қолдаудың барлық тетіктері ірі өндірісті ынталандыру үшін қалыптастырылған, ал ұсақ ШФШ-ның көп бөлігінде не арзандатылған несиелерге, не субсидияларға және басқа да қаржылық емес қолдау шараларына қолжетімділігі жоқ.

Нәтижесінде, 210 мыңнан астам ұйымдасқан ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің, атап айтқанда 15,6 мың заңды тұлғалардың және шамамен 194,8 мың ШФШ-ның ішінде арзандатылған несиелер мен субсидияларды 5 мыңнан астам немесе 2,4%-дан кем үлесі алады. Ал шамамен ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемінен 1,7 млн ЖҚШ әлеуетті мемлекеттік қолдау алушылардың қатарынан шығып қалады.

Ауыл шаруашылығы мәселелері

Шын мәнінде, қазіргі уақытта ауыл шаруашылығының негізгі мәселесі қызметтер саласының тым төмен үлестілігіне байланысты сала құрылымындағы ауытқу болып табылады. Жоғарыда оның ауыл шаруашылығының жиынтық жалпы өніміндегі үлесін сипаттайтын көрсеткіш ұсынылды. Ол 2017 жылғы қорытынды бойынша 0,3%-дан кем құраған. Бұл абсолюттік мәнінде 1,5 есе дерлік – 2016 жылғы 15,3 млрд. теңгеден 2017 жылғы 10,8 млрд. теңгеге дейін азайған. Қызметтер үлесінің төмен көрсеткіші ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер іс жүзінде табиғи шаруашылық жүргізетінін білдіреді.

Инфрақұрылымның дамымауы ауыл шаруашылығы ірі жүйелі мәселемен көрініс алады:

- **біріншіден**, ауыл шаруашылығы өнімін өткізу жүйесінің жетілмеуі. Ауыл шаруашылығы өнімдерді өзін-өзі қамтамасыз ететіндей көлемдерде өндіруіне қарамастан, әсіресе, азық-түліктің

өңделген түрлері бойынша импорт үлесі – 40%-дан 80%-ға дейінгі жеткілікті жоғары деңгейін сақтап отыр. Ауыл шаруашылығы өндірушілерінде жасалған өнімді дайындау, бастапқы өңдеу, сақтау, тауарлық топтамаларды қалыптастыру, қаптамалау және сауда желісі мен өңдеуші кәсіпорындарға күнделікті жеткізуді қамтамасыз ету жүйесі жоқ. Бұнымен қоса, бұл жүйе ауыл шаруашылығы өнімін талаптар анағұрлым қатаң қойылатын сыртқы нарықтар түгіл ел ішінде жеткізу аясында да әрекет ете алмайды;

- **екіншіден**, ауыл шаруашылығы өндірісіне сервистік қызмет көрсету - ветеринария, агрохимия, фитосанитария, мелиорация, жем-шөппен қамтамасыз ету, материалдық-техникалық жабдықтау және т.б. бойынша аса әлсіз деңгей. Өткен ғасырдың 60-шы жылдарында КСРО-да тұтас құрылымдар жасалды, олардың ішіндегі анағұрлым танымалдарының қатарында Ауылшартехника мемкомитеті (материалдық - техникалық жабдықтау және техниканы жөндеу), Ауыл шаруашылығы химиясы (химикаттар жеткізу және өсімдіктерді қорғау бойынша іс-шаралар жүргізу) болды. Дегенмен сол кездегі совхоздар мен колхоздар кадрлар мен техникалармен қамтамасыз етілуі бойынша біртұтас агрокомбинаттар ретінде болатын;

- **үшіншіден**, тауар өндірушілердің көпшілігі үшін қаржы құралдарының, ең алдымен несиелер мен субсидиялардың қолжетімсіздігі. Бүгінде 98% тауар өндірушілер арзандатылған несиелер мен субсидияларды пайдаланбайды. Банк несиелері банктердің көптеген аудандық орталықтарда бөлімшелердің болмауына және жоғары пайыздық мөлшерлемелерге байланысты экономикалық тұрғыда қолжетімсіз болып отыр;

- **төртіншіден**, тауар өндірушілерді жаңа тұқымдар, сұрыптар, технологиялар, мемлекеттік қолдау шаралары, заңнамадағы және заң актілеріндегі, сондай-ақ нарықтар маркетингіндегі өзгерістер туралы ақпараттандыру жүйесінің жеткілікті дамымауы.

Бұл мәселелерді шешпестен, экспорттық нарықтарға шығу туралы, сәйкесінше, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді елеулі көлемде ұлғайту туралы айту мүмкін емес.

Ауыл шаруашылығы өндірісін еселеп ұлғайтусыз ауыл халқы үшін маңызды болып табылатын жұмыссыздыққа байланысты әлеуметтік мәселені шешу мүмкін емес. 2,5 - 3,5 млн. шамасындағы ауыл тұрғындарының тұрақты жұмысы жоқ. Нәтижесінде, ауыл халқының табыс деңгейі қалалықтар табысынан еселеп аз болады.

Мәселелерді шешу жолдары

Ауылдағы әлеуметтік мәселелерді және ауыл шаруашылығындағы өндірістік мәселелерді шешу үшін ауыл шаруашылығы өндірісінің құрылымын түпкілікті өзгерту, ауыл шаруашылығының жалпы өніміндегі қызметтер көрсету саласының үлесін ұлғайту керек.

Сол үшін:

Біріншіден, өнімді өткізу жүйесін құру қажет. Егер бұрын КСРО кезінде ол директивтік әдіспен жоғарыдан төмен қарай құрылған болса, қазірде нарықтық қағидаттарды пайдалана отырып, оны төменнен жоғары қарай құру қажет. Бұл ретте кооперативтік негізде, тауар өндірушілердің заңды, қаржылық және шаруашылық дербестігін толық сақтау керек. Ауыл деңгейінде кооператив құру қажет, оның алғашқы міндеті өнімді сатып алу, алғашқы өңдеу (сұрыптау, салқындату, сақтау, қаптамалау), одан әрі өткізу болуы тиіс. Аудан деңгейінде аудан әкімдігінің 25%-ға дейінгі аздаған қатысуымен кооперативтер ретінде құрылатын сервистік-дайындау орталығын (СДО) құру қажет. Облыстық орталықтар және басқа да қалалар деңгейінде өңірлік әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияның және аудандық СДО қатысуымен көтерме-тарату орталықтары құрылуы тиіс, ол нарықтарға, дүкендерге, мейрамханаларға және өңдеуші кәсіпорындарға өнімді өткізуді ұйымдастыратын және оны экспорт үшін шекаралас аймақтарда құрылатын сауда-логистикалық орталықтарға жеткізетін болады.

Екіншіден, аудандық және ауылдық буынның осы құрылымдары (СДО және кооперативтер) өндіріске сервистік қызмет көрсетумен— ветеринариялық қызметпен, жемшөп дайындаумен, механикаландырумен, тұқыммен, жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етумен және т.с.с. айналысуы тиіс.

Үшіншіден, субсидия және несие беру жүйелерін қарапайымдату. Бүгінде аграрлық қызметкерлер бұларды пайдалану кезінде шатасады. Субсидиялар санын азайту керек. 2017 жылдың бірінші жартыжылдығында олардың саны 65–тен 54-ке дейін азайды. Қалдырылған 5-6 субсидияны арзандату керек:

1) ««ҚазАгро» холдингі» АҚ даму институттарына - «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ және «Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау» АҚ екінші деңгейлі банктердің сыйақы мөлшерлемелерін;

2) өсімдік шаруашылығы үшін 40%-ға ЖЖМ құнын арзандату. 2018 жылдың тамызында ел дизельдік отын құнының автокөлік-

терге жанар-жағар май құю станцияларында 25%-ға қарқынды өсуіне куә болды. Бүгінде қолданылатын жеткізулер схемасы ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер үшін ұсынылған отынның аздап арзандауының қазіргі кезде мәні жоғалды;

3) мал шаруашылығы және құс шаруашылығы үшін азықты, оның ішінде жемшөпті 40%-ға арзандату, себебі мал шаруашылығы шығындарының құрылымында жемшөп шығындары 70% -ға дейін жетеді;

4) өнімді дайындау, сақтау үшін жабдықты сатып алуға кооперативтер шығындарын 50%-ға инвестициялық субсидиялау;

5) кооперативтер қызметтерінің құнын өз субсидиялау.

Келешекте Аргентина үлгісі бойынша ғалымдардың қатысуымен инновациялық технологияларды енгізу шығындарын субсидиялау.

Субсидиялардың бұл түрлері жылына 300 млрд. теңгеден астам қаржыны қажет етеді, бұл қазіргі қаражат мөлшерінен аспайды.

Мысалы, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің жыл сайынғы кредит көлемі шамамен 750-800 млрд. теңге құрайды. Ауыл шаруашылығы кооперативтерін және ауылда өзін-өзі жұмыспен қамтитындарды несиелеу үшін шамамен 200-250 млрд. теңге қажет етіледі. Яғни несиелердің көлемі жылына шамамен 1 трлн. теңге құрайды. Несиелердің бұндай көлемі, мемлекеттің 100%-дық қатысуымен АҚ атынан несие алушылар мәртебесі, онда білікті мамандардың болуы банктен жылдық мөлшерлемесі шамамен 10% болатын несиелерді алуға мүмкіндік береді. Яғни, банк сыйақысын толық өтеуге субсидиялар сомасы жылына шамамен 100 млрд. теңге құрайды. Бұл ретте субсидиялау рәсімі тауар өндірушілерді субсидия үшін құжат жинаудан босата отырып, банктер мен «ҚазАгро» холдингі» даму институттары арасында жүргізілуі тиіс. Оларға несиелер арзандатылған күйінде жеткізілуі тиіс.

ЖЖМ бойынша да осындай сома қажет етіледі, себебі дизельдік отынға қажеттілік жылына шамамен 800-850 мың тонна немесе 1 млрд. литр құрайды. Дизельдік отынның жанар-жағар май құю станцияларындағы бағасы 200 теңге және осы құнның жартысы субсидияланған жағдайда ЖЖМ-ды субсидиялауға жалпы көлемінде 100 млрд. теңге қажет етіледі. Бұл кезде субсидиялау барлық күнтізбелік жыл ішінде жүргізіледі, тауар өндірушілердің ЖҚС-на ЖЖМ-ды нақты алуына және келу тәртібінде: май құйдыру – ақша төлеу – аудандық әкімдікке ЖЖМ талонын тапсыру – субсидия алу тәртібінде жүргізіледі.

Жемшөпті арзандату үшін 75 млрд. теңгеден аспайтын сома қажет етіледі. Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығында 1,2 млн. тонна жемшөп тұтынылады. 1 тонна құны 120 мың теңге болғанда, жалпы құны 144 млрд. теңге құрайды. Құның 40%-н субсидиялау кезінде субсидияларға қажеттілік шамамен 60 млрд. теңгеден аз құрайды. Олардың құны 1 тонна үшін 1-1,5 млн. теңгеге жететіндіктен, қалған 15 млрд. теңгені көп жылдық жемшөп дақылдарының тұқымдарын субсидиялауға жіберуге болады.

Несиелеу кезінде кредиттік серіктестер (КС) арқылы несиелеудің отандық тәжірибесін пайдалану керек. Қазіргі уақытта шамамен 180 НС аграрлық қызметкерлерді несиелеумен айналысады. аграрлық қызметкерлердің, сарапшылардың, депутаттардың пікірлеріне сүйенсек, КС – бұл несиелердің қолжетімділігін қамтамасыз ету жолындағы ең тиімді құрал. Тауар өндірушілердің өздері жұмыс жасап тұрған КС-не кіру немесе жаңаларын құру үшін ынталандырылуы тиіс.

«Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер туралы» және «Кредиттік серіктестіктер туралы» ҚР Заңдары түріндегі заңнамалық база бар. Несиелеу қағидалары бар. 18 жыл бойына қалыптасқан жинақталған тәжірибе де бар.

«Аграрлық кредиттік корпорация» конкурстық негізде банктерді іріктейді, олардан несиелер алады, толықтай субсидия есебінен банктер сыйақысын төлейді, яғни ол үшін кредит жылына 0%-ға шығады, одан әрі КС жылдық 1% мөлшерлемесімен ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге негізгі құралдарды сатып алу мақсатында және 2%-бен айналымдық қаражатты толықтыру мақсатында несиеле береді. Өз кезегінде, КС өзінің қатысушыларын негізгі құралдарға 4%-бен және айналымдық қаражатқа 6%-бен несиелейді. Сонымен қатар, кредиттерді кепілзаттық қамтамасыз етуді барынша жеңілдету керек. Негізгі кепіл жер және КС-нің ортақ жауапкершілігі болуы тиіс.

Төртіншіден, ауылдықтарды ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін сапалы жаңа деңгейге жеткізу қажет. Бұл үшін экстеншн - білімді тарату жүйесін дамыту қажет. Экстеншн үздіксіз, әрбір фермер үшін 5-6 семинардан болуы тиіс.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына соңғы Жолдауында 2022 жылға қарай еңбек өнімділігін және қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімінің экспорт көлемдерін 2,5 есе ұлғайту бойынша міндеттер қоя отырып, осы көрсеткіштерге төмендегілер арқылы қол жеткізу жолдарын анықтады:

1) елімізге заманауи агротехнологияларды ауқымды түрде тарту;
 2) икемді әрі ыңғайлы стандарттарды енгізу және ауыл шаруашылығы саласындағы беделді шетелдік мамандарды – «ақылды адамдарды» тарту арқылы саланы басқарудың үздік тәжірибесін пайдалану;

3) ауыл кәсіпкерлеріне шаруашылық жүргізудің жаңа дағдыларын үйрету үшін жаппай оқыту жүйесін қалыптастыру.

«Экстеншн» білім тарату жүйесінде жаңа технологияларға үйрету үшін семинарлар жүргізумен қоса, жаңа тұқымдармен және сорттармен жұмыс жасау тәсілдерін, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге нүктелі, мекенжайлық кеңес беру жүйесін ұйымдастыруды, «Егіс күндерін» өткізу арқылы «фермерден фермерге» білім беру жүйесін, сондай-ақ мемлекеттік саясатты, заңнамадағы, ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеу, оның ішінде мемлекеттік қолдау шараларындағы жанартуларды насихаттау, ауыл тұрғындарын маркетингтік ақпаратпен қамтамасыз ету қамтылуы тиіс.

Ауыл шаруашылығының көрсетілген мәселелері, сәйкесінше, оларды шешу жолдары барлық ірі, орташа, ұсақ ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері үшін де ортақ екенін ескеру қажет.

Қауымдасу – ауыл мәселелерін шешудің негізгі құралы ретінде.

Халықаралық тәжірибе

Мәселелерді шешудің негізгі құралы қауымдасу болып табылады.

2017 жылғы өз Жолдауында Елбасы Үкіметке және әкімдерге «...бес жыл ішінде 500 мыңнан астам жеке үй шаруашылықтары мен шағын фермерлерді кооперативтерге тартуға мүмкіндік беретін жағдай жасау керек ...» деген тапсырма берді.

Үкіметтің кеңейтілген отырысында 2016 жылы ол ауылдық өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды микронесиелеуді кеңейту қажеттілігі туралы «...ауылда ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу мен қайта өңдеуді қамтамасыз ететін кооперативтерді ұйымдастыру бойынша шаралар қабылдау керек...» деген тапсырма берді.

Кооперацияны дамыту меншікті жариялаудың жаһандық әлемдік үрдісінің көрінісі болып табылады. Дамыған елдерде ауыл шаруашылығы кооперациясының біртұтас ұлттық экономикаларды дамытудағы маңызы зор. Кооператив – ауыл шаруашылығында

кәсіпкерлік қызмет жүргізудің әлемде кең тараған нысандарының бірі. Халықаралық кооперативтік альянс құрамына әлемнің 70 елінен 170 ұлттық одақтар кіреді.

Солтүстік Еуропа елдерінің (Швеция, Дания, Норвегия, Финляндия) өзіндік ерекшелігіне ауыл шаруашылығындағы интеграциялық байланыстарды қалыптастыруға кооперативтердің басымдықпен қатысуы және тиісті кәсіпорындардың өзіндік желісі арқылы ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеудегі, өткізудегі және тауар өндірушілерге өндірістік қызмет көрсетудегі олардың маңызды рөлі жатқызылады.

Сонымен қатар салықтық жеңілдіктер, субсидиялар, жеңілдікті несиелер, ауыл шаруашылығы өнімін экспорттауға, экспорты субсидиялауға монополиялық құқық ұсыну сияқты кооперативтерді мемлекеттік қолдаудың жоғары деңгейде екенін көруге болады.

Дәл осы кооперативтер жүйесі арқылы шамамен 80% ауыл шаруашылығы өнімдері өткізіледі және ауыл шаруашылығы үшін негізгі қаражаттың жартысынан астам жеткізілімдері қамтамасыз етіледі.

Бұл елдерде барлық дерлік тауар өндірушілер кооперативтерге қатысады. Мысалы, Швеция кооперативтеріне 2,2 млн.—нан астам адам қатысады, бұл ретте ауылдарда шамамен 1,5 млн. адам тұрады.

Кооперативтер өз құрамында дүкендерден бастап, май құю станцияларына дейін болатын қоғамдарға біріктіріледі. Сонымен қатар, Швецияда Сүт фермаларының одағы, Мал соятындар одағы, Жабдықтау-өткізу бірлестіктерінің одағы сияқты Фермерлердің Ұлттық бірыңғай одағына біріктірілген ірі салалық бірлестіктер — кооперативтік одақтар болады.

Анағұрлым көбірек дамығандары өткізу және қайта өңдеу кооперативтері болып табылады.

Швецияның кооперативтік қозғалысының қалыптасуы нарықтың негізгі үлесін жаулап алған әлемге әйгілі ICEA сауда тобымен қатаң бәсекелестік күреспен жүрді. Бүгінде тұтынушылар кооперациясы Швецияның ең үздік сауда компанияларының ондығына кіреді.

Данияның ауыл шаруашылығында оның ішінде несие беру, жабдықтау, лизинг және ауыл шаруашылығы техникасына, өнімдер өндірісіне қызмет көрсету, оны сатып алу, қайта өңдеу және экспортпен қоса өткізу бойынша шамамен 300 кооперативтік қоғам,

одақтар және кәсіпорындар бар. Кооперативтер арқылы өндіріс құралдарының шамамен 50%-н жеткізу, өнімнің 75%-дан астамын қайта өңдеу және сату қамтамасыз етіледі. Бұның бәрі Данияға әлемде жан басына шаққандағы тамақ өнімдерінің өндірісі бойынша алғашқы орынға шығуға мүмкіндік берді.

Германияда кооперация жүйесі үш деңгейдегі кооперативтермен ұсынылған:

- жергілікті деңгейде өндірістік, қызмет көрсетуші және несиелік кооперативтер бар;
- өңірлік қызмет көрсетуші кооперативтер жергілікті кооперативтерді біріктіреді;
- федералдық деңгейде өңірлік кооперативтер тиісті бірлестіктерді құрған.

Кооперативтердің өңірлік және федералдық бірлестіктері бастапқы кооперативтерге келесі қызметтерді көрсетеді:

- жаңа, оның ішінде халықаралық нарықтарды ашу;
- ақпараттық-маркетингтік қызмет көрсету;
- кеңес беру және оқыту.

Кооперативтердің қызметкерлерін оқыту және біліктіліктерін арттыру үшін өңірлік деңгейдегі білім беру мекемелері бар. Бас федералдық институт Неміс Кооперативтерінің Академиясы (ADG) болып табылады.

Сонымен қатар, мысалы, кооперативтерге заманауи компьютерлік техниканы және ақпаратты өңдеу қызметтерін ұсынушы бірнеше қатар мамандандырылған кооперативтік орталықтар болады.

Федералдық деңгейде кооперативтердің төрт бірлестіктері бар, олардың әрқайсысы өз құзыретіндегі мәселелер шеңберімен айналысады:

- алғашқысы салық саясаты саласында өз мүшелерінің мүдделерін қорғайды, тексеру, құқық, білім беру, кәсіпорынды ұйымдастыру және деректерді өңдеу мәселесі бойынша кеңес береді, Халық Банктерінің және Райффайзен банктерінің мүшелеріне олардың салымдарының толықтай қауіпсіздігін қатамасыз ететін «кепілдік мекемелерді» басқаруды жүзеге асырады;

- екіншісі – несиелік кооперативтермен айналысады;
- үшіншісі – ауылдық өндірістік және қызмет көрсету кооперативтеріне қызмет көрсетеді;
- төртіншісі – өңірлік қызмет көрсету кооперативтеріне қызмет көрсетеді.

Бұл бірлестіктер қоғамдық пікірді қалыптастыруға белсенділікпен қатысады және кооперативтердің халықаралық және мемлекеттік органдардағы мүдделерін қорғайды. Сонымен қатар, алты аудиторлық одақтар да жұмыс жасайды.

Германиядағы кооперативтік қозғалыстың негізгі беталысы кооперативтерді ірілендіру болып табылады. Соңғы 60 жылда барлық кооперативтердің саны 3,5 есеге – 7 мыңға дейін, несиелік кооперативтер саны – 6 есеге, 2,2 мыңға дейін азайды. Бұл ретте олардың мүшелерінің саны төрт есе артып, 15 миллион дерлік адамға жетті.

Германияның кооперативтері сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеумен және өткізумен, экспортымен айналысатын мүшелерін өндіріс құралдарымен қамтамасыз етеді. Бұл ретте кооперативтер үлесіне неміс тауар өндірушілерінің барлық сатып алулары мен сатылымдарының жартысынан астамы тиесілі.

Кооперативтердегі жұмыс қызметтерімен және кеңес берулермен толықтырылады:

- техниканы жөндеу;
- өндіріс жөнінде, мысалы өсімдіктерді қорғау және жануарларды тамақтандыру мәселелері бойынша кеңес беру;
- топырақ талдауларын жүргізу және т.б.

Кооперативтер тамақ өнеркәсібінің, сауданың маңызды серіктестеріне айналған және бүгінгі күні оның кез келген уақытта кез келген өнім көлемін тиісті сапада жеткізу мүмкіндігі бар. Бұл үшін ол ауыл шаруашылығы өнімін жинауды, сақтауды, қайта өңдеуді ұйымдастырады, сапа бақылауын тұрақты түрде жүргізеді және өз өнімінің мінсіз шығу тегіне кепілдік береді.

Германияның кооперативтік қозғалысында ерекше орын шамамен 30 млн. клиенттері бар несиелік кооперативтерге беріледі. Кредиттік кооперативтер мүшелерінің қатарында шамамен 75% кәсіпкерлер, 80% фермерлер және 60% қолөнершілер бар.

Ресейдің несиелік кооперативтері екі Федералдық заң негізінде әрекет етеді:

- 1995 жылғы «Ауыл шаруашылығының кооперациясы туралы»;
- 2001 жылғы «Азаматтардың несиелік тұтынушы кооперативтері туралы».

Бұл заңдар кредиттік кооперативтерді оның мүшелерінің төмендегідей екі негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін коммерциялық ерікті бірлестіктер болып табылады деп анықтайды:

- қаржы ресурстарының уақытша жеткіліксіздігі;
- уақытша бос қаражаттарды сақтау.

Бұл ретте кооператив пайдасыз негізде өз мүшелеріне ғана қызметтер көрсетеді және бұны мүшелері үшін уақытты және күштерді барынша әкелетіндей етіп жүргізеді.

Кооперативтің қызмет түрлеріне мыналар кіреді:

- мүшелердің салымдарын қабылдау және сақтау;
- өндірістік мақсатта қарыздар беру;
- уақытша бос ақшалай қаражатты банктерге депозитке немесе бағалы қағаздарға салу;
- үлескерлерге үшінші тұлғалармен өзара есеп айырысулар бойынша қызметтер көрсету;
- мүшелерге кеңес беру, ақпараттық және басқа да қызметтер ұсыну.

Несиелік кооператив мүшелері ерікті негізде 16 жасқа толған заңды және жеке тұлғалар бола алады.

Кооперативтер тұтыну тауарларын сатып алу және тиісті қызметтерге төлем жасау үшін жеке тұлғаларға тұтынушы несиелерін бере алады. Несиенің бұндай түрін көбіне Ресейдің ауыл тұрғындарының ЖҚШ алады.

Несиелік тәуекелді азайту мақсатында қарызды кез келген мүлікті кепілдікке қойып алуға болады. Несиелерді қамтамасыз етудің негізгі түрі кооператив мүшелерінің ортақ жауапкершілігі болып табылады.

Қазақстанда кооперациялаудың негізгі бағыттары

Халықаралық және отандық тәжірибені ескере отырып, АӨК-ді дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында кооперация ауылдық тауар өндірушілердің, оның ішінде ЖҚШ-да өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың мәселелерін шешу жолдары ретінде ұсынылды.

Жоғарыда көрсетілген ауыл шаруашылығының мәселелері, сәйкесінше, оларды шешу жолдары көлемдеріне қарамастан, барлық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер үшін бірдей болғандықтан, оларды шешу тетігі – кооперацияның – бәрі үшін де мүмкіндігі бар.

Ауыл шаруашылығы өндірісінде кооперацияны жылжыту үшін алғашқы кезеңде ұсақ ауылдық тауар өндірушілерді – оның ішінде жеке қосалқы шаруашылықтар үшін қолайлы болып табылады. Бұл осылармен байланысты:

Біріншіден, заңды тұлға нысанында ұйымдасқан ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер және ШФШ өздері кәсіпкерлер болып табылады. Сондықтан бірлесіп өндірілген өнімді өткізудегі, сервистік қызметтер көрсетудегі, несие алудағы, ақпараттық қамтамасыз етудегі нақты артықшылықтарға көзі жеткізбесе, олар кооперация құруға ұмтылмайтын болады;

екіншіден, анағұрлым ірі көлемде өнімдер өндіретін ірі тауар өндірушілерді кооперациялар құруға ынталандыру материалдық базаны құру үшін және кооперативтер қызметтеріне төлем жасауға бастапқы субсидиялау үшін мемлекеттік қаражатты көп шығындауды қажет етеді.

Қазақстанда республикалық және облыстық деңгейлерде тауар өндірушілердің өткізу кооперацияларын құруы бойынша жекелеген мысалдар бар. Бірнеше жыл бұрын Елбасының тапсырмасы бойынша «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» АҚ атауымен Бірыңғай астық холдингі құрылды. Бұл астықты экспортқа бірлесіп өткізу бойынша қарапайым серіктестік түрінде құрылған кооператив болды. Қазіргі уақытта Ақмола, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында осы өңірлердің бірнеше ондаған тауар өндірушілерін біріктіретін облыстық деңгейдегі кооперативтер жұмыс жасайды. Осы кооперативтердің басты мақсаты өндірісті қаржыландыру үшін екінші деңгейлі банктердің несиелерін бірлесіп тарту болып табылады. Бұл кооперативтерде оң және теріс тәжірибе жинақталған.

Дегенмен кооперацияны жаппай тарату үшін бұл үлгілер жеткіліксіз. Ауылдық сервистік-өткізу кооперативтерін құру және қызмет ету тетіктерін пысықтау үшін жеке қосалқы шаруашылықтарға (ЖҚШ) біріктіруден бастау керек.

Бүгінде ЖҚШ олардың көпшілік иелері үшін жалғыз табыс көзі болып табылады. Ауылда 1,7 млн. – бірлік ЖҚШ бар. Оларда барлық ауылдық өзін-өзі жұмыспен қамтығандар жұмыс жасайды.

Статистика деректеріне сәйкес, еліміздің ауылдық жерлерінде шамамен 8 млн. адам тұрады, олардың ішінде жартысын немесе шамамен 4 млн. экономикалық белсенді халыққа жатқызуға болады. Олардың ішінде жалданбалы жұмыс жасайтындар барлығы шамамен 450-500 мың адам – бұл мемлекеттік және азаматтық (мұғалімдер, дәрігерлер және т.б.) қызметшілер, АҚ, ЖШС, ӨК, ШФШ жұмыскерлері. Яғни 3,5 млн. – адамды іс жүзінде жұмыссыздар санатына жатқызуға болады. Статистика ауылдық жерлерде

жұмыс жасайтындар саны шамамен 1,2 млн. адам екенін көрсетеді, бұл уақытша және маусымдық жұмыстарды жасайтындармен қоса алынған болуы мүмкін.

Бұл мәселеде шамамен 2,5 – 3,5 млн. ауылдық тұрғындардың Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорында және Міндетті әлеуметтік сақтандыру қорында жинақтарының болмауы маңызды мәселе болып табылады.

Өз шешімін қажет ететін тағы бір мәселе – жалғыз кәсіпорын-жұмыс берушінің жабылуы әлеуметтік шиеленісті туындатқан «Богви» компаниясының және басқаларының мысалында халық табысын сараландыру қажеттілігі. ЖҚШ түріндегі қосымша табыстың болуы ауылдықтар табысының біршама тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, ауылда негізінен ер адамдар ғана жұмыс жасайтындықтан, гендерлік жұмыстылық проблемасы бар.

Қалада 6 млн. адамды орналастыру үшін ауылдан бүгінде ауыл шаруашылығында жұмыс жасамайтын соншама адамды көшіру керек, бұған қалаларда тұрғын үй, мектептер, бала бақшалар, ауруханалар салу және олардың кем дегенде жартысына жұмыс орындарын құру үшін кемінде 50 трлн. теңге қажет етіледі.

Адамдарды жаппай көшіру адамдар ауылдан қалаға дайын жұмыс орнына, дайын үйге және т.б. өз еркімен көшіп келетін кенттенуге емес, біздің қалаларымызды қарқынды кедейленуіне әкеліп соғады.

Мемлекеттік қолдаусыз жалпы өнімнің жартысын шығара отырып, ЖҚШ өткізу жүйесінің, сервистік инфрақұрылымның болмауымен, несиелердің қолжетімсіздігімен және ақпараттық қамтамасыз ету субсидияларының болмауымен байланысты дәл сол мәселелерге кезігеді.

2010 жылдан бастап, «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасы іске асырылуда. Бұл бағдарлама 2017 жылы «Нәтижелі жұмыстылық» бағдарламасына ауыстырылды. Оның негізгі құралдары – кәсіпкерлік негіздерге оқыту және өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдарға өз бизнесін ашуға несие беру.

Дегенмен, бір қарағанда тартымды көрінетін жағдайларға қарамастан (7 жылға дейінгі 6% жылдық мөлшерлемемен несие), ауыл тұрғындары бұл несиелерді келесі себептерге байланысты пайдалана алмайды:

1) Міндетті кепілдің болуы туралы талап, бұл ауылдықтардың тұрғын үй түріндегі жылжымайтын мүлігінің нарықтық құнын ескерсек, қиынға соғады;

2) Жеке кәсіпкер ретінде тіркеу туралы талап. Бұл талапта салық органдарында қосымша есептілік жүргізгісі келмейтін, сондай-ақ салықтық жүктеменің одан әрі ықтимал ұлғаюынан қауіптенетін ауыл халқының менталдылығын ескермейді;

3) несие беретін ұйымдардың жоғары талаптар қоюы;

4) несиелерді «Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры» АҚ өздерінің облыстық бөлімшелері арқылы, ал «Аграрлық несиелік корпорация» АҚ микроқаржылық ұйымдар арқылы береді. Қор бөлімшелері облыс орталықтарында орналасқан, ал микроқаржылық ұйымдар тек ірі қалаларда ғана жұмыс жасайды;

5) бюджет қаражаты есебінен берілетін несиелердің жеткіліксіздігі. Олар жылына тек 10-14 мың адамға ғана жетеді, бұл жағдайда барлық өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды толықтай қамту үшін кемінде 100-150 жыл қажет етіледі.

Тіпті несие алып, өзінің ЖҚШ–да ауыл шаруашылығымен айналыса бастаған жағдайда да, өзін-өзі жұмыспен қамтушының өз өнімін өткізу мүмкіндігі болмайды, бұл несиені қайтарып беруде қиындық туындатады.

Ауылдарда кооперативтер құру және оларға өз үлескерлеріне несиелер беру құзыретін беру, осы мәселелерді шешуге мүмкіндік берер еді.

Кооперацияның көптеген түрлері бар. Мысалы, өндірістік, бұнда кооператив мүшелері өз активтерін – жерін, техникасын, жануарларын, еңбек және қаржы ресурстарын біріктіреді және – бірлесіп күш жұмсай отырып, өндіріспен айналысады. Тұтынушы кооперативтері, бұнда өздерінің дербестігін сақтаған қатысушылар кооперативке технологиялық үдерістің жекелеген элементтерін орындауды, өткізуді, сервистік қызмет көрсетуді, несиелеуді және т.с.с тапсырады. Соңғы түрі қазірде Қазақстан үшін анағұрлым қолайлы болып отыр. Кооперативтер ауыл, аудан, облыс деңгейлерінде құрылады. Тіптен республика деңгейіндегі ірі тауар өндірушілер өнімді өткізу және т.б. мақсаттар үшін кооперативтер құра алады.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды, дәлірек айтсақ, ЖҚШ біріктіру барлық мәселені шешпегенімен, ауыл мен ауыл тұрғындарының көптеген қиындықтарын жеңуге мүмкіндік береді.

Біріншіден, мысалы, кооперативтің төлем көзінен 10% табыс салығын ұстап қалу арқылы қорларға төлемді ұйымдастыру сияқты қорлардағы жинақтармен мәселе шешіледі. Осы салыққа қорға төленетін төлемдерді қосуға болар еді.

Екіншіден, халықты жұмыспен қамту мәселесі шешіледі. Кооперативке кірген кезде ЖҚШ мүшелерін өзін-өзі жұмыспен қамтығандар қатарынан шығарып, оларға үй еңбегімен айналысатындар мәртебесін беруге болады.

Үшіншіден, ауыл тұрғындарының табысы ұлғаяды.

Төртіншіден, ЖҚШ қызметінен алынатын қосымша түсім есебінен халық табысын сараландыру қамтамасыз етіледі.

Бесіншіден, ауыл тұрғындарының өзінің кооперативтің шешім қабылдауына қатыса алуы, өзін-өзі басқару элементтерін қалыптастыра отырып, олардың азаматтық белсенділігін арттырады.

Ауылдық ЖҚШ-н кооперациялауға мемлекеттік қолдау шаралары қажет. Кооперативтерге және олардың мүшелеріне кредит беру және субсидиялау көлемдері барлық ауыл шаруашылығын қолдау көлемінің 10%-н құрайды. Мысалы, өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды бюджеттік несиелеуден бір мезгілде бас тарта отырып, еліміздің 2,3 мың ауылдық округтерінде 2,3 мың кооператив құрылған жағдайда, жылына шамамен 20-25 млрд. теңге бюджеттік қаражат қажет етіледі.

Кооперация негізінде ауыл шаруашылығы өндірісінің нарықтық инфрақұрылымын қалыптастырған кезде ғана экспорттық нарықтарға шығу туралы айтуға болады.

Мысалы, сиыр етінің экспортын қамтамасыз ету үшін оны дайындау, өткізу, ветеринария, жемшөп базасымен қамтамасыз ету мәселелерін шешу қажет. Егер ірі қара малды өсіру мақсатындағы жемшөп базасы туралы айтар болсақ, 1991 жылы Қазақстанда 11,4 млн га көп жылдық шөптер егілген жайылым болғанын ескеру керек. Бұл алаңда 9,5 млн. бас ІҚМ күтілген. Қосымша жемшөппен қамтамасыз етілген. ІҚМ санын 15 млн басқа жеткізу үшін жемшөп дақылдарының алаңдарын 18-20 млн га-ға дейін жеткізу керек, яғни іс жүзінде екінші тың көтеру туралы айтуға болады.

Қазақстанда 180 млн. га жайылым бар және осының өзі жеткілікті деген пікірлер еш сын көтермейді. Біріншіден, олардың ішінде шамамен үштен бірі немесе 55 млн. га шөлейттер немесе жартылай шөлейттер болып табылады. Ал қалған жердің тозығы жеткен. Екіншіден, біздің жеріміздің табиғи оттылығы ІҚМ ұстауға жарамайды.

Өнімді дайындау мен өткізудің өркениетті жүйесін құру азық-түлік тауарларының импортын ауыстыру проблемасын шешер еді. Азық-түлік импортының көлемі 3 млрд АҚШ долларын құрайтынын ескеруіміз керек. Қазақстан өзі де өндіре алатын – ет және ет өнімдері, сүт және сүт өнімдері, көкөніс-жемістер және т.б. сияқты өнімдерді импорттайды.

Отандық ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасын халықаралық деңгейге дейін жеткізу үшін, ең алдымен, тауар өндірушілерге білім таратумен, олардың біліктілігін арттырумен айналысу қажет. Тауар өндірушілерді, оның ішінде ЖҚШ, бағасы мен сапасы бойынша сұранысқа ие өнімді өндіруді, нарықтарға шығуды үйрету керек.

Сонымен қатар, бұл жерде аграрлық ғылымды күшейту керек. Өнеркәсіптік қайта өңдеу үшін жарамды өнім қажет. Технологиялар қажет. «ҚазАгро» холдингінің жұмысын қайта құру керек.

«ҚазАгро» холдингін өзгерту

Елбасының «ҚазАгро»-ны шағын Холдингке өзгерту туралы тапсырмасын орындау керек. Оның құрылымында үш еншілес ұйымды:

1) «Аграрлық несиелік корпорация» АҚ, «ҚазАгрофинанс» АҚ, «Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры» АҚ біріктіру есебінен қаржы ресурстарының қолжетімділігін қамтамасыз етумен, КС және несиелік кооперативтер желісін дамытумен айналысатын қаржы орталығын;

2) азық-түлік нарықтарын тұрақтандыру және «Азық-түлік корпорациясы» АҚ және «ҚазАгроөнім» АҚ базасында ауыл шаруашылығы өнімін жылжыту бойынша орталықтарды;

3) «ҚазАгромаркетинг» АҚ және «ҚазАгрогарант» базасында АҚ ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз ету орталығын қарастыру қажет.

Қаржы орталығы, оның ішінде КС арасында және КК арасында өзара қысқа мерзімдік несиені беру үшін Орталық КС және Орталық КК құру арқылы КС және кредиттік кооперативтер желісінің тұрақтылығын арттыру мәселелерімен айналысуы тиіс. Бүгінде бір тауар өндірушілердің несиені қайтара алмауы салдарынан барлық КС-дің несиелік желісінің жабылу жағдайлары жиі орын алады және бұдан КС-ке барлық қалған қатысушылар зардап шегеді. Орталық КС құру мәселелік КС-ке қысқа мерзімдік негізде басқа КС-нен қарыз алуға, өз міндеттемелерін орындауға және өз жұмысын үзіліссіз жалғастыруға мүмкіндік берер еді. Бүгінде қажет жағдайда басқаларынан 1-2 күнге қарыз алып, жұмыс жасайтын банктер бар.

Азық-түлік нарықтарын тұрақтандыру орталықтары ауыл шаруашылығын өндірушілер үшін де, тұтынушылар үшін де өнім бағасын тұрақты ұстауға мүмкіндік бере отырып, сатып алу операцияларымен және тауарлық интервенциямен айналысар еді.

Ақпараттық орталық сонымен қатар ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді бақылаумен және қажет жағдайда дәрменсіз субъектілерді банкрот деп тану рәсімдерін дайындаумен айналысар еді. Бұл ретте банкрот деп тану ауыл шаруашылығы өндірісінің ерекше әлеуметтік-экономикалық сипатын ескере отырып, жұмыс орындарын сақтап қалу мақсатында банкроттық өндірістік үдерісті тоқтатпастан, банкротталатын құрылымның шаруашылық тіршілігін сақтай отырып, жүзеге асырылуы тиіс.

Ғылым, білім және өндірісті біріктіру

Қазіргі жағдайларда экономиканың кез келген саласын табысты дамыту ғылыми әзірлемелерді, инновацияларды кеңінен қолдану арқылы ғана мүмкін екені сөзсіз.

«Ақылды технологияларды» аграрийлер үшін қажеттілікке айналдыру керек.

Бұл үшін, ең алдымен, аграрлық ғылымның инновациялық жүйесімен, яғни, дарынды жастарды іздеуден, агроөндірістің қажеттіліктерін зерттеуден бастап, зерттеу нәтижелерін нақты секторға беруге дейінгі барлық кезеңдерде ғылымды жылжытуға септігін тигізетін қызметтік инфрақұрылымды жасаумен айналысу керек. Өкінішке орай, бұл жүйелердің барлығы да өткен ғасырдың 50-60-жылдарының деңгейінде қалып отыр.

Коммерцияландыру және агротехнологиялар трансферт кеңселері инновациялық жүйенің негізін құрауы тиіс.

Осы кеңсеге нарықты зерттеу, өндірістердің ғылыми әзірлемелерге қажеттілігін іздеу және оларды ғылыми мекемелерге беру бойынша міндеттемелер жүктелуі тиіс. Бұл ретте технологиялар трансфертінің өзі трансферттің әрбір кезеңінде - технологияларды іздеу, сынақтан өткізу, бейімдеу және тираждау кезінде ғылымның тікелей қатысуын қажет етеді. Трансферт бұл тек шетелдік технологиялар импорты ғана емес, сондай-ақ өндіріске отандық әзірлемелерді беру де.

Келесі міндет – білім беру, экстеншн. Экстеншнді фермерлерді оқытудың қандай да бір жекелеген элементі ретінде түсінетін қате пікір бар. Шын мәнінде – бұл ғылыми зерттеулердің, олардың трансфертінің және коммерцияландырудың ажырамас бөлігі ғана емес, сондай-ақ өндіріске ғылыми зерттеулер нәтижелерін беру.

Агроэкстеншн үш деңгейден тұруы тиіс:

- біріншісі, кәсібін жаңадан бастайтын фермерлер мен ауыл шаруашылығында өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды сапалы, нарықта қажет етілетін өнімді шығаруға оқыту бойынша;

- екіншісі, еңбек өнімділігін және жер мен жануарлардың өнімділігін арттыру арқылы өз өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруды мақсат еткен, қалыптасқан фермерлерге жаңа технологияларды дұрыс пайдалануды үйрету;

- үшінші деңгей, экспорт үшін жұмыс жасауға дайын тауар өндірушілерді сауда қағидаларына үйрету.

Экстеншн әрбір фермер мен ЖҚШ үшін жылына бірнеше рет үздіксіз жүргізілуі тиіс. Аудандық кәсіпкерлер палатасының негізінде аудандарда ауылдық ақпараттық-кеңес беру пункттерінің (ААКО) жүйесін қалпына келтіру қажет.

Аудандық деңгейде ААКО міндеттері:

- фермерге нақты мәселелер бойынша нүктелік кеңес берулер;

- «фермерден фермерге» қағидаты бойынша ауданның озық шаруашылықтары негізінде 10-15 фермерлерден тұратын топтарда оқу семинарлар өткізу арқылы «коучинг»;

- АШМ мемлекеттік тәжірибелі шаруашылықтары немесе озық жеке шаруашылықтар негізінде өткізілетін тікелей семинарлар ұйымдастыру. Бұнда көпшілік мәселелері бойынша аудандық деңгейге, анағұрлым мамандандырылған мәселелер бойынша облыстық және республикалық деңгейлерге бөлу керек;

- төртінші бағыт, бұл заңнама мен бағдарламаларда қаралған мемлекеттік қолдау шаралары туралы, маркетингтік зерттеулер туралы ақпаратты беру.

Фермерлер бұл ақпаратты білмейді.

Экстеншн жүргізу кезінде бұл жүйенің фермерлер мен мемлекеттік органдар және ғылыми ұйымдар арасындағы кері байланыс екенін ескеру керек.

Саланы ғылыми және кадрлық қамтамасыз етудің барлық құрылымын қайта құру керек. Бүгінде АШМ жанындағы ҰАҒБО-ның жүйесіне үш университет, 23 ҒЗИ және 14 тәжірибелік шаруашылық, сондай-ақ жекелеген ҒЗИ құрамындағы 10 Білім тарату орталықтары кіреді. Алдыңғы қатардағы аграрлық державаларда, мысалы Аргентинада бұл пирамида керісінше көрінеді. Олардың тәжірибесі бойынша Қазақстанда ауылдық аудандар саны бойынша 5-6 ҒЗИ-ның, 30-ға дейінгі тәжірибелік шаруашылықтың және кемінде 160 Экстеншн орталықтарының болуы жеткілікті саналады.

Дәл осы Экстеншн орталықтары ғылымды, білімді және агро-бизнесі біріктіруде байланыстырушы буын болуы тиіс. Бұнда ауыл тұрғындары өз мәселелерінің шешімін іздеп келуі тиіс. Бұнда ғалымдар ғылыми зерттеулер жүргізуге тапсырма, ал университеттер – кадрларға қойылатын талаптарды алуға келуі тиіс.

Зерттеулер тақырыбы, мысалы, ұсақ тауар өндірушілер үшін технологиялар әзірлеу сияқты өндіріс қажеттіліктеріне негізделуі тиіс. Қазақстанда ұсақ тауарлылық ауыл шаруашылығына инновацияларды енгізу үшін кедергі болып табылады деген пікір орныққан. Дамыған елдерде ғылым онда объективті қалыптасқан қарым-қатынастарды, оның құрылымын ескере отырып, өндіріс қажеттіліктеріне жауап береді. Әлемде өте көптеген ғылыми әзірлемелер дәл осы шаруашылық жүргізудің ұсақ нысандары – автоматты түрде суару, автоматты түрде сау жүйелері, жаңартылатын энергия көздері, өсімдіктердің температуралық режимін реттеу және т.б. үшін ұсынылады.

Ауыл шаруашылығы кооперативтері жағдайында өнімді сақтаудың қымбат емес технологиялары қажет. Ұзақ сақтау және өнеркәсіптік қайта өңдеу үшін жарамды жеміс-көкөніс өнімдерінің жаңа сұрыптары қажет. Мысалы, құрғақ заттардың мөлшері жоғары қызанақтар. Тіптен шетелдік сұрыптарды әкелу кезінде оларды сынақтан өткізу және бейімдеу үшін де зерттеулер қажет. Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу – өз алдына тақырып. Ұлттық тамақтану өнімдерін, мысалы, қымыз, шұбат, жылқы еті, кепкен бақша дақылдары, жемістер мен көкөністер өндірісінің технологиясы қажет.

Кадрларды даярлау университеттер агроқұрылымдармен бірлесіп әзірлейтін оқу бағдарламалары бойынша жүзеге асырылуы тиіс. Бизнес мамандарға қойылатын біліктілік талаптарын ұсынуы тиіс. Сонымен қатар, гранттық оқытудан пайызсыз несиелер негізінде оқытуға ауысу керек. Университетті аяқтаған соң жас маман нақты бір кәсіпорында белгілі бір жылдар бойы жұмыс жасауы тиіс және әрбір жылдың қорытындысы бойынша несиенің белгілі бір бөлігі шегерілуі тиіс. Басқаша жағдайда пайызсыз несие автоматты түрде коммерциялық несиеге айналуы тиіс. Себебі агроуниверситеттерді бітірген түлектердің диплом алған соң ауылға барып қаншасының жұмыс жасайтыны бәрімізге де белгілі жайт.

Сонымен қатар «Дипломмен ауылға» бағдарламасын «Ауылдан – диплом үшін» бағдарламасымен толықтыру керек. Әрбір ауылда

барлық тұрғындар мұғалімдердің, дәрігерлердің, агрономдардың зейнеткерлікке қашан шығатынын алдын ала біледі. Жергілікті қоғам мектеп оқушылары арасында алдын ала кандидатура дайындап, оны қажет етілетін мамандық бойынша университетке жіберуіне болар еді.

Тәжірибелік шаруашылықтар қызметін өзгерту қажет. Олар мыналар үшін негіз болуы тиіс:

- 1) оның ішінде жаңа технологияларды сынау және бейімдеу үшін ғылыми зерттеулер жүргізу;
- 2) магистерлік және докторлық диссертацияларды әзірлеу;
- 3) студенттердің практикадан өтуі;
- 4) экстеншн жүргізу.

Ұжымдық пайдалану зертханаларын құру керек. Әрбір жабдық барынша пайдаланылуы тиіс. Ол үш міндетті орындауы тиіс:

- 1) өз бетінше ғылыми зерттеулер жүргізу;
- 2) студенттік және магистерлік практикалардан өту;
- 3) бизнес тапсырыстарын орындау.

Ғалымдар үшін шығармашылықпен айналысуға, сәйкесінше, жақсы табыс табуға бар мүмкіндікті жасау керек. Бұл үшін оның технологияларын, сұрыптарын немесе тұқымдарын пайдаланудан алынған жақсы нәтижелер үшін ғалымға белгілі бір сыйақы берілетін роялти жүйесіне өту қажет. Шындығында, еңбектенген ғалым өз еңбегі үшін лайықты төлем алуы тиіс.

Мақалада атап көрсетілген шаралар іске асырылған кезде Қазақстанның ауыл шаруашылығы барлық ел экономикасы үшін басты қозғаушы күшке айналуы, өзінің экспорттық әлеуетін іске асыруды қамтамасыз етуі және ауыл тұрғындарының тіршілік деңгейін арттыруға септігін тигізуі тиіс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына 2018 жылдың 5 қазанындағы Жолдауы.
http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nnazarbaeva-narodu-kazahstana-5-oktyabrya-2018-g
2. ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің деректері, www.stat.gov.kz

ҒТАМР
68.75.19

**Қайсар Нығметов¹, Нұрболат Құрметұлы²,
 Дана Абсалямова³**

¹ «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ

Өңірлік зерттеулер орталығының директоры,

² «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ

Өңірлік зерттеулер орталығы директорының орынбасары,

³ «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ

Өңірлік зерттеулер орталығының сарапшысы

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТІРЕК АУЫЛДЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІН ДАМУЫ (МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ)

Аңдатпа: Аталмыш мақалада тірек ауылдық елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуы қарастырылған (ТАЕМ), олардың мәселелері анықталып, сонымен қатар ТАЕМ экономикалық өсу орталықтары ретінде даму бойынша ұсыныстар әзірленді (кооперация, ауылшаруашылықтық емес қызмет түрлерін дамыту, ТАЕМ мемлекеттік, әлеуметтік және коммерциялық қызметтер көрсету орталықтары ретінде дамыту).

Түйін сөздер: тірек ауылдық елді мекендер, ауылшаруашылықтық емес қызмет түрлері, кәсіпкерліктің дамуы, ауыл шаруашылық кооперативі

РАЗВИТИЕ ОПОРНЫХ СЕЛЬСКИХ НАСЕЛЕННЫХ ПУНК- ТОВ КАЗАХСТАНА (ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ)

Аннотация. В данной статье рассмотрено социально-экономическое развитие опорных сельских населённых пунктов (ОСНП), выявлены их проблемы, а также выработаны рекомендации по развитию ОСНП, как центров экономического роста (развитие кооперации, несельскохозяйственных видов деятельности, развитие ОСНП как центров предоставления государственных, социальных и коммерческих услуг).

Ключевые слова: опорные сельские населенные пункты, несельскохозяйственные виды деятельности, развитие предпринимательства, сельскохозяйственный кооператив

Kaysar Nygmetov, Nurbolat Kurmetuly, Dana Absalyamova
THE DEVELOPMENT OF RURAL LOCALITIES OF
KAZAKHSTAN (PROBLEMS AND PROSPECTS)

Abstract. This article discusses the socio-economic development of basic rural settlements (BRS), identified their problems, and developed recommendations for the development of SRS as centers of economic growth (development of cooperation, non-agricultural activities, the development of BRS as centers of public, social and commercial services).

Key words: *basic rural settlements, non-agricultural activities, business development, agricultural cooperative*

Ауылдық аумақтар тұрғындарының әл-ауқатын жақсарту әрқашан еліміздің әлеуметтік-экономикалық саясатының басым бағыттарының бірі болған. Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасында ауылдық аумақтарды дамытудың жалпы мәселелерін шешумен қатар ауыл халқының өмір сүру деңгейінің неғұрлым жоғары деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін тірек АЕМ-ді кешенді дамыту қажеттілігі белгіленген [1]. Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде тірек АЕМ-ді дамытуға қатысты мынадай бағыттар көзделеді:

- 1) экономикалық қызметті дамыту;
- 2) әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту;
- 3) көліктік қолжетімділікті дамыту;
- 4) мемлекеттік және коммерциялық қызметтер көрсету орталықтарын дамыту және құру.

Тірек ауылдық елді мекен абаттандырылған ауылдық елді мекен болып табылады, онда тұратын халыққа және іргелес жатқан аумақтардың тұрғындарына қажетті әлеуметтік стандарттарды қамтамасыз ету үшін өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым құрылады. Қоныстардың сапалы жаңа түрлерін қалыптастыру тәжірибесі Ауылды өркендету мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында қарастырылған Беларусь Республикасында агроқалашықтарды дамыту үлгісі бойынша алынды.

Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасына сәйкес ТАЕМ-ді анықтау әдістемесі әзірленді [3], онда ауылдық елді мекендер арасынан тірек АЕМ-ді анықтау бойынша негізгі өлшем-шарттар көрсетілген, олардың негізінде тірек ретінде 314 ауылдық елді мекен іріктелді.

Жыл сайын әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті төмен, орташа және жоғары ауылдық елді мекендерді айқындау үшін өлшем-шарттарға сәйкес облыстардың ЖАО-сы Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасын Іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында көзделген АЕМ әлеуетінің мониторингін жүзеге асырады [1]. 2016 жылғы ауылдық елді мекендер әлеуетінің мониторингі деректері бойынша 314 ТАЕМ-нің 199-ы әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті жоғары ауылдық елді мекендер болып саналады, бұл олардың жалпы санының 63,4%-ын құрайды, 115 ТАЕМ-і орта даму әлеуетіне ие.

Тірек ауылдық елді мекендерде тұратын халықтың жалпы саны 2017 жылдың басында 965 421 адамды құрады. Бұл Қазақстанның барлық халқының 5,4%-ы және ауыл халқының 12,6%-ы. Соңғы екі жылда тірек АЕМ халқының саны 1,92%-ға өсті. Халықтың едәуір өсуі Қазақстанның оңтүстік және батыс өңірлерінің: Алматы облысы, Маңғыстау, Түркістан облыстарының ТАЕМ-інде байқалады. Орталық-шығыс және солтүстік аймақтардың тірек АЕМ-і керісінше халық санының төмендеуімен ерекшеленеді.

1-кесте. – 2014-2016 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті жоғары және орта ТАЕМ

Облыс		жоғары әлеует			орта әлеует			ТАЕМ барлығы
		2014	2015	2016	2014	2015	2016	
1	Ақмола	18	19	21	5	4	2	23
2	Ақтөбе	12	12	13	14	14	13	26
3	Алматы	13	13	13	3	3	3	16
4	Атырау	1	1	2	4	4	3	5
5	ШҚО	10	14	14	21	17	17	31
6	Жамбыл	12	13	13	5	4	4	17
7	БҚО	9	9	7	14	14	16	23
8	Қарағанды	9	9	9	12	12	12	21
9	Қостанай	33	33	35	7	7	5	40
10	Қызылорда	11	9	11	5	7	5	16
11	Маңғыстау	1	1	1	5	5	5	6
12	Павлодар	12	12	13	19	19	18	31
13	СҚО	29	29	29	8	8	8	37
14	ТО	19	18	18	3	4	4	22
	жиыны	189	192	199	125	122	115	314

Дереккөз: 2014-2016 жылдардағы АЕМ әлеуетінің мониторингі деректеріне сәйкес

ТАЕМ-нің ең көп саны Қазақстанның халық тығыздығы төмен, негізінен алыс ауылдық елді мекендері басым өңірлерінде: Қостанай облысында – 40, Солтүстік Қазақстан облысында – 37, сондай-ақ Павлодар облысында және Шығыс Қазақстан облысында – 31-ден шоғырланған. ТАЕМ-нің ең аз саны Атырау және Маңғыстау облыстарында орналасқан.

Қостанай облысында әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті жоғары (35) ТАЕМ-нің ең көп саны орналасқан, Солтүстік Қазақстан облысында – 29, Ақмола облысында – 21, сондай-ақ Түркістан облысында – 18.

Әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті төмен, орташа және жоғары ауылдық елді мекендерді айқындау үшін өлшемшарттарға сәйкес экономикалық блоктың жіктеу факторларының бірі – АЕМ халқының едәуір немесе тіпті негізгі бөлігі жұмыс істейтін ірі (базалық) кәсіпорынның болуымен сипатталатын кәсіпкерлік белсенділік факторы. Тірек АЕМ бойынша әлеует мониторингін талдау 2017 жылдың басында тірек ауылдар аумағында орналасқан ірі базалық кәсіпорындар саны 122 бірлікке артып, 429-ды құрағанын көрсетті. Ірі кәсіпорындардың ең көп саны Қызылорда облысының тірек ауылдарында байқалады, онда ТАЕМ-де кәсіпорындардың жалпы санының 17,9%-ы, Солтүстік Қазақстан облысында – 16,1%, Қостанай облысында – 11,7%, Батыс Қазақстан облысында – 10,7% шоғырланған. 2017 жылдың басында ТАЕМ-нің 23,6%-ында қандай да бір ірі базалық кәсіпорындар болған жоқ. Әсіресе ТАЕМ-нің 80,6%-ында (яғни 31-нің 25-інде) ірі базалық кәсіпорындар жоқ Шығыс Қазақстан облысын атап өткен жөн. Балама жұмыспен қамтудың, сондай-ақ еңбек ету салаларының жоқтығына байланысты тұрғындар жеке қосалқы шаруашылықты (ЖҚШ) жүргізеді немесе кәсіпорындарда төмен жалақы үшін жұмыс істейді. Осыған ұқсас жағдай Түркістан облысының тірек ауылдарында да қалыптасқан, онда облыстың ТАЕМ-інің 68%-ында халықты жұмыспен қамтамасыз ете алатын ірі базалық кәсіпорындар жоқ.


Ауыл экономикасында болып жатқан институционалдық өзгерістер ауылдық жұмыспен қамтудың өзгеруіне ықпал етеді, оның негізгі белгілері: кадрларды ауыл шаруашылығы мен экономиканың басқа салалары арасында қайта бөлу, ауыл шаруашылық жұмыспен қамтудың шағын нысандарға ауысуы, формалды емес жұмыспен қамтудың өсуі, уақытша еңбек көші-қоны ауқымының артуы [4]. Ауыл экономикасының ауыл шаруашылық бағыты бұрынғысынша ауылдық жерлерде тұратын халық қызметінің кең тараған негізгі

түрі болып қала береді. Алайда, экономиканың қазіргі жағдайында аграрлық еңбектің маусымдық сипатқа ие болуына және онда жыл бойғы өндіріс мүмкіндігі жоқ болуына байланысты ауылдық жерлерде өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын арттырудың балама әдістерін іздестіру қажеттілігі туындайды. ҚР-ның 2025 жылға дейінгі Стратегиялық жоспарында ауылдық аудандарда өзін-өзі өнімсіз жұмыспен қамту проблемасының өзектілігі байқалады [5].

2017 жылдың басында ТАЕМ-де тұратын жұмыспен қамтылған халықтың саны 481 809 адамға дейін өсті. 1-диаграммада көрсетілгендей, ТАЕМ-де тұратын жұмыспен қамтылған халықтың басым бөлігі Түркістан (86 355 адам немесе ТАЕМ-де экономикалық белсенді халықтың жалпы санының 17,2%-ы) және Алматы облыстарына (82 415 адам немесе ТАЕМ-нің экономикалық белсенді халқының 16,5%-ы) келеді.

Бұл ретте, ауыл халқы арасында жалпы облыстық мән 5,1% жағдайында Түркістан облысының тірек АЕМ-інде 2017 жылдың басында жұмыссыздықтың 5,8% ең жоғары деңгейі қалыптасты. Батыс Қазақстан облысының ТАЕМ-інде жұмыссыздық деңгейі жалпы облыстық 4,9%-дан асып, 5,2%-ды құрады [6].

Жұмыссыздық бойынша ең төмен көрсеткіш Қостанай облысының тірек АЕМ-іне (1,1%) келеді. Бұл ретте ауыл халқы арасында жұмыссыздық деңгейінің орташа республикалық мәні 4,8% жағдайында барлық тірек ауылдар арасында жалпы жұмыссыздық деңгейі 4,1%-дан 3,8%-ға дейін қысқарды.



1-диаграмма – 2017 ж. басындағы ТАЕМ-дегі жұмыспен қамтылған халық саны және жұмыссыздық деңгейі

ТАЕМ-дегі ауыл шаруашылығы саласының ішіндегі жұмыспен қамту құрылымы ауылдың еңбек ресурстарының шаруашылық жүргізудің шағын нысандарына ауысқанын көрсетеді. АЕМ әлеуетінің мониторингі деректері бойынша ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту қазіргі уақытта жеке секторда: ШҚ, ЖК, ӘКК-де артып жатқан жұмыспен қамту болып табылады. Бұны олардың соңғы екі жылдағы санының өсуі куәландырады. Мысалы, ТАЕМ-дегі жеке кәсіпорындар саны 2014 жылмен салыстырғанда 2017 жылдың басында 17 182 бірліктен 19 159 бірлікке дейін артты.

Ауыл шаруашылығында табыс деңгейінің төмен деңгейі ауыл халқының басым бөлігі қосымша табыс алудың жаңа көздерін іздестіре бастауына әкеледі. Заттай табыс тамақтанудың қажетті минимумын қамтамасыз етеді, бірақ ауылдағы кедейшілік пен ақшалай табыстың жетіспеу мәселесін шешпейді. Ауылда ауыл шаруашылығы емес қызмет түрлерін дамыту және ынталандыру осы проблеманы шешуге ықпал етуі тиіс.


Ауыл шаруашылығы емес қызметті дамытудың негізі ауыл қоныстарының табиғи-аумақтық және әлеуметтік әлеуеті болуы тиіс. Осы мақсаттар үшін бар жағдайлардың қаншалықты қолайлы екенін анықтау үшін олардың функционалдық ерекшеліктерін ескеру маңызды. Ауыл аумақтарының табиғи әлеуетінің үлкен алуан түрлілігі аудандастыруды ресурстардың жекелеген түрлеріне (орман, су, климаттық және т.б.), сондай-ақ олардың кешеніне бағыттауға мүмкіндік береді [7]. Мысалы, Шығыс Қазақстан облысы аумағының 30%-ға жуығы ормандармен жабылған, яғни ауыл халқы орман қорларын пайдалана отырып ауыл шаруашылығына жатпайтын қызметті жүзеге асыра алады.

Ауылдық аумақтарды дамытудың тұрақтылығын, сондай-ақ ауыл халқының әл-ауқатын арттырудың негізгі бағыттарының бірі – шағын және орта бизнесті дамыту негізінде ауылдық экономика-ны әртараптандыру.

Тірек АЕМ-де шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту негізінен үш негізгі қызмет көрсету саласымен ұсынылған: сауда, тұрмыстық қызмет көрсету және қоғамдық тамақтандыру.

Тірек АЕМ-де әлеует мониторингі деректерін талдау қызмет көрсету саласы объектілерінің саны жыл сайын өсіп, 2017 жылдың басында солтүстік-шығыс өңірде (Қостанай, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстары) 8618 бірлікті құрағанын көрсетті, керісінше, тірек ауылдарда экономиканың ауыл шаруашылығы бағыттылығы сақталып отыр, бұны сауда және тұрмыстық қызмет

көрсету объектілерінің қысқарғаны көрсетеді. Ал елдің оңтүстік өңірінің тірек ауылдары қызмет көрсету саласының барынша белсенді дамуымен ерекшеленеді (Алматы, Түркістан облыстары). Егер өңірлік бөліністе қарасақ, қызмет көрсету саласындағы объектілердің ең көп саны тап сол жерде шоғырланған.



2-диаграмма – 2014-2017 жж. басындағы объектілер және жұмыспен қамтылғандар саны бойынша ТАЕМ-дегі қызмет көрсету саласының құрылымы

Тірек АЕМ-де қызмет көрсету саласында сауда саласы барынша дамыды, объектілер саны 2017 жылдың басында 4,8%-ға өсті. ТАЕМ-нің барлық жұмыспен қамтылған халқының шамамен 2,4%-ы сауда саласында жұмыспен қамтылған. Тұрмыстық қызмет көрсетуде және қоғамдық тамақтану саласында ТАЕМ жұмыспен қамтылған халықтың 1%-ы ғана қамтылған.

Жалпы алғанда, қызмет көрсету саласындағы өсімнің оң динамикасы тірек АЕМ-дегі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына, сондай-ақ шағын жеке шаруашылықтарға қосымша табыс табуды қамтамасыз ете алатын қызметтің баламалы түрлерін дамытуға түрткі болатын қызмет көрсету саласын одан әрі өсіру және дамыту үшін перспективалар бар екенін көрсетеді [9]. Бұл ретте жергілікті атқарушы органдардың (ЖАО) деректеріне сәйкес ауылда, оның ішінде тірек АЕМ-де кәсіпкерлікті дамыту бойынша негізгі проблема шағын және орта бизнес жобаларын іске асыру

үшін кредит алуда кепіл қаражатының жетіспеушілігі, сондай-ақ ауылдық елді мекендердің мемлекеттік қолдау құралдарымен төмен қамтылуы болып табылады. Бұл ретте көліктік қолжетімділік оның жабдықтау-өткізу қызметтерінің түрлеріне тәуелділігіне байланысты маңызды рөл атқарады. Дәл осы өткізу нарықтарынан, сондай-ақ негізгі көлік орталықтарынан алшақтық ауылдық жерлерде ауыл шаруашылығы емес қызметтің қандай да бір түрін жүргізудің қолжетімділігін, сәйкесінше, табыстылығын айқындайды. Тірек АЕМ-нің 22%-ы орталықтардан және қатынас жолдарынан 50-100 км, 42%-ы қалалар мен аудан орталықтарына дейін 20-50 км көліктік қолжетімділік шегінде орташа қашықтықтағы болып саналады. Осыған байланысты, ең алдымен қалалық орталықтар мен аудан орталықтарына жақын орналасқан тірек АЕМ-де көлік коммуникацияларын дамыту жөнінде облыстар мен аудандарды дамыту бағдарламалары шеңберінде қаржы жағынан қолдауды жүзеге асыру өзекті мәселе болып табылады. Қалалық агломерациялар құрамына кіретін ауылдардан орталық қалаға дейінгі жергілікті жолдарды салуға, қайта жаңартуға және жөндеуге ерекше назар аудару маңызды.

Тірек АЕМ-де инженерлік инфрақұрылымды дамыту сондай-ақ халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған Өңірлерді дамыту бағдарламасын іске асырудың маңызды бағыты болып табылады. Ауылдық аумақтар әлеуетінің мониторингі тірек ауылдардың 81%-ында қатты жабынды жолдардың бар екенін көрсетті. Бұл ретте Атырау, Қарағанды, Жамбыл, Қызылорда және Түркістан облыстарының ТАЕМ-і ең көп қамтамасыз етілген болып табылады. Солтүстік-шығыс аймақтардың және Батыс Қазақстан облысының тірек ауылдары аз қамтамасыз етілген. 14 тірек ауылда қатты жабынды жолдар жоқ екенін айта кету керек.

Жалпы алғанда, ТАЕМ-ді аудан орталықтарымен байланыстыратын жолдардың жай-күйі екі жыл ішінде біршама жақсарды. 2017 жылдың басында ауылдық жолдардың шамамен 61%-ы қанағаттанарлық жағдайда. Бұл ретте қанағаттанғысыз жағдайдағы жолдардың пайызы қысқарды. Ең тозған жолдар батыс өңірдің ТАЕМ-інде, атап айтқанда Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан облыстарында орналасқан. Қызылорда, Түркістан облыстарындағы жолдардың жағдайы бәрінен жақсы, оларда жақсы жағдайдағы жолдардың саны қанағаттанарлық жолдардың санынан асады.

Ауыл тұрғындары, оның ішінде тірек ауылдар тұрғындары үшін тағы бір өзекті мәселе орталықтандырылған сумен

жабдықтауға қол жеткізу мәселесі болып табылады. 2017 жылдың басында тірек ауылдардың 79%-ы қамтамасыз етілді, яғни ТАЕМ тұрғындарының 82,3%-ы орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесін пайдаланады. Атырау, Алматы, Қарағанды және Қызылорда облыстары орталықтандырылған сумен 100% қамтамасыз етілген. Павлодар және Қостанай облыстарының кейбір ТАЕМ тұрғындарына тек әкелінетін суды пайдалануға тура келеді. Бұл аймақтар сумен ең аз қамтамасыз етілген (53%-дан кем). Павлодар облысы Успен ауданының Константиновка ауылы, Қостанай облысы Наурызым ауданының Буревестник ауылы, сондай-ақ Қостанай облысының Қасқат ауылы сияқты кейбір ТАЕМ-де орталықтандырылған және орталықсыздандырылған сумен жабдықтау жүйесі жоқ, яғни 2500-ден астам тұрғындарға тек әкелінетін суды пайдалануға тура келеді. Бұл ретте су жеткізу қашықтығы 0 км-ден 45 км-ге дейін өзгереді. Тірек ауылдар өз тұрғындары мен іргелес жатқан аумақтардың тұрғындарын өмір сүруге қажетті барлық әлеуметтік стандарттарды қамтамасыз ететін абаттандырылған елді мекендер болуы тиіс екендігін ескеретін болсақ, бұл факт оларда инфрақұрылымдық дамуды күшейту қажеттілігін көрсетеді.

Өңірлерді дамыту бағдарламасына сәйкес тірек АЕМ ауыл халқына кепілді мемлекеттік және әлеуметтік қызметтерге кемінде аудан орталықтары деңгейінде қол жеткізуді толық көлемде қамтамасыз ете алатын, бұл ретте ауыл халқының, әсіресе шалғай аудандарда тұратын ауыл халқының осы қызметтерге қол жетімділігіндегі алшақтықты қысқарта отырып, елді мекендердің сапалы жаңа типтеріне айналуы тиіс.

Қазіргі уақытта Халыққа қызмет көрсету орталықтары (ХҚКО) негізінен аудан орталықтары мен қалаларда орналасқан. Барлық тірек АЕМ-нің ішінде тек 12-сінде ғана ХҚКО бөлімшелері немесе бөлімдері бар.

Халыққа толық көлемде мемлекеттік (ХҚКО, кең жолақты интернет, полицияның тірек пункті) және әлеуметтік (мектептер, медициналық мекемелер) қызметтерді қамтамасыз ететін тірек ауылдардың үлесін анықтау үшін 2016 жылғы АЕМ әлеуетінің мониторингі деректері пайдаланылды. Есептеу нәтижелері бойынша тірек ауылдардың 48,9%-ы оларда тұратын халыққа мемлекеттік және әлеуметтік қызметтерді жеткілікті деңгейде көрсететіні анықталды. Тек төрт облыста ғана (Алматы, Атырау, Маңғыстау, Түркістан) ТАЕМ халыққа мемлекеттік және әлеуметтік қызметтерді 100% қамтамасыз

етеді. Сондықтан да ауылдық елді мекендерге кепілдік берілген мемлекеттік және әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтары ретінде ТАЕМ-ді дамыту бойынша қойылған міндеттерді іске асыру үшін тірек ауылдарда мемлекеттік, коммерциялық қызметтер көрсету орталықтарын дамытуға және құруға жәрдемдесу жөніндегі қолдау шараларын шоғырландыру маңызды. Тірек АЕМ-де сапалы мемлекеттік және әлеуметтік қызметтерді ұсыну инфрақұрылымын жақсарту үшін тірек ауылдарда тұратын халықты Интернет желісіне кең жолақты қолжетімділікпен 100% қамту мәселесін пысықтау маңызды болып табылады. Ауыл тұрғындарын жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету халыққа электрондық мемлекеттік қызметтерге қол жеткізу ғана емес, сонымен қатар, мысалы, өз өнімдерін онлайн сату мүмкіндігі, сондай-ақ фермерлерге олардың өнімдеріне баға бойынша келіссөздер жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылық тұтыну кооперативтері ауылдың экономикалық жағдайын дамыту бойынша үлкен әлеуетке ие, ел экономикасының жаңа қозғаушысы ретінде АӨК-ті қалыптастыруда зор маңызға ие. Аграрлық секторда өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың кооперативтерін ұйымдастыруды ынталандыру бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды дамыту жөніндегі міндеттерді орындау шеңберінде 2025 жылға дейінгі ҚР Стратегиялық жоспарының бастамаларының бірі ретінде айқындалған. Ауылдық аумақтардың әлеуеті мониторингінің деректеріне сәйкес, елдің тірек АЕМ-дегі ӘКК саны 2017 жылдың басында 101-ден 204-ке дейін өсті. Олардың басым бөлігі оңтүстік өңірдің тірек ауылдарында шоғырланған (Жамбыл, Түркістан – 30 ӘКК, Қызылорда – 25 ӘКК). Сонымен қатар, осы жылдары ТАЕМ-де шаруа қожалықтарының саны да артты: 2017 жылдың басында олардың саны 15 826 бірлікті құрады. Ауыл шаруашылығы тұтыну корпорациясы ауылдық жерлерде материалдық-техникалық және қаржылық қызмет көрсетуді, қайта өңдеуді, сауданы, сондай-ақ сатып алу жүйелерін дамытуға ықпал ететін болады. Кешенді дамытуды жүзеге асыру, сондай-ақ ауылдық жерлерде, атап айтқанда тірек АЕМ-де ӘКК-нің тиімді жұмыс істеуіне жағдай жасау үшін ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту бағдарламасын әзірлеу жөніндегі мәселені қарау қажет.

Осылайша, ауылдық аумақтарды дамыту, атап айтқанда ТАЕМ-ді дамыту тірек ауылдар өсу орталықтары ретінде айқындалған Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасының бағыттарының бірі болып табылады. Бұл ретте бағдарламада:

экономикалық қызметті, әлеуметтік-инженерлік инфрақұрылымды, көліктік қолжетімділікті дамытуды, сондай-ақ мемлекеттік және әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтары ретінде ТАЕМ-ді қалыптастыруды қамтитын тірек АЕМ-ді дамытудың 4 негізгі бағыты бөлінеді. Ауылда экономиканың ауыл шаруашылығы емес секторларын – сауданы, қайта өңдеуді, бөлуді, сақтауды және т.б. дамыту тірек ауылдар ауыл шаруашылығы қызметімен байланысты емес ауылдық аумақтар экономикасының өсу орталықтарына айналуына ықпал етуі мүмкін. Тірек ауылдарда ауыл халқының әл-ауқатын жақсартуға және кірістерді арттыруға ТАЕМ-де кооперативтік қозғалысты жандандыру ықпал етуі мүмкін, сондықтан ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту жөніндегі, атап айтқанда, ауыл шаруашылығы кооперативтерінің барлық түрлеріне жан-жақты қолдауды қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастыру керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы № 728 қаулысымен бекітілген Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы.
2. https://ej.by/news/economy/2011/05/27/itog_programmy_podderzhki_sela_na_samofinansirovanie_tak_i_ne_vyshli_.html
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 53 бұйрығымен бекітілген Тірек ауылдық елді мекендерді айқындау әдістемесі.
4. Шабанов В. Л.. Ауылдық жерлердегі жұмыспен қамту және кадрлық қамтамасыз ету жағдайы (өңірлік статистика негізінде) // Никонов оқулары журналы, 2015- №20-1. 388-б.
5. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары
6. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі <http://stat.gov.kz>
7. Войтюк М.М., Сураева Е.А., Войтюк В.А. Ауылдағы ауыл шаруашылығы емес қызмет: даму үрдістері мен бағыттары // Никонов оқулары, 2016 - № 21. 226-б.
8. Тихонова А.И. Ауылдық аумақтарды тұрақты дамыту стратегиясын іске асыру шеңберінде ауылда ауыл шаруашылығы емес қызмет түрлерін дамытуға инвестиция салу перспективалары// «Ғылым және бизнес: даму жолдары» журналы, 2015 -№10(52). 84-б.

FTAMP

06.56.; 06.61.33

**Азамат Нұрсейітов¹, Надира Мырзағалиева²,
Махаббат Исабекова³, Малике Сағындықова⁴**

¹ «Қазақстандық мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орталығы» АҚ жобалық кеңсесінің атқарушы директоры,
э.ғ.к., доцент,

² «Қазақстандық мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орталығы» АҚ фронт-кеңсесінің атқарушы директоры,
менеджмент магистрі,

³ «Қазақстандық мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орталығы» АҚ фронт-кеңсесінің кеңесшісі, экономика магистрі

⁴ «Қазақстандық мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орталығы» АҚ фронт-кеңсесінің аға талдаушысы,
экономика магистрі

ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ХАБ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АУЫЛДАРЫ МЕН ҚАЛАЛАРЫН ДАМУ ЖОБАСЫ РЕТІНДЕ

Аңдатпа: Мақалада Қазақстанның қалалары, ауылдары мен басқа да елді мекендерінде кездесетін мәселелердің тұйық шеңбері қарастырылады. Бұл олардың мүмкіндіктері мен даму перспективаларын шектейді. Мәселелер шеңберін ашу үшін авторлар кітапхана, мектеп, оқушылар сарайы немесе мұражай базасында әлеуметтік-мәдени хаб құруды ұсынады, бұл оң өзгерістер ағынын іске қосуға, жергілікті билік, халық және кәсіпкерлер арасындағы тиімді өзара іс-қимылды жолға қоюға мүмкіндік береді. Бірақ елді мекеннің тұрақты дамуына қол жеткізу үшін әлеуметтік-мәдени хабты құрумен қатар Қазақстандық мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орталығы әзірлеген «Архимед тетігі» шатырлық жобасының басқа да құралдарын пайдалану талап етіледі.

Түйін сөздер: әлеуметтік-мәдени хаб, ауыл, қала, мемлекет, билік, бизнес, халық, өзгерту, дамыту, басқару, жоба, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік

**Азамат Нурсейтов, Надира Мырзағалиева,
Махаббат Исабекова, Малике Сагындыкова**
**СОЦИОКУЛЬТУРНЫЙ ХАБ КАК ПРОЕКТ РАЗВИТИЯ СЁЛ
И ГОРОДОВ КАЗАХСТАНА**

Аннотация. В статье рассматривается замкнутый круг проблем, с которым сталкиваются в городах, селах и других населенных пунктах Казахстана. Это ограничивает их возможности и перспективы развития. Для того, чтобы разомкнуть круг проблем, авторы предлагают создать социокультурный хаб на базе библиотеки, школы, дворца школьников или музея, что позволит запустить поток позитивных изменений, наладить эффективное взаимодействие между местными властями, населением и предпринимателями. Но для достижения устойчивого развития населенного пункта помимо создания социокультурного хаба требуется использование других инструментов зонтичного проекта «Архимедов рычаг», разработанного Казахстанским центром государственно-частного партнерства.

Ключевые слова: *социокультурный хаб, село, город, государство, власть, бизнес, население, изменения, развитие, управление, проект, государственно-частное партнерство*

**Azamat Nurseitov, Nadira Myrzagaliyeva, Makhabbat Isabekova,
Malike Sagyndykova**

**SOCIAL AND CULTURAL HUB AS A PROJECT OF
DEVELOPMENT OF VILLAGES AND CITIES OF KAZAKHSTAN**

Abstract. The article deals with a closed range of problems faced in cities, villages and other settlements of Kazakhstan. The limits of opportunities and development prospects. In order to break the circle of problems, the authors propose to create a socio-cultural hub based on the library, school, and school Palace or Museum, which will allow starting the flow of positive changes, to establish effective interaction between local authorities, the population and entrepreneurs. But in order to achieve sustainable development of the settlement, in addition to creating a socio-cultural hub, it is necessary to use other tools of the umbrella project "Archimedes lever", developed by the Kazakhstan center for public-private partnership.

Key words: *socio-cultural hub, village, city, state, government, business, population, changes, development, management, project, public-private partnership*

Кіріспе

Қазақстанда мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті (МЖӘ) жүйелі дамыту Қазақстандық мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орталығы (МЖӘ орталығы) тұлғасында мамандандырылған ұйым құрудан [1] және «Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдаудан басталды [2]. МЖӘ туралы заңнаманың қолданылу кезеңінде 2016-2017 жылдары елде мемлекеттік билік өкілдерімен және жеке бизнеспен МЖӘ саласын реттейтін құқықтық нормаларды түсіндіру бойынша жүздеген кездесулер мен келіссөздер өткізілді. Бұл күш-жігер МЖӘ республикалық және жергілікті жобаларын бастауға мүмкіндік берді.

МЖӘ орталығының деректері бойынша 2018 жылғы 15 тамыздағы жағдай бойынша, елде жергілікті МЖӘ жобаларын іске асыруға 255 шарт жасалған (жалпы құны 148,2 млрд.теңге), 74 шарт (3,6 млрд.) тіркеу сатысында, 232 шарт (387,9 млрд.) – конкурстар жариялау және өткізу сатысында және 504 шарт (451,6 млрд.) – құжаттаманы әзірлеу сатысында. МЖӘ жобалары бойынша жасалған шарттардың саны бойынша көшбасшылар үштігіне Шығыс Қазақстан (72 жоба), Қостанай (43 жоба) және Қарағанды (28 жоба) облыстары кіреді. Жобалардың көпшілігі әлеуметтік саламен (балабақшалар, емханалар және т.б. құру) байланысты, бұл қысқа мерзімде қоғамдық маңызды мәселелер бойынша шиеленісті жоюға мүмкіндік берді. Көптеген өңірлер МЖӘ – бұл жобаға қатысушылардың ғана емес, сондай-ақ түпкі нәтижелердің бенефициары ретінде халықтың да мүддесінде синергетикалық тиімділікті қамтамасыз ететін, билік пен бизнестің өзара іс-қимылының жұмыс істейтін моделі екеніне көз жеткізді.

Сонымен қатар, қоғамдық пікірде «МЖӘ – бұл балабақша» деген бір жақты көрініс орнауына байланысты жаңа мәселе туындады. Шындығында, МЖӘ ұлттық экономиканың барлық салалары мен секторларындағы жобаларды қаржыландырудың қажетті құралы болды. МЖӘ-ні дамытудың бірінші тәжірибесі аудандар, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер деңгейінде барлығы осындай жобаларға дайын болмағанын көрсетті. Басты себеп әлеуметтік жобаларды орындау үшін жергілікті бюджеттерде қаражаттың жетіспеуі болды. Сондықтан жергілікті бюджеттен айтарлықтай күрделі шығыстарды көздемейтін жаңа өнімдер қажет болды. Оның үстіне, МЖӘ жобаларын әзірлеу және іске асыру туралы айтпағанда, жергілікті билік тарапынан шағын қалалар

мен ауылдардың қазіргі мұқтаждарын қаржыландыру үшін үнемі қаражат жетіспейді. Мемлекеттің патерналистік рөліне үйренген, олардың пікірінше, қоғамның барлық мәселелерін шешуге жауап беруі тиіс елді мекендер тұрғындарының өздерінде бастамаларының болмауы да маңызды кезең болды.

2017 жылдың қазан айынан бастап 2018 жылдың наурыз айына дейін МЖӘ орталығының өз күшімен жүргізілген бастамашылық зерттеу берілген шарттар мен шектеулерге жауап беретін өнімді әзірлеуге әкелді. Оның айрықша ерекшелігі – ол жергілікті бюджеттен елеулі шығындарды көздемейді, бірақ жергілікті билік, жеке бизнес және халық арасында сапалы жаңа өзара іс-қимылды талап етеді. Шын мәнінде, әзірленген өнім мемлекеттік қызметкерлер мен кәсіпкерлер арасында пайда болған: «МЖӘ – бұл балабақша», «МЖӘ – қымбат», «МЖӘ – тек қана әлеуметтік желі» деген ойлау стереотиптерін бұзады. Бұл өнім бастапқыда жергілікті проблемаларды шешудің жаңа әдістемесіне сүйенеді және елдің ауылдық аудандарын, шағын қалаларын, ауылдарын және басқа да елді мекендерін дамытудың негізгі құралдарының бірі бола алады. Бірінші жоспарға 4Р (public, private, people, partnership) тұжырымдамасы қағидаттарында елді мекенді басқару мәселелері шығады, оған сәйкес адамдар (people first) МЖӘ-нің бірінші кезектегі компоненті болады.

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында нәтижелерді негіздеу үшін теориялық талдау, ғылыми және қолданбалы әдебиеттерді жинақтау, абстрактілі-логикалық, жүйелі, салыстырымалы, сараптамалық, статистикалық және графикалық талдау тәсілдері, фокус-топтар әдісі, жүйенің қасиеттері мен мінез-құлқын талдау, объектілі-бағытталған тәсіл сияқты әдістер қолданылды.

Зерттеу нәтижелері және нәтижелерді талқылау

Ішкі семинарларда фокус-топтар әдісімен жүргізілген бастамашылық зерттеу барысында сарапшылар Қазақстанның аудандары, шағын қалалары, ауылдық округтері, ауылдары мен кенттерінің даму мүмкіндіктерін шектейтін тұйық шеңберді құрайтын мәселелерді айқындады (1-сурет).

Мәселелердің тұйық шеңберіне келесілер жатады: салық түсімдерінің азаюы, бюджет қаражатының жетіспеушілігі, дамымаған инфрақұрылым, халықтың кетуі, халықтың төлем қабілет-

тілігінің төмендігі, бизнестің төмен табысы, жұмыссыздық. Бұл мәселелер өзара тығыз байланысты, бір мәселе екіншісін туындатып, берік тұйық шеңберді жасайды.



1-сурет. Шағын елді мекен мәселелерінің тұйық шеңбері


Ескерту: суретті авторлар жасады

Шағын қалалар мен ауылдардың бюджеттері бастапқыда шағын болды және олардың негізін көбінесе бір қала құраушы кәсіпорын құрайды. Егер бұл кәсіпорын дамымаса немесе жұмыс істемесе, онда тиісінше елді мекен тұрақты даму мүмкіндіктері мен перспективаларын жоғалтады. Жергілікті бюджеттен қаражат шығыстардың барлық бағыттарына бір мезгілде жұмсалса, онда олар инфрақұрылымды дамыту үшін жеткілікті болады. Ал дамымаған инфрақұрылым тұрғындар үшін ауруханалардың, мектептер мен балабақшалардың жетіспеушілігін білдіреді. Инфрақұрылым объектілері тозған сайын қиын жағдайда болады. Нәтижесінде халық өз болашағын көрмей, біртіндеп қаласынан немесе ауылынан кете бастайды. Әдетте, көшуге қаржылық мүмкіндіктері бар адамдар бірінші болып кетеді. Оларға, ең алдымен, білікті ма-

мандар, атап айтқанда, қаланы немесе ауылды дамыту үшін қажет адам ресурстары жатады. Сонымен қатар, кетіп қалған адамдардың көпшілігі, әдетте, жергілікті бизнес үшін төлемге қабілетті сұранысты қамтамасыз ете алмайды. Бұл бизнестің нарықтан кете бастауына әкеп соғады. Ал егер бизнес қиындыққа тап болса, бірінші кезекте жұмыс орындары қысқарады, ал олармен жергілікті бюджетке салық түсімдері де қысқартылады. Салықтық толықтырудың болмауы бюджеттік шығыстарды ұлғайту үшін мүмкіндіктердің жоқтығына әкеледі. Шеңбер тұйықталды!

Бір жыл ішінде емес қалыптасқан мәселелердің тұйық шеңберін бұзуға бола ма? Оларды бірнеше рет шешуге әрекет жасалды, бірақ қалалар мен ауылдардың барлығында бірдей шешімге қол жеткізе алмады. Әлеуметтік-мәдени хаб құру, біздің ойымызша, дұрыс бағыттағы бірінші қадам бола алады.

Уақыт өте келе тұйық шеңбер қысқаратыны соншалық, тіпті қалалар мен ауылдардың жойылуына әкеледі. 2-суретте Қазақстанның кейбір қалаларындағы халық санының өзгеруі көрсетілген: бұрынғы қалпы және уақыт өте келе қандай болды. Арқалық сияқты қалаларда тұтас шағын аудандар бос қалады, ал билік қалғандарының өмір сүруін қолдауға арналған шығындарды оңтайландыру үшін қалған тұрғындарды жинақы қоныстандыруға мәжбүр болады. Әлемдік тәжірибеде, мысалы, Детройт өнеркәсіптік қаласында (АҚШ) күтпеген тағдыр қалыптасты, ол өз уақытында әлемдегі автомобиль жасау бойынша жетекші көшбасшылардың бірі болды.



2-сурет. Қазақстанның шағын елді мекендердегі халқының саны

Ескерту: суретті Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері негізінде авторлар жасады

Мәселелердің тұйық шеңберін қалай бұзуға және ауылды не қаланы қалай «жандандыруға» болады деген сұрақтың туындауы орынды. Сұраққа жауап іздеуде американдық экономист, креативті класс теориясының және «Сенің қалаң кім?» бестселлерінің авторы Р. Флорида ұсынған тәсіл қызығушылық тудырады [3]. Оның пікірінше, «бүгінгі креативті экономикада экономикалық өсудің шынайы көзі — талантты, нәтижелі адамдарды кластерлеу және шоғырландыру. Жаңа идеялар туады, ал біздің өнімділігіміз өседі, біз бір-бірімізге жақын, қалалар мен тұтас аймақтарды қоныстандыра отырып өмір сүреміз. Кластерлеудің күші әрқайсымызды анағұрлым нәтижелі етеді, ал бұл өз кезегінде ЖІӨ мен әл-ауқатымызды айтарлықтай арттыра отырып, өмір сүретін жерлерді неғұрлым өнімді етеді» [3, 16-б.].

Бұл адамдар кім? Бұл бір қарағанда көрінуі мүмкін жастар емес. Өз күштері мен қабілетіне сенімді жастар мүмкіндіктеріне талпынып, өз әлеуетін жүзеге асыруға ұмтылады және ресурстарды іздейді. Олар ауылдан немесе шағын қаладан ірі қалаларға барады, онда өздерін көрсетуге, талантын танытуға және табысқа жетуге көп мүмкіндік бар. Сондықтан оларды ұстау қиын. Ауылды немесе қаланы жастар қайтып оралғысы келетіндей етіп, немесе тым болмаса уақыт өте келе қайтып оралатындай етіп жасауға болады. Бірақ бұл үшін ауыл мен қала арасында, шағын және ірі қалалар арасында көлік қатынасын ретке келтіру керек.

Аға ұрпақтағы адами ресурстар оларды ауылды немесе қаланы дамыту үшін қолдану үшін соншалықты зор емес. Сонымен қатар, бір күні ауылдан немесе қаладан кетіп қалған, аяққа тұрып жатқан жастар уақыт өте келе өздерінің қартайған ата-аналарын қайтып алып кетуі мүмкін.

Нысаналы топқа таңдалған өлшемшарттарға сәйкес келетін адамдарды жатқызуға болады. Объектілі-бағдарлы тәсіл негізінде табысты ауылдардың қасиеттері мен мінез-құлқына жүргізілген талдау үш негізгі өлшемшартты бөліп көрсетуге мүмкіндік берді. Біріншіден, олар ауылда немесе қалада «тамырын жайды», яғни отбасын құрды, олардың балалары мен немерелері пайда болды. Екіншіден, бұл адамдардың ресурстары мен іскерлік байланыстары бар. Мысалы, парасатты мамандар (бірінші кезекте дәрігерлер, мұғалімдер) ауылдар мен қалалар үшін құнды адами ресурс болып табылады. Ауылда немесе қалада тұратын табысты бизнесмен жобаларды іске асыру үшін материалдық ресурстарға ие немесе өзінің іскерлік байланыстарының арқасында осы ресурстарды

тарта алады. Үшіншіден, олар өз өмірі мен болашақ жоспарларын өмір сүретін және жұмыс істейтін, балалары мен немерелері өсетін орынмен байланыстырады, яғни олар кеткісі келмейді және кетейін деген ойлары да жоқ. Дәл осы адамдар ауылды немесе қаланы дамытуға мүдделі. Ең алдымен, оларды барлық қолжетімді құралдармен және тәсілдермен ұстап қалу маңызды. Егер олардың мүдделері мен жоспарларымен санаспаса, олар да, бұларды одан әрі елемейтін болады.

Адамдарға не қажет? Ежелгі Рим заманынан бастап адам табиғаты түбегейлі өзгермеді: адамдар «нан мен ойын-сауықты» қалайды. МЖӘ шеңберінде «нан» деп дүкендер, ауруханалар, балабақшалар, мектептер жататын ауылдың немесе шағын қаланың базалық инфрақұрылымының объектілері түсініледі. Алайда, адам бір нанға тоймайды. Сондай-ақ, адамдарға бірге уақыт өткізуге, демалуға, мәдени дамуға, қарым-қатынас жасауға болатын орын қажет, яғни өмір мен жұмыс үшін қолайлы орта қажет.

Инвестиция тарту, халықты жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге тарту мақсатында адамдардың өмірі мен жұмысы үшін қолайлы жағдай жасау, өңірлік саясаттың фокусын көшіру, өңірлердің өз кірістерінің өсуін ынталандыруға арналған шығындарды теңестіру қажеттілігі тақырыбы ел Президентінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы болып табылады [4]. Бұл жергілікті биліктің ауылдар мен қалалардың әлеуметтік-мәдени саласын дамытуға, жергілікті қоғамдастықтың мүдделеріне, өңірлердің ішкі ресурстарына, елді мекендердің мәселелерін қабылдауға және мінез-құлық мәдениетіне үлкен назар аударуын талап етеді.

Р. Флориданың пікірінше, дамыған мәдениет – қалалар мен өңірлердің экономикалық дамуының негізгі факторы. Ұсынылып отырған тәсілді қолдану мәдениеттің басым мәні арқылы ауылды немесе қаланы дамытуды көздейді. Мұндай тәсіл дамыған елдерде (Ұлыбритания, Жапония және т.б.), сондай-ақ көрші Ресейде қолданылады. Олардың тұрғындарын тарта отырып, ауылдар мен қалаларды жаңғыртуға бағытталған шешімдердің екі түрі бар – бұл шағын және үлкен өзгерістер екенін ескеру керек. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, бірте-бірте үлкен нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретін шағын өзгерістер әдісі табысты болып табылады.

Тұрақты дамуға мүдделі ірі және шағын қалалар, ауылдар мен кенттер жергілікті мәдениетке көбірек көңіл бөледі, тауар емес, өз қаласының немесе ауылының брендтерін құрады және бұған ақша

табуға тырысады. «Қала немесе ауыл бренді» ұғымы мен «тау-ар бренді» ұғымын шатастырып алудан аулақ болу керек. Негізгі айырмашылық: қала немесе ауыл бренді логотип, ұран және т.б. жасауды ғана емес, оның тұрғындары үшін әлеуметтік бірегейлікті қалыптастыруды да білдіреді, бұл олардың ойлауы мен мінез-құлқының өзгеруінен көрінеді. Бірақ бүкіл қаланың бейнесін жасау – үлкен шығынды талап ететін қымбат шаруа. Осы мақсатта жергілікті бюджеттерде қажетті ақшалай қаражат салынады. Мысалы, Новосібір қаласында қалалық бюджет шығыстарының осындай бабы «қала тұрғындарының идентификациясын арттыру» деп аталды.

Тұрғындардың ойлауы мен мінез-құлқындағы және оларды қалалық ортаны қабылдауы оң өзгерістерді өз уақытында Нью-Йорк қаласында жасалғандай, қарапайым деңгейден бастауға болады. 1980-ші жылдары, Нью-Йорк қылмыстық істің қыспағында болған кезде, билік ауыр қылмыстарға қарсы күрестің орнына метродағы билетсіз адамдардың соңына түсті. Олар «қояндардың» үлкен саны қалада тәртіптің болмауының белгісі екенін түсінді және бұл аса ауыр қылмыстардың жасалуын «ынталандырды», бұл "сынған терезелер" теориясына сәйкес келеді. 1982 жылы екі американдық әлеуметтанушы Джеймс Уилсон мен Джордж Келлинг жасаған бұл теорияның мәні: ғимаратта бір терезе сынса және оны ешкім алмастырмаса, онда жақында ғимаратта бірде-бір терезе қалмайды [5]. "Сынған терезелер" теориясын пайдалана отырып, қалалық билік 90-шы жылдарға қарай қылмыс деңгейін 75%-ға төмендетуге қол жеткізді. Нәтижесінде адамдар үшін метро ғана емес, бүкіл қала қауіпсіз болды.

«Мүлдем төзбеушілік» қағидатын қолдану «Қазақстан-2050» Стратегиясында байқалады: егер таза қалада тұрғын келсе, өз кіреберісінің тазалығынан баста [6]. Біздің идеямыз – жергілікті биліктерге тірек нүктесін табу керек, онымен Архимед тетігін қолдану арқылы ауыл немесе қала тұрғындарының мінез-құлқы мен ойлау мәдениетіне әсер ететін шағын өзгерістерді бастауға болады. Шағын өзгерістердің арқасында көлемді, қоғамдық маңызы бар нәтижелерге қол жеткізу мүмкін болады.

Шағын әлеуметтік-мәдени өзгерістердің мысалдарының бірі Ресейдегі Мышкин қаласы бола алады. Халық саны 5 мың адам болатын шағын Ярославский қалашығында тұрғындар енді жыл сайын 140 мың турист келетін тышқан мұражайын құрды. Тышқан қаланың символына, ал мұражай қоғамдық кеңістікке айналды, бұл осы

қалада әлеуметтік капиталдың шоғырлануы мен дамуына түрткі болды. Тұрғындар тығыз қарым-қатынас жасай бастады, тұлғааралық сенім артты, ортақ мүдделер мен жобалар пайда болды. Халық саны бойынша, мәселен, Қазалы қаласымен салыстыруға келетін бұрынғы шағын қалада әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық өмір жанданды. Мұражайды құру бастамасы өлкетанушылар тобына тиесілі және жергілікті билік тарапынан қолдау тапты. Өлемдегі тышқанның жалғыз мұражайы алдымен қала тұрғындарын қызықтырды, содан кейін облыстан және бүкіл елден адамдар, содан кейін шетелдік туристер келе бастады. Уақыт өте келе демеушілер пайда болды: қалада қонақ үйлер, дәмханалар және мейрамханалар салына бастады. Мұражай қаланың барлық тұрғындары мен қонақтары үшін хаб пен көпфункционалды орталыққа айналды.



3-сурет. Хаб дегеніміз не?

Ескерту: суретті авторлар жасады

Ғылыми әдебиетте «хаб» ұғымының әртүрлі анықтамалары бар [7-13], бірақ хабтардың жалпы қасиеттері әртүрлі элементтерді біртұтас тұтастыққа қосу, байланыстың кең желісін қалыптастыру және көп функционалды жүйені құру болып табылады. Ағылшын тілінен «хаб» сөзінің әріптік аудармасы дөңгелектің күпшігін білдіреді, яғни сымдарды қосатын және доңғалақ жұмысының негізін құрайтын орталық. Ауылдағы немесе қаладағы хаб ұқсас міндеттерді орындайды. Ол адамдарды олардың материалдық, қаржылық және зияткерлік ресурстарымен, оларға тығыз қарым-қатынас жасауға, бірлесіп уақыт өткізуге, жалпы міндеттер мен мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін ықтимал белсенділіктің (жұмыс, демалыс, тәрбие, оқу, тамақ және т.б.) триангуляциясын құру арқылы бір жерде біріктіруге арналған.

Ресейдегі шағын қалалар мен тіпті ауылдарда оларда әлеуметтік-мәдени хабтар құру нәтижесінде белгілі бір жақсартулар байқалады, өйткені хаб адамдар үшін жұмыс пен өмір сүру үшін қолайлы жағдай жасайды, бизнестің сантүрлі түрлерінің пайда болуына және дамуына, жұмыс істеп тұрған өндірістердің тиімділігін арттыруға, әлеуметтік капиталды тартуға және адамдарды нақты бірлескен іс-қимылдарға ынталандыруға түрткі болады. Осындай жақсартулар Қазақстанның кейбір қалаларында да көрінеді, бірақ олар әлі жүйелі сипатқа ие емес.

Өзінің даму шамасына қарай табысты жұмыс істейтін әлеуметтік-мәдени хаб ресурстық орталыққа және адамдар, сауда және инвестициялар үшін тартылу нүктесіне айналады, ал халықтың өзі біртіндеп өз ауылын немесе қаласын дамыту үдерістеріне тартылады. Шын мәнінде, хаб халықты біріктіретін және олар үшін жұмыс жасап, өмір сүру үшін жаңа жағдайлар мен мүмкіндіктер жасайтын қоғамдық кеңістікке айналады.

Қоғамдық кеңістік әлеуметтік-мәдени хаб айналасында құрылуы мүмкін, мұндай хаб ретінде әдетте адамдар жаңалықтармен алмасу, ортақ мәселелерді талқылау және шешу үшін жиі жиналатын орынды таңдайды. Бұл мектеп, кітапхана, оқушылар сарайы, жергілікті базар және т. б. бола алады.

Тихвин шағын қаласында, мысалы, жергілікті кітапхана осындай орын болды. Кітапхананы жаңғырту қала әкімшілігіне бірден бірнеше мәселелерді шешуге мүмкіндік берді: біріншіден, кітапхана ескі болды және келушілер аз болды; екіншіден, кәсіпкерлер іскерлік іс-шараларды өткізу үшін орын жоқ деп шағымдан-

ды; үшіншіден, азаматтардың мәдени және білімдік топтарымен байланыстың жоғалғаны байқалды. Осы мақсатта, сондай-ақ жаңа креативті шешімдерді қалыптастыру үшін жобаны іске асыруға жеке серіктес тартылды.

Жеке серіктестің жоба жетістігіне деген қызығушылығы кітапхана қызметін кеңейтуге, қосымша табыс табуға және келушілердің көп санын тартуға ықпал етті. Сонымен қатар, кітапханада бар алаңдарды тиімді пайдалануға қол жеткізіп, оқырмандар үшін ғана емес, сонымен қатар кітапханада өткізілетін түрлі мәдени іс-шараларға келушілер үшін де қолайлы орта құруға қол жеткізілді. Кітапхана Тихвин қаласының тұрақты дамуы үшін синергетикалық әсерді үйретуге мүмкіндік беретін халықтың түрлі санаттарының тартылу және белсенділік орнына айналды. Қазіргі уақытта қоғамдық іс-шараларды өткізу және жабдықтар мен үй-жайларды жалға беру кітапхананың 70% кірісін әкеледі. Келушілер саны күніне 30-дан 300 адамға дейін өсті. Кітапханада бұрынғы 3-4 іс-шараның орнына ай сайын 40-қа дейін іс-шара өткізіле бастады.

Кітапхана – бұл ауылда немесе қалада әлеуметтік-мәдени хаб құру бойынша жобаны жүзеге асырудың мүмкін болатын нұсқаларының бірі ғана. Хаб құру жергілікті бюджеттен күрделі шығындарды талап етпейді, бірақ операциялық бизнесті жүргізу тәжірибесі бар, барлық үдерістер мен операцияларды ұтымды ұйымдастыра алатын, жергілікті билік пен халықпен тиімді өзара іс-қимыл жасай алатын жеке серіктесті тартуды көздейді. Тіпті құрылыстың төмен сапасының бағасымен де тез табысқа жетуге мүдделі, «құрылысшының психологиясы» бар бизнесмендерге қарағанда, жеке серіктеспен ұзақ мерзімді өзара қарым-қатынасты құруға және дамытуға бағыт беру басты кезең болып табылады.

Қазақстанның қазіргі заманғы жағдайында жеке серіктестерді тарту жобаларды іске асыру үшін жергілікті бюджеттердің шектеулі қаржы мүмкіндіктерімен ғана емес, сонымен қатар табысты бизнесмендерде басқарушылық тәжірибенің, операциялық менеджмент білімінің және шенеуніктерге қарағанда тұтынушылардың мұқтаждықтары мен сұраныстарына неғұрлым нақты бағдарлануының болуымен де талап етіледі. Жергілікті биліктің мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктерін және жергілікті бюджеттерден бөлінетін қаражатты шебер пайдалана отырып, бизнестің

ауылды немесе қаланы дамытуға бағытталған жобаларға қатысуы үшін тартымды жағдайлар жасауға мүмкіндігі бар.

Хабқа арналған база ретінде «бизнесапгрейд» деп аталатын жеке серіктеске тиесілі ғимарат көрініс табуы мүмкін. Басқа нұсқа банк кепілінен жеке серіктес алған ғимарат болуы мүмкін, бұл бұрын пайдаланылған белгілі бір функционалы бар ғимаратты жаңаша пайдалану көзделетін «бизнес трейдин» тетігін құрайды. Хабқа арналған ғимараттың үнемі жақсаруы жеке серіктес үшін «бизнес тюнингті» білдіреді.

Ауылда немесе қалада хабтың арқасында қоғамдық кеңістік түрінде ашық орта құрылады, бұл тұрғындардың өмір сүру салтын өзгертуге және өз елді мекеніне деген қарым-қатынасын ынталандыруға қызмет етеді. Алайда хабты құру – бұл қосымша шаралар мен іс-әрекеттерді, жергілікті биліктің өзінен басқару әдістерін өзгертуді талап ететін бастапқы нүкте. Хаб айналасында пайда болатын қоғамдық кеңістік бір мезгілде қоғамдық ортаны өзгертіп, халықтың өмір салты мен санасындағы өзгерістерді ынталандыра отырып, өзара қарым-қатынасты өзгертіп, тұрғындар, бизнес пен билік арасындағы шекараны жоя отырып, мемлекеттік қызметшілердің ауыл немесе қала тіршілігінің барлық үдерістеріне тұрғындарды тарту тәсілдерін де өзгертеді.

Билік пен халық арасындағы өзара іс-қимыл мазмұнының басталған өзгеруі – бұл ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы мен адамдардың өмірі мен тұрмысының түрлі жақтарын цифрландыру әсерінен барлық жерде байқалатын үрдіс. Қазақстанның көптеген қалалары мен ауылдарында әлеуметтік желілерде (Facebook, Instagram және т.б.) жеке парақшалар құрылып, жүргізіліп жатыр, мұнда тұрғындар жергілікті және республикалық жаңалықтармен алмасып қана қоймай, маңызды оқиғалар туралы біліп, өзекті мәселелерді көтеріп, жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызметтердің сапасы туралы пікір айтады. Сонымен қатар, осы парақшалар арқылы тұрғындарды жиынға жинап, салық және басқа да міндетті төлемдерді жергілікті бюджетке тапсыру мерзімі туралы ескертеді.

Астанада «AstanaMall» сауда-ойын-сауық орталығында жұмыс істейтін «Multispace» коворкингі Қазақстандағы әлеуметтік-мәдени хаб түріндегі қоғамдық кеңістікті құрудың сәтті мысалдарының бірі болды. Бірнеше жыл бойы бұл сауда-ойын-сауық орталығы бос қалды, себебі қала тұрғындары мен қонақтары үшін ыңғайсыз

жерде орналасты. Тиімсіз орын жастар арасында танымал кино-театр мен фудкорттың жоқтығынан қиындай түсті. Коворкингтің құрылуымен шығармашыл жастар мен іскер адамдар легі пайда болды, оларды тарту үшін әртүрлі тақырыптық іс-шаралар өткізілді. Олар үшін қолайлы жағдай жасалды. Коворкинг адамдардың бір жерде шоғырлануын қамтамасыз етіп қана қоймай, қарым-қатынас, коммуникация, кездесулер мен бірлес уақыт өткізу, пікірлестерді табу аумағына айналды. Бүгінде бұл жаңа идеяларды іске қосу немесе ағымдағы жобалармен бірлесіп жұмыс істеу үшін таптырмас орын.

Әлеуметтік-мәдени хабтың қызықты жобасы Алматы қаласында да іске асырылды, онда белсенді жастардың, билік пен бизнестің бірлескен күш-жігерімен трамвай депосының базасында лофт-орталық құрылды. Ол, бірінші кезекте, волонтерлік қозғалыс орталықтарының, жас суретшілердің, жастар ресурстық орталығының, жастардың үкіметтік емес ұйымдарының, коворкинг-орталығының, workout-center, шеберханалардың, білім беру секцияларының бірігуі есебінен жастардың тартылу нүктесіне айналды. Лофт-орталық тұрғындар, билік, кәсіпкерлер арасындағы қоғамдық алаң және байланыс арнасы болды.

Хаб, жалпы қоғамдық кеңістік сияқты, нақты елді мекен үшін өзекті қызметтің түрлі түрлерін бір жерде біріктіруге мүмкіндік береді. Сондықтан қоғамдық кеңістік дұрыс ұйымдастырылған кезде ауыл мен қаланы дамыту үшін идеялар мен жобалардың инкубаторы, әртүрлі жаңалықтардың пайда болуы үшін қолайлы орта болады.


Қазіргі уақытта жергілікті атқарушы органдар кеңінен қолданытын «шағым-жауап» тетігі арқылы халықты тарту әдістері іс жүзінде мүдделі азаматтар мен кәсіпкерлердің өз елді мекенінің өміріне белсенді қатысуын шектейді.

Біздің ойымызша, әлеуметтік-мәдени хаб құру оң өзгерістерге, сананы жаңғыртуға, билік, халық және кәсіпкерлер арасындағы бюрократиялық шекаралардың жойылуына түрткі болады. Тұрғындар мен кәсіпкерлердің өздері өз ауылын немесе қаласын дамытуға белсенді қатысып, өздері тұратын және жұмыс істейтін елді мекеннің қандай болатынына өзінің жауапкершілігі мен мүдделілігін сезінуі керек. Тиісінше әкімдер мен олардың аппараттарының рөлі де, олардың ауылдар мен қалалардың аумағында жұмыс істейтін азаматтар мен ұйымдарға қатысты көзқарасы да өзгереді. Олар әлеуметтік-мәдени хаб құруға және әртүрлі тауарлар мен қызметтерді

өндіру үдерістерін ұйымдастыруға қатысуға және жәрдемдесуге ғана емес, сондай-ақ оларға басшылық етуге тиіс.

2020 жылға дейінгі Өңірлерді дамыту бағдарламасында хаб принципі негізінде хаб-қалалар (Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе, Өскемен) ұлттық және өңірлік өзара іс-қимыл орталықтары ретінде бөлінген: сауда-логистикалық және көліктік, қаржы және кадрлық орталықтар, ақпарат және технологиялар жеткізушілері [14]. Осы бағдарламаның бағыттарының бірі ауылдық округтер, ауылдар мен кенттердің орталықтарын дамыту болып табылады. Бұл ретте агломерацияның белгілі бір аймағына кіретін ауылдық елді мекендерге ерекше көңіл бөлінеді.

Мысалы, Астана қаласының маңында орналасқан Родина ауылы Астана агломерациясына кіреді, Астананы сүт өнімдерімен қамтамасыз етеді және тұрақты сұраныстың болуы есебінен белсенді дамып келеді. ««Родина» агрофирмасы» ЖШС Бас директоры мен құрылтайшысы Иван Сауэрдың пікірінше, бастапқыда мамандарды ұстап, сүт өндірісін дамытуға адамдарды тарту үшін ауылда қолайлы жағдай жасау керек болды, себебі «Ауыл шаруашылық кәсіпорны – бұл барлығы: өндірістік және әлеуметтік сала» байланысты болуы тиіс мемлекет. Ол үнемі тепе-теңдікті сақтауға тырысты: «Өндірісте бірдеңе жасалса, адамдар үшін де міндетті түрде бірдеңе жасау керек» [16].



4-сурет. Жобаны басқару әдістері

Ескерту: суретті авторлар жасады

Алайда, әлеуметтік-мәдени хаб құру – бұл тек бастапқы нүкте, оның көмегімен өзгерістер үдерісін бастауға болады, бірақ егер бұл үдеріс басқа әрекеттермен қолдау таппаса, онда ауылды немесе қаланы дамыту тоқтатылуы мүмкін. Мәселелердің тұйық шеңберін бұзу үшін басқа нүктелерге де ықпал ету керек, яғни бизнестің төмен табысы мен бюджет қаражатының жетіспеушілігі мәселесін шешу қажет.

Қоғамдық кеңістік және халық пен ресурстарды тарту орталығы ретінде хаб құру кезінде кәсіпкерлер мен мамандарды ұстап қалуға, адамдардың мәдениеті мен санасын өзгертіп, оларды елді мекен өміріне тартуға, байланыс арналарын кеңейтуге болады. Келесі маңызды қадам ауыл немесе қала инфрақұрылымын дамыту болып табылады, яғни тауарлар мен қызметтерді құру, қызмет көрсету, жеткізу қажет. Ол үшін жергілікті бюджетті жеңілдету және оның қаражатын басталған өзгерістерді қолдауға бағыттау қажет, бұл SMART басқару тұжырымдамасын дәйекті пайдалануды көздейді. МЖӘ орталығында әзірленген бизнес апгрейд, трейдин, тюнинг қаржы құралдары ауылды немесе қаланы дамытуға мүдделі жеке серіктес ұтымды пайдалануы мүмкін. Біздің ойымызша, ауылды немесе қаланы дамыту бойынша жұмысты кластер құрумен аяқтау қажет. Кластерлеу әдістемесінің көмегімен елді мекенді толық кешенді дамыту үшін жетіспейтін элементтер айқындалады. Нәтижесінде кластер құру мәселелердің тұйық шеңберін бұзуға ғана емес, сондай-ақ ауылды немесе қаланы жоғары тұрған бюджетке тәуелді емес және жергілікті биліктің, бизнестің және халықтың тығыз өзара іс-қимылына сүйенетін дербес, өзін-өзі қамтамасыз ететін субъектіге айналдыруға мүмкіндік береді.

Барлығы бірге – әлеуметтік-мәдени хаб, SMART басқару, қаржы құралдары (бизнес апгрейд, трейдин, тюнинг), кластерлеу - «Do it together» жағдайында биліктің, бизнестің және тұрғындардың әріптестігі арқылы кез келген елді мекенде ауылды немесе қаланы дамытудың оңтайлы құрылған жүйесін, бизнес желісін және тұрғындардың өмірі мен жұмысы үшін қолайлы жағдайлар жасауға қол жеткізуге болатын «Архимед тетігі» жобасы өнімдерінің желісін құрайды. Шын мәнінде, әлеуметтік-мәдени хаб ақылды тұрғындар мен кәсіпкерлер ақылды биліктің қолдауымен құрған ақылды қаланың өзегі болып табылады.

НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАР

1. Қазақстанның қалалары, ауылдары және басқа да елді мекендері олардың даму мүмкіндіктері мен перспективаларын шектейтін мәселелердің тұйық шеңберімен бетпе-бет келеді.
2. Кітапхана, мектеп, оқушылар сарайы немесе мұражай базасында ұсынылған әлеуметтік-мәдени хабты құру нақты елді мекен ауқымында билік, халық және кәсіпкерлер арасындағы бюрократиялық шекараларды жоюға, сананы жаңғыртуға, оң өзгерістерге серпін беруге мүмкіндік береді. Бұл ретте тұрғындар мен кәсіпкерлердің өздері тұратын және жұмыс істейтін өз ауылын немесе қаласын дамытуға мүдделі түрде қатысуы маңызды. Тиісінше, әкімдер мен олардың аппараттарының рөлі де, олардың ауылдар мен қалалардың аумағында жұмыс істейтін азаматтар мен ұйымдарға қатысты көзқарасы да өзгереді.
3. Әлеуметтік-мәдени хаб құру – бұл оң өзгерістер үрдісі іске қосылатын бастапқы нүкте ғана, бірақ егер оны басқа әрекеттермен қолдамаса, онда ауылды немесе қаланы дамыту тоқтауы мүмкін. Сондықтан Қазақстандық мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орталығы әзірлеген «Архимед тетігі» шатырлық жобасы құралдарының жиынтығын пайдалану маңызды болып табылады. Тек осы жағдайда ғана жергілікті билік, жеке бизнес және халық мүддесінде елді мекеннің тұрақты дамуына қол жеткізуге болады.

FTAMP
06.52.17

Слямжар Ахметжаров

*ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ әлеуметтік-саяси зерттеулер
бөлімінің ғылыми қызметкері*

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТІРЕК АУЫЛДЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН ТАЛДАУ

Аңдатпа: Мемлекеттің әлеуметтік саясатын іске асыру – қоғамның серпінді дамуы үшін маңызды шарттардың бірі. Қазіргі даму жағдайында адам экономикада бірінші дәрежелі рөлге ие, сондықтан көбінесе мемлекеттің әлеуметтік қызметтерінің қолжетімділігімен айқындалатын елдің ілгерілеуі мен әлеуеті көп жағдайда халықтың әл-ауқатының деңгейіне байланысты. Осы мақалада денсаулық сақтау және білім беру салаларына қатысты Қазақстанның ауылдық елді мекендерінде мемлекеттің әлеуметтік қызметтерінің қолжетімділігін талдау келтіріледі.

Түйін сөздер: *әлеуметтік қызметтер, ауылдық елді мекендер, ауыл, денсаулық сақтау, білім беру.*

АНАЛИЗ ДОСТУПНОСТИ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СОЦИАЛЬНЫХ УСЛУГ В СЕЛЬСКИХ НАСЕЛЕННЫХ ПУНКТАХ КАЗАХСТАНА

Аннотация. Реализация социальной политики государства является одним из важнейших условий для динамичного развития общества. В современных условиях развития человек занимает первостепенную роль в экономике, именно поэтому прогресс и потенциал страны во многом зависит от уровня благосостояния населения, которое во многом определяется доступностью социальных услуг государства. В настоящей статье приводится анализ доступности социальных услуг государства в сельских населенных пунктах Казахстана в ракурсе сфер здравоохранения и образования.

Ключевые слова: *социальные услуги, сельские населенные пункты, село, здравоохранение, образование.*

Slyamzhar Akhmetzharov

ANALYSIS OF THE AVAILABILITY OF PUBLIC SOCIAL SERVICES IN RURAL AREAS OF KAZAKHSTAN

Abstract. The implementation of the social policy of the state is one of the most important conditions for the dynamic development of society. In modern conditions of development, a person occupies a primary role in the economy, which is why the progress and potential of a country largely depends on the level of welfare of the population, which is largely determined by the availability of social services of the state. This article analyzes the availability of state social services in rural areas of Kazakhstan from the perspective of the health and education sectors.


Key words: *social services, rural settlements, healthcare, education*

Кіріспе.

Қазақстанда қазіргі уақытта әлеуметтік сала аясындағы мемлекеттік саясаттың қарқындылығы байқалуда. Мәселен, ҚР Президентінің ағымдағы жылдың қаңтарындағы Жолдауында озық білім беру, бірінші дәрежелі денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандырудың әділ жүйесі арқылы Қазақстан азаматтарының өмір сүру сапасын арттыруға ерекше назар аударылды.

Ағымдағы жылы республикалық әлеуметтік салаға арналған бюджет шығындары өткен жылмен салыстырғанда 12%-ға өсіп, 4 триллион теңгеден асты. Соңғы 10 жылда әлеуметтік салаға арналған мемлекеттің жиынтықты шығындары бес есеге дерлік өсті. Мемлекеттік саясаттың әлеуметтік бағыты адам капиталының серпінді өсуі үшін барлық қажетті жағдайларды жасауға мүмкіндік береді, ол кейіннен Қазақстанды сапалы жаңғырту үшін негіз болады.

Қазақстанда қалалану қарқынының өсуі жағдайында мемлекет үшін ауылда әлеуметтік қызметтердің дамуы ерекше маңызға ие. Бүгінгі күні ауылдарда 7,8 млн. адам немесе ел халқының 43%-ы тұрады. Өртүрлі мамандарды қоса алғанда, ауыл тұрғындарының белсенді ішкі көші-қоны және қалаға кетуі Қазақстанның ауылдық елді мекендерінде сапалы медициналық қызмет көрсетуге, базалық білім беруге және әлеуметтік қамтамасыз етуге халықтың қол жеткізу мәселелерін өзектендіреді.



1-сурет. 2017-2018 жылдардың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша табысы күнкөріс минимумынан төмен ауыл тұрғындарының үлесі

Осыған байланысты ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайын социологиялық зерттеу деректері¹, сондай-ақ ҚР ДСМ² және ҚР БҒМ³ 2017-2018 жж. ұсынған статистикалық ақпарат негізінде денсаулық сақтау және білім беруге қатысты ауыл тұрғындарына мемлекеттің әлеуметтік қызметтерінің қолжетімділігін талдау қажет.

Бүгінгі таңда мемлекеттің әлеуметтік саясатындағы ағымдағы трендтерді мынадай блоктар бойынша топтастыруға болады:

¹ «Қазіргі қазақстандық ауыл тұрғынының әлеуметтік портреті» ҚСЗИ әлеуметтік зерттеуі негізінде

² Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі

³ Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

1. Инфрақұрылымның болуы және кадрлармен қамтамасыз етілуі контекстінде ауылдарда медициналық көмектің қолжетімділігі

2018 жылы республикалық бюджет шығыстары 4%-ға артып, 1 063 млрд теңгені құрады.

Ауылдарда медициналық қызмет көрсету саласында назар аударуды талап ететін мынадай үрдістер байқалады:

• Медициналық мекемелер мен объектілердің жетіспеушілігі.

Орта есеппен Қазақстан бойынша ауылдық елді мекендерде бір аурухана 26 760 адамға қызмет көрсетеді. Өңірлер бөлінісінде ауруханалардың ең көп жұмысбастылығы (2-сурет) Жамбыл, Маңғыстау және Ақмола облыстарында байқалады.




2-сурет. Ауылдарда 1 ауруханаға шаққандағы адам санымен өңірлердің топ-3-і

Отбасылық-дәрігерлік амбулаториялардың жұмысбастылығы бойынша республиканың ауылдық елді мекендерінде орташа көрсеткіш 1 объектіге 6014 адамды құрайды. Өңірлік бөліністе мынадай салалар көш бастап тұр (3-сурет):




3-сурет. Ауылдарда 1 отбасылық-дәрігерлік амбулаторияға шаққандағы адам санымен өңірлердің топ 3-і.

Ауылдардағы фельдшерлік пункттердің орташа жұмысбастылығы республика бойынша 1 объектіге 9045 адамды құрайды. Өңірлік бөліністе (4-сурет) фельдшерлік пункттердің жетіспеушілігі Маңғыстау, Атырау және Ақтөбе облыстарында байқалады.



4-сурет. Ауылдарда 1 фельдшерлік пунктке шаққандағы адам санымен өңірлердің топ-3-і.

Қазақстанның ауылдық елді мекендерінің стационарлық бөлімшелерінде орташа есеппен бір төсекке 511 адамнан келеді. Өңірлер бөлінісінде төсек-орындардың жетіспеуі мынадай өңірлерде байқалады (5-сурет):




5-сурет. Ауылдарда 1 төсек-орынға шаққандағы адам санымен өңірлердің топ-5-і.

Әлеуметтік зерттеуге сәйкес, жедел жәрдем көлігінің болмау проблемасы Ақтөбе облысының ауылдарына тән (71,9%).

Медициналық талдауларды тапсыру пункттеріне Қостанай облысы ауылдарының тұрғындары мұқтаж (20,2%).


Сонымен қатар, «Сіздің ойыңызша, ауыл тұрғындарының өмірін жақсарту үшін не қажет?» деген сұраққа Ақтөбе (40,6%) және Маңғыстау (35,6%) облыстарынан әлеуметтік зерттеуге қатысушылардың басым бөлігі медициналық мекемелердің санын арттыру қажеттігін атап өтті.

• **Медицина кадрларының жұмысбастылығы мен жетіспеушілігі.** Ауылдарда орта есеппен 1 жалпы тәжірибелік дәрігерге 1909 тұрғын келеді. Өңірлік бөліністе жалпы тәжірибелік дәрігерлердің ең көп жұмысбастылығы СҚО, Атырау облысында және ОҚО-да байқалады (6-сурет).




**6-сурет. Қазақстанның ауылдық елді мекендеріндегі
1 жалпы тәжірибелік дәрігеріне шаққандағы адам саны**

Ауылдарда орта есеппен 1 терапевтік бөлімшеге 2053 адам тіркелген. Өңірлік бөліністе (7 сурет) терапевтік бөлімшелердің ең көп жұмысбастылығы СҚО-да, Жамбыл облысында және ШҚО-да байқалады.



**7-сурет. Қазақстанның ауылдық елді мекендеріндегі
1 терапевтік бөлімшеге тіркелген адам саны**

Ауылдарда орта есеппен 1 педиатриялық бөлімшеге 942 бала тіркелген. Өңірлік бөліністе (8-сурет) педиатриялық бөлімшелердің ең көп жұмысбастылығы Жамбыл, ОҚО, СҚО, Қостанай және Павлодар облыстарында байқалады.



8-сурет. Ауылдарда 1 педиатриялық бөлімшеге тіркелген балалардың ең көп саны бар өңірлердің топ-5-і.

Медицина кадрларының жетіспеушілігі әлеуметтік сауалнама нәтижелерімен расталады. Ауыл респонденттерінің жауаптарына сәйкес «Тар шеңберде мамандандырылған дәрігерлердің болмауы», «Дәрігерлердің жетіспеушілігі» және «Құзыретті мамандардың төмен саны» денсаулық сақтау саласында кең таралған мәселелердің тізіміне кіреді.

Әлеуметтік зерттеуге сәйкес медицинаның қолжетімділігіне теріс әсер ететін қосымша факторлар:

- **Ауруханалар мен дәріханалардағы дәрілердің аз тізімі.** Әрбір төртінші респондент (25,3%) бұл мәселені маңызды деп көрсетті;

- **Медициналық қызмет көрсетуге бөлінетін квоталар саны аз.** Әрбір бесінші респондент (19,9%) осы практиканың кең таралғанын атап өтті.

2. Ауыл тұрғындарының мектепке дейінгі және орта білім беру жүйесіне қолжетімділігі.

2018 жылы білім беру шығындары әлеуметтік саланың басқа баптарымен салыстырғанда 18,2%-ға төмендеді және 375,32 млрд. теңгені құрады. Шығыстардың төмендеуі негізінен Назарбаев Университетіне нысаналы салымның қысқаруымен, сапалы мектеп білімінің қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі шығыстардың қысқаруымен, орта білім беру ұйымдарының кадрларын қайта даярлауға арналған шығындардың азаюымен және білім беру мекемелерін салуға және қайта жаңартуға арналған трастың болмауымен байланысты болды.


Ауылдарда білім беру саласында назар аударуды талап ететін мынадай үрдістер байқалады:

- **Ауылдық елді мекендерде шағын жинақты мектептердің басым болуы.** Бүгінгі күні Қазақстанда 5402 (республика бойынша мектептердің жалпы санынан 72,9%) ауылдық мектеп жұмыс істейді, олардың көбін шағын жинақты мектептер (54,5%) құрайды.

Ауылдық жерлерде барлығы 1 400 098 оқушы оқиды (оқушылардың жалпы контингентінің 45,9%-ы).


• **Ауылдардағы орта білім сапасы қаладан төмен.** ЭЫДҰ зерттеулеріне сәйкес⁴ Қазақстанда ауылдық елді мекендерде оқыту деңгейі қалалық білім беруден екі жылға артта қалып отыр. Сонымен қатар, ҚСЗИ әлеуметтік сауалнамасының қорытындысы бойынша, 18-29 жас аралығындағы ауыл жастарының 70%-ы – соңғы мектеп түлектері, ағылшын тілін білмейтіндерін атап өтті. Бұл факт ауыл мектептеріндегі оқыту деңгейін жанама түрде көрсетеді. Ауыл мен қала арасындағы білім берудегі алшақтық мұғалімдердің төмен біліктілігімен байланысты болуы әбден мүмкін. Ауылдық педагогтар бөлінісінде 89,2% жоғары білімді және 16,5% жоғары санатты, қалада бұл көрсеткіштер жоғары – тиісінше 92,5% және 30,6%.

• **Қазақстанның жекелеген өңірлерінде ауылдық мектептер мен мектепке дейінгі мекемелердің жұмысбастылығы байқалады.** Ауылдық мектепке жүктеменің орташа көрсеткіші – 1 нысанға 259 баладан. Ауылдардағы мектептердің ең көп жұмысбастылығы Маңғыстау, ОҚО, Атырау және Алматы облыстарында байқалады (9-сурет):



9-сурет. Ауылдарда 1 мектепке шаққанда ең көп оқушылар саны бар өңірлер.


Ауылдарда мектепке дейінгі мекемеге түсетін жүктеменің орташа көрсеткіші – 1 нысанға 58 баладан. Ауылдық елді мекендерде мектепке дейінгі мекемелердің неғұрлым көп жұмысбастылығы Маңғыстау, ОҚО және Жамбыл облыстарында байқалады (10-сурет):



10-сурет. Ауылдарда 1 мектепке дейінгі мекемеге шаққандағы балалар саны көп өңірлердің топ-3-і.

⁴ https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazhastane-selskie-shkolyi-urovnyu-prepodavaniya-otstayut-292418/

• **Қазақстанның жекелеген өңірлерінде мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі мекемелер тәрбиешілерінің жұмысбастылығы байқалады.** Ауыл мұғаліміне түсетін жүктеменің орташа көрсеткіші – 1 педагогқа 8 оқушыдан. Өңірлік бөліністе (11-сурет) мұғалімдердің ең көп жұмысбастылығы Маңғыстау, Алматы, Атырау, ОҚО және Жамбыл облыстарында байқалады.




11-сурет. Ауылдарда 1 оқытушыға шаққанда оқушылар саны көп өңірлердің топ-3-і.

Сонымен қатар, кадрлардың қажеттілігіне қатысты педагогтардың басым бөлігі СҚО, Қарағанды облысы мен ШҚО шағын жинақты мектептерінде жетіспейді.

Педагог кадрлардың жетіспеушілігі әлеуметтік сауалнама нәтижелерімен расталады, онда бұл мәселе ең кең таралғандардың (23,5%) бірі ретінде белгіленді.

Қазақстанның ауылдық елді мекендері арасында ШҚО, Ақтөбе, Маңғыстау және Ақмола облыстарындағы мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиешілері аса жұмысбасты (12-сурет):



12-сурет. Ауылдарда 1 тәрбиешіге шаққандағы балалардың орташа саны.

Респонденттердің жауаптарына сәйкес ауылдардағы білім беру қызметтерінің сапасына кері әсер ететін қосымша факторлар:

• **Қосымша үйірмелер мен секциялардың болмауы.** Бұл мәселе ауыл тұрғындарының пікіріне сәйкес ауылдық мектептерде (25,4%) ең кең таралған мәселе болып табылады.

• **Сыныптарды компьютерлендіру деңгейінің төмен болуы.** Әрбір бесінші ауыл респонденті (21,3%) осы мәселенің болуына алаңдаулы. Бұл жерде сыныптардың төмен компьютерлендірілу факторы жанама түрде ОҚО мен Ақтөбе облысында байқалатынын атап өту керек, мұнда 18-29 жас аралығындағы әрбір үшінші жас респондент компьютер мен интернетті пайдалана алмаймыз деп жауап берді.

Жалпы алғанда, мектептегі білім беру саласында белгілі бір мәселелердің болғанына қарамастан, әлеуметтік сауалнама нәтижелеріне сәйкес, ауылдарда білім беру объектілерінің болу деңгейі жоғары деп бағаланатынын атап өту қажет. Осылайша, ауыл тұрғындарының 99,1%-ы олардың тұратын жерлерінде мектептердің бар екенін атап өтті, ал әлеуметтік зерттеуге қатысушылардың 97,1%-ы балабақшалардың бар екенін көрсетті.

Тұжырымдар

Әлеуметтік зерттеу деректері мен министрліктер ұсынған мәліметтердің салыстырмалы талдауы ауыл тұрғындарына мемлекеттің әлеуметтік қызметтерінің қолжетімділігіне қатысты мынадай үрдістерді анықтауға мүмкіндік береді:

Ауылдық денсаулық сақтау саласында кадрлармен қамтамасыз етудің төмендігі, нашар дамыған инфрақұрылым мен материалдық база, сондай-ақ медициналық мекемелердің жетіспеушілігі байқалады, олар жиынтығында Қазақстанның ауыл тұрғындарының сапалы медициналық қызметтер алуға қолжетімділігін шектейді. Өңірлік бөліністе денсаулық сақтау жүйесіне қолжетімділіктің неғұрлым төмен деңгейі СҚО, Қостанай және Маңғыстау облыстарының ауылдық елді мекендерінің тұрғындарында байқалады.

Қазақстанның ауылдық елді мекендерінде халықтың міндетті орта білім беру жүйесіне жоғары қолжетімділігі қамтамасыз етілген. Бұл, бірінші кезекте, шағын жинақты мектептердің кең таралуына байланысты, олар шағын ауылдардағы балаларды оқытумен қамтуға мүмкіндік береді. Алайда, қосымша үйірмелер мен секциялардың болмауы, кадрлардың жетіспеушілігі, сыныптардың төмен компьютерлендірілуі және мұғалімдердің құзыреті ауылдық балалардың толыққанды және сапалы білім алу мүмкіндіктерін шектейді. Соның салдарынан ауылдық және қалалық білім беру деңгейі арасында алшақтық байқалады.

FTAMP

10.23.31

«Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы

ҚАЗАҚСТАНДА КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ*

Аңдатпа: Шағын және орта кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Кәсіпкерлікке жан-жақты көмекті тарту және көрсету мақсатында «Атамекен» ҰКП құрылды. Бұл мақалада ұйымның негізгі ережелері келтіріледі және «Бастау» жобасының аралық қорытындылары қарастырылады.

Түйін сөздер: Атамекен, ҰКП, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, Бастау, Бастау Бизнес, кәсіпкерлерге көмек көрсету, кәсіпкерлік негіздеріне оқыту, кәсіпкерлердің құқығын қорғау

Национальная палата предпринимателей РК «Атамекен» ПОДДЕРЖКА ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация. Становление и развитие малого и среднего предпринимательства является одним из приоритетных направлений государственной политики. С целью вовлечения, оказания всесторонней помощи была создана НПП «Атамекен». В данной статье приводятся основные положения организации и рассматриваются промежуточные итоги проекта «Бастау».

Ключевые слова: Атамекен, НПП, Национальная палата предпринимателей, Бастау, Бастау Бизнес, помощь предпринимателям, обучение основам предпринимательства, защита прав предпринимателей

The national chamber of entrepreneurs of the Republic Kazakhstan «Atameken»

SUPPORT OF ENTREPRENEURSHIP IN KAZAKHSTAN

Abstract. The formation and development of small and medium-sized businesses is one of the priorities of state policy. With the aim of promoting

* <http://atameken.kz/> сайтының материалдары пайдаланылды

the provision of comprehensive care was created by the NCE «Atameken». This article presents the main provisions of the organization, and discusses the interim results of the project "Bastau".

Key words: *Atameken, NCE, The national chamber of entrepreneur, assistance to entrepreneurs, learning the basics of entrepreneurship, protection of the rights of entrepreneurs*

Коммерциялық кәсіпкерлік жүйесін қалыптастырудың ұзақ тарихы бар. Ортағасырлық көпестер, саудагерлер, қолөнершілер сол кезде жаңадан бастаған кәсіпкерлер болды. Бұл бағыттың дамуы бірқатар факторларға байланысты болды, олардың арасында айырбас, қоғамдық еңбек бөлінісі және т.б. қатынастардың дамуы елеулі рөл атқарды. Барлығы бірге нарықтық қатынастар жүйесінің қалыптасуына себеп болды.

Жалпы анықтамаға сәйкес кәсіпкерлік (бизнес) адамдар арасындағы, нақты айтқанда, іске қатысушылар арасындағы іскерлік қатынастар ретінде сипатталады. Экономикалық сипаттағы қандай да бір іспен айналысатын адам іскер адам, бизнесмен болып табылады.

Көптеген дамыған елдерде шағын және орта бизнесті қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді, өйткені дәл осындай бизнес қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге барынша тиімді ықпал етеді. Бірінші кезекте кәсіпкерлік класс экономиканың ажырамас атрибуты, экономикалық қатынастардың дербес субъектісі болып табылады. Шағын кәсіпкерліктің маңызды рөлі: нарықты қажетті тауарлармен және қызметтермен молықтыру, жұмыс орындарын ұсыну есебінен жұмыссыздық деңгейін төмендету, тауарлар мен қызметтер нарығында қалыпты бәсекелестікті дамыту және т.б. сияқты мәселелерді шешуге ықпал етеді. Экономикалық әдебиетті және шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі туралы нақты статистикалық деректерді талдау шағын кәсіпорындардың тұрақтылығы салыстырмалы түрде төмен болғанымен, дамыған нарықтық экономикасы бар елдерде де шағын кәсіпорындар рөлінің күшейгенін дәлелдейді.

Жас тәуелсіз Қазақстан құрылған алғашқы күннен бастап шағын және орта бизнеске нарықтық экономиканы қалыптастырудағы жетекші рөлдердің бірі беріледі. Қазақстанда бұл сектордың қоғамның әлеуметтік және экономикалық дамуына әсері, үлесіне жалпы ішкі өнімнің жартысынан астамы тиесілі Батыс Еуропа, Америка және Оңтүстік-Шығыс Азияның дамыған елдеріндегі сияқты айтарлықтай болмаса да, елдегі шағын кәсіпкерлік іскерлік өмірдің жаппай, серпінді дамып келе жатқан бөлігіне айналды.

Яғни, Қазақстан Республикасындағы шағын бизнес тәуелсіздік алғаннан бері еліміздің мемлекеттік саясатындағы басым бағыттардың бірі болды. Қоғам мен мемлекеттік билік шағын бизнес нарықтық тетіктерді қалыптастырудың негізгі шарттарының бірі болып табылатынын және қазіргі заманғы экономикалық жүйенің құрамдас бөлігі екендігін күн өткен сайын ұғынып келеді. Бұл ретте кәсіпкерлердің басым бөлігі шаруашылық жүргізудің нарықтық жүйесіне негізделген мемлекет экономикасының тұрақтылығын қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар қоғамдағы саяси үдерістерге әсер ететін және оларды тұрақтандыратын орта тапқа жатады.

«Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың басым және аймақтық бағдарламалары туралы» ел Президентінің 1997 жылғы 7 шілдедегі № 3589 Жарлығы, «Шағын кәсіпкерлікті дамытуды мемлекеттік қолдауды күшейту және жандандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлық және т. б. қабылданған 1997 жылды өркениетті бизнестің пайда болу кезеңі деп атауға болады. Содан бері оның басым дамуы мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады және қоғамдағы түбегейлі өзгерістердің көпшілігі сонымен байланысты. Қазақстанда мемлекеттік меншікті қайта құру және жекешелендіру үдерісі жөніндегі шаралар өз рөлін атқарды. Мәселен, 1997 жылы ғана секторлық бағдарламаларды іске асыру шеңберінде әлеуметтік саланың 1946 объектісі жекешелендірілді, оның 162 объектісі мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына жатқызылды.

Қазіргі уақытта Қазақстанда кәсіпкерлік қызмет одан әрі дами түсті. Шағын бизнесті қолдау саласындағы функциялар мен өкілеттіктер ҚР Ұлттық экономика министрлігіне, ҚР Қаржы министрлігіне және басқаларға берілді. Мемлекеттің шағын бизнестің тағдырына араласуы кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың бірнеше жылдық бағдарламаларын әзірлеуден және кезең-кезеңмен қабылдаудан көрініс тапты. Аталған бағдарламаларға салыстырмалы талдау жасай отырып, олардың барлығы, ең алдымен, экономиканың басым салаларындағы шағын бизнестің үлесін арттыруға бағытталғанын атап өтуге болады. Әсіресе өндірістік салада, ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін дамытуда, халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуде, қаржы-несиелік және инвестициялық саясатты жетілдіруде, сондай-ақ осы салада нормативтік-құқықтық базаны жасауда.

Мемлекет тарапынан шағын және орта бизнес өкілдері үшін жан-жақты көмек көрсетіледі. Өңірлерде кәсіпкерліктің жаңа қабатын дамытуды қамтамасыз ететін маңызды мәселелерді шешу, мысалы, Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2010 жылғы 29 қаңтардағы Жолдауында («Бизнестің жол картасы-2020») көрсетіл-

ген. Мемлекет басшысы кәсіпкерлік, ең алдымен, шағын және орта бизнес жаңа экономиканың қозғаушы күші болып табылатынын атап өтті.

Сонымен қатар, бұл бағыттағы маңызды қадам: 2013 жылдың 9 қыркүйегінде ҚР Үкіметі мен «Атамекен» Одағы» ҚҰЭП-ның бірлескен шешімімен бизнестің ҚР Үкіметімен және мемлекеттік органдармен келіссөз күштерін күшейту үшін «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы коммерциялық емес ұйымы құрылды.

2015 жылғы 27 наурызда Қазақстан Республикасының «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасына ресми түрде қайта тіркелді (ҚР ҰКП II кезектен тыс Съезінің 27.01.2015 ж. шешімімен). «Атамекен» ҚР ұлттық кәсіпкерлер палатасын құру кезінде бизнес-қауымдастықтарды ұйымдастырудың континенттік моделі негізге алынды. Кәсіпкерлердің жалпы мүшелігіне Палатаның континенттік (еуропалық) моделі негізделген. Бұл модель Франция мен Германияда жасалған және бүгінде көптеген еуропалық елдерде табысты қолданылады. Бүгінде Еуропалық Одақтың 19 миллион кәсіпорнының 15,5 миллионы жалпы мүшеліктің бизнес-ортасында жұмыс істеуде.

Кәсіпкерлер палатасы ішкі және сыртқы сауданы қоса алғанда, кәсіпкерліктің барлық салаларын өз қызметімен қамти отырып, шағын, орта және ірі бизнестің мүддесін білдіреді. «Атамекеннің» басты міндеті – бизнестің құқықтары мен мүдделерін қорғау және бизнес жұмысының заңнамалық және өзге де нормативтік ережелерін қалыптастыру үдерісіне барлық кәсіпкерлердің кеңінен қамтылуын және тартылуын қамтамасыз ету.

Қызметі іскерлік, инвестициялық ахуалды, тұрақтылықты жақсартуға, ұлттық және шетелдік инвесторлар үшін елде бизнес жүргізу шарттарын дамытуға бағытталған.

Негізгі функциялары: кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және өкілдік ету;

- өңірлерде кәсіпкерлік белсенділікке, кәсіпкерлік қызмет жағдайларына қоғамдық бақылау жүргізу;
 - кәсіпкерлікті қолдау және дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларға қатысу;
 - отандық өндірісті қолдау және ұйымдардың сатып алуларындағы жергілікті қамту үлесін арттыру;
 - кадрларды даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру, сертификаттау және аттестаттау, техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту;
 - кәсіпкерлік субъектілерінің сыртқы экономикалық қызметін ынталандыру;
 - инвестиция тарту және экономиканы әртараптандыру.
- Сонымен қатар, Ұлттық палата қазақстандық бизнесті мемлекеттік

бағдарламаларды іске асыруға белсенді түрде тартуды қолдайды. Мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында іскер топтардың мүдделерін қорғайды, шет елдердің бизнес-қоғамдастығымен байланысты кеңейтеді және нығайтады, сондай-ақ интеграциялық үдерістер шеңберінде қазақстандық бизнесті қолдауға қатысады.

Қазақстанның дәстүрлі даму саласы агроөнеркәсіп кешені болып табылады және Ұлттық палата ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді қолдау бойынша шаралар кешенін қабылдайды. «Атамекен» жанынан «Құзыреттілік орталығы» құрылып, табысты жұмыс істеуде, оның қызметі фермерлердің білім деңгейін арттыруға бағытталған. Жыл сайын Орталықтың құзыретті мамандары жұмыс істеп тұрған шаруашылықтар базасында көшпелі семинарлар өткізеді, кәсіпкерлерге қашықтан режимде кеңес береді. «Атамекен» Agrobilim.kz білімнің қолжетімділігін арттыру жобасының операторы болып табылады. Порталда білім беру семинарлары, агробизнесті құру жөніндегі ұсынымдар орналастырылған. Бұдан басқа, Agrobilim.kz порталынан әрбір саладағы технологиялық циклдер туралы бейнероликтерді, Қазақстандағы ауыл шаруашылығы туралы талдамалық мақалалар мен шолуларды табуға болады.



1-сурет. «Agrobilim.kz» жобасының бастапқы беті

Қазіргі экономикалық жағдайда АӨК саласы мемлекеттік қолдаудың жаңа шараларын қажет етеді. Қазіргі уақытта Қазақстан астықты шикізат ретінде экспорттайды. Алайда әлемде астықты терең өңдеу өнімдеріне деген үлкен сұраныс бар. Осыдан, өңірлерде ірі зауыттар құру, астықты қайта өңдеу қажеттілігі туындады деген қорытынды шығады. Бұл еліміздің экспорттық әлеуетін арттырады. Бірінші ке-

зекте, серіктес ретінде үлкен тұтыну нарығы және азық-түлікке деген үлкен сұранысы бар Қытайды қарастыруға болады.

Өз кезегінде, мұндай жағдайда экспорттаушыларға нақты қолдау жүйесі қажет. Белгіленген жүйе мынадай тармақтарды қарастыруы мүмкін:

- Негізгі нарықтарда кең өкілдіктер желісін құру – Ресей, Қытай, Иран;
- Экспорттық жеткізілімдерді ілгерілету бойынша қаржыландыруды айтарлықтай ұлғайту;
- АӨК-ті несиелеудің қолжетімділігін қандай да бір субсидиялау бағдарламаларынсыз қамтамасыз ету қажеттілігі, өйткені іс жүзінде оларға сенім аз және олар өндірісті ұлғайту мен жаңғыртудың кепілі бола алмайды.

«Атамекен» барлық субсидиялау және қолдау бағдарламалары өндірістің өсуіне, экспортты ілгерілетуге және агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қайта бағдарлануға тиіс екеніне сенімді. Өз кезегінде, табиғи монополиялар тарифтерін төмендету мақсатында субсидиялау бағдарламаларын қайта бағдарлау отандық кәсіпорындардың шығындарын қысқартады, сондай-ақ халықтың әлеуметтік әл-ауқатына оң әсер етеді.


Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында 2050 жылға қарай ел ЖІӨ-сіндегі шағын және орта бизнестің үлесін кемінде 50% қамтамасыз ету өршіл және стратегиялық мақсаттардың бірі болып табылатынын атап өтті.

Осы жылдан бастап Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын іске асыру басталды.



Шағын және орта бизнесті дамыту саласында қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында шағын несие беру географиясын кеңейту, кәсіпкерлерді кепілдендіру және қызметтік қолдау құралдарын белсенді пайдалану маңызды. Бұл шараларды бизнес пен қаржылық сауаттылықты оқытуды ұйымдастырумен ұштастыру қажет.

2-сурет. «Бастау» жобасының хронологиясы



3-сурет. Жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасының ерекшеліктері

Практикалық оқытудың ұзақтығы 1 айды құрайды, жеке оқыту бір топқа 120 сағаттан аспайды.

2017 жылдың 1 сәуірінен бастап Жұмыспен нәтижелі қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы бағыттарының бірін жүзеге асыру, атап айтқанда, «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту және ауыл мен қалаларда кәсіпкерлік бастамаларды қолдау бойынша жұмыс басталды.

Осы бағдарламаның негізгі мақсаты халықты жұмыспен нәтижелі қамтуға жәрдемдесу және азаматтарды кәсіпкерлікке тарту болып табылады.



4-сурет. 2017 жылғы «Бастау» жобасын қамту

«Бастау» жобасы Бағдарламаға қатысушыларды кәсіпкерлік дағдыларға, соның ішінде ауыл шаруашылығы кооперативтерін қалыптастыру қағидаттарына оқытуға, сондай-ақ олардың бизнес жобаларын сүйемелдеуге бағытталған. «Бастау» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқытудың қатысушылары, жұмыспен қамту орталықтарында тіркелгеніне қарамастан, жұмыссыздар және өз бетінше жұмыспен айналысушылар, кәсіпкерлік әлеуеті бар және ауылдық елді мекендер мен аудан орталықтарында тұратын жұмыссыздар бола алады. Сондай-ақ осы жобаға қатысушы жеке тұлғалар – тіркелген сәттен бастап 3 жылдан аспайтын бизнес жүргізу тәжірибесі бар, жұмыс істеп тұрған және ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер де бола алады.

Жобаға қатысу үшін міндетті шарт кәсіпкерлік қызметпен айналысуға ынтасын анықтау үшін тестілеу кезеңінен өту болып табылады. Оқытуға жіберу үшін шекті мән өткізу өңіріне қарай түзету мүмкіндігімен 100 балдық жүйе бойынша 55 балл мөлшерінде айқындалады. Оқыту жобаға қатысушылар үшін тегін болып табылады. «Бастау» жобасын қаржыландыру Бағдарлама операторы мен Қаржылық емес қолдау операторы арасында тиісті шарт жасасу арқылы республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Осы Қағидалардың талаптарына жауап беретін жеке тұлға күнтізбелік жыл ішінде бір реттен артық емес «Бастау» жобасына қатысуға құқылы.

Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушыларға тиісті құжат, бұл жағдайда екі түрі бар сертификат беріледі. Біріншісі – бұл оқытуды аяқтағаны туралы сертификат. Оны бизнес-жоспарды дайындаған және алдын ала қорғауға жіберілген оқытуға қатысушылар алуға құқылы. Екіншісі – бұл жобаға қатысқаны туралы сертификат, оны құзыреттілік деңгейін арттырған, бірақ оқытуды аяқтау кезінде әзірленген бизнес-жоспары болмаған қатысушылар алады.

2017 жылы «Бастау» жобасы бойынша барлығы 15 000 адам оқытудан өтті. Алты ағынның қорытындысы бойынша 2017 жылы облыстық комиссия алдында 8285 қатысушы өз жобаларын әзірлеп қорғады, бұл оқытылғандардың жалпы санының 56%-ын құрайды.



5-сурет. 2017 жылғы бизнес-жобалар саны

Қазірдің өзінде 3314 жоба іске қосылды, яғни барлық ұсынылған жобалардың 40%-ы іске асыру сатысында.

Бизнес-жоба бизнестің келесі салаларына жатады:

- АӨК (мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы) – 80%;
- бизнестің ауыл шаруашылық емес түрлері (ұсақ қайта өңдеу, қызмет көрсету саласы және басқа да бағыттар) – 20%;

Әр жоба орташа алғанда 1-ден 4-ке дейінгі жұмыс орнын ашады.

Бизнес-жобалар сол аудан мен өңірдің қажеттілігіне орай, бірқатар бизнес-тренердің маркетингтік зерттеулері бойынша әзірленеді, сондай-ақ бизнес-жоспарлар аудандардың мамандандырылу картасына қайшы келмейді.

Бизнес-жобаларды салалар бойынша бөліп талдау мал шаруашылығының ауыл тұрғындарының арасында сұраныста екенін көрсетті. Осы бағыт (ірі қара мал, жылқы шаруашылығы, қоян өсіру, құс шаруашылығы) 80% үлесті алып отыр. Аталған сала бойынша ең көп үлес (46%) ірі қара мал өсіру еншісінде.

Жалпы алғанда, мынадай деректерді келтіруге болады:

- Етті тұқымды ірі қара малы (бордақылау) – 20%,
- етті-сүтті тұқымды ірі қара малы (репродукция) – 45%,
- сүтті тұқымды ірі қара малы (ет және сүт өндіру) – 35%.

2018 жылы нысаналы көрсеткіштер екі есе артады, оқытуға қатысушылардың саны 15-тен 30 мың адамға дейін көбейеді.



6-сурет. 2018 жылғы қатысушылар саны

Жобаның нәтижесі 6000 жаңа бизнес субъектісін іске қосу, тиісінше жаңа жұмыс орындарын құру болуы тиіс. Сондай-ақ, қамту географиясы 80-нен 160 ауданға дейін ұлғайтылды, қалалар мен моноқалалар енгізілді.



7-сурет. 2018 жылғы «Бастау» жобасын қамту

Бүгінгі күні үш ағын шеңберінде 15709 жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтығандар оқытудан өтті. 11348-і бизнес-жобаны облыстық комиссия алдында қорғады.

Соңғы жылдары кәсіпкерлікті дамытудың жоғары қарқынына қарамастан, экономиканың осы секторының сапалы өсуіне кедергі келтіретін бірқатар проблемалар бар. Бұл проблемалар:

- заңнамалық базаның жетілдірілмеуі – жеке кәсіпкерлік туралы заңнама ескірген нормаларды қамтиды. ШОБ-ты дамытудың бірқатар мәселелері бойынша нақты нормалар жоқ, бұл әкімшілік кедергілердің ұлғаюына және қолданыстағы заңнама нормаларының екіжақты түсіндірілуіне алып келеді;

- кәсіпкерлік субъектілерін критериалды айқындау мәселесі – кәсіпкерлік субъектілерін шағын және орта бизнес санатына жатқызу критерийлері әлемдік практикаға сәйкес келмейді. Төмен құндық критерийлер экономика мен бизнестің бүгінгі даму деңгейіне сәйкес келмейді. Олар бизнесті жасанды «бөлшектеуді» ынталандырады, отандық кәсіпкерлікті қолдау шараларының тиімділігін және бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді;

- жеткіліксіз сындарлы салық жүйесі – Қазақстанның салық жүйесі шағын бизнес ауқымын арттыру және оны орта бизнеске біртіндеп трансформациялау үшін экономикалық ынталандыруды көздемейді;

- әкімшілік кедергілер – әкімшілік кедергілердің болуы шағын және орта бизнесті дамытуға елеулі кедергі болып табылады. Алайда, олардың кешенді талдауы осы проблеманы тиімді шешуге негіз береді;

- кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымының нашар дамуы мен фрагменттілігі – Қазақстандағы ШОБ-ты қолдаудың қазіргі инфрақұрылымы шағын және орта бизнесті дамытуды кешенді қолдауды қамтамасыз етпейді және жоғары транзакциялық шығындарды негіздейді;

- шағын және орта бизнес өнімінің бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі – қарулылық қоры деңгейінің жеткіліксіздігі, тозудың жоғары деңгейі және негізгі құралдардың төмен жаңартылуы, сондай-ақ жалпы ШОБ секторының технологиялылығының төмендігі еңбек өнімділігін, шағын және орта бизнес өнімінің экономикалық тиімділігін және бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді;

- қаржылық ресурстарға қолжетімділіктің болмауы – әлемдік қаржы дағдарысы ШОБ субъектілерін қаржыландырудың жеткіліксіздігі мәселесін қиындатып жіберді. Мемлекеттік тұрақтандыру бағдарламасын уақтылы іске асыру дағдарыс құбылыстарының ШОБ секторына тигізетін теріс әсерін ішінара жоюға мүмкіндік берді.

Бүгінгі таңда «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы аталған мәселелерді шешу міндетін алға қояды.

FTAMP

14.01.11

Елдос Нұрланов¹, Гүлбаршын Ноғайбаева²,
Ерлікжан Сабырұлы³

¹ Астана қаласы білім басқармасының

«Гуманитарлық колледж» МКҚК директоры

² «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ Талдау,
мониторинг және бағалау департаментінің директоры

³ «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ Халықаралық
салыстырмалы зерттеулер департаментінің директоры

АУЫЛДАҒЫ МЕКТЕП БІЛІМІНІҢ САПАСЫ: ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ

Аңдатпа: Бұл мақала оқушылардың ұлттық және халықаралық жетістіктерін бағалау өлшемдерінің талдауы негізінде жазылып, ауыл мектептеріндегі білім сапасының шығыс өлшемдерін сипаттауға арналған. Бірінші бағалау құралдарына мектеп түлектері тапсыратын ҰБТ және 9-сынып оқушылары тапсыратын ОЖСБ жатады. Екінші топ құралдарына Қазақстан 10 жылдан астам уақыт қатысып келе жатқан жаһандық салыстырмалы зерттеулер жатады. Атап айтсақ, 15 жастағы оқушылардың жетістіктерін бағалайтын PISA зерттеуі және Оқушылардың математика, жаратылыстану (бастауыш, орта) білімдерін бағалайтын TIMSS зерттеуі жатады. Аталмыш бағалау өлшемдері Ұлттық білім беру деректер қорынан алынған ақпаратпен сәйкес талданады. Мақалада берілген талдау зерттеуге тікелей қатысқан мамандармен орындалды.

Түйін сөздер: ауыл мектебі, мектеп білімі, ҰБТ, ОЖСБ, PISA, TIMSS.

Елдос Нурланов, Гүлбаршин Ногайбаева, Ерлікжан Сабырұлы
**КАЧЕСТВО ШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ НА СЕЛЕ:
АНАЛИЗ РЕЗУЛЬТАТОВ НАЦИОНАЛЬНЫХ И
МЕЖДУНАРОДНЫХ ОЦЕНОК**

Аннотация. Настоящая статья посвящена описанию выходных параметров качества сельской школы на основе анализа данных

национальных и международных замеров достижений школьников. К первым инструментам относятся ЕНТ выпускников школ и ВОУД¹ учащихся 9 классов. Ко вторым – глобальные сопоставительные исследования, в которых Казахстан принимает участие более 10 лет: Программа оценки 15-летних обучающихся PISA и Исследование трендов математического и естественнонаучного (начального, основного) образования TIMSS. Сведения указанных замеров сопровождаются показателями Национальной образовательной базы данных (НОБД). К анализу привлечены специалисты, которые непосредственно участвовали в сборе или обработке большинства сведений, приведенных в статье.

Ключевые слова: сельская школа, школьное образование, ЕНТ, ВОУД, PISA, TIMSS.

YeldosNurlanov, GulbarshinNogaibayeva, YerlikzhanSabyruly **THE QUALITY OF SCHOOL EDUCATION IN RURAL AREAS: AN ANALYSIS OF RESULTS OBTAINED FROM NATIONAL AND INTERNATIONAL STUDENT ASSESSMENTS**

Abstract. This article is devoted to the description of the output parameters of school quality based on the analysis of data obtained from national and international measurement tools of students' achievements. The first tool includes the Unified National Testing (UNT) of school graduates and External Evaluation of Educational Achievements (EEEA) of 9-graders. The second tool is global comparative studies, in which Kazakhstan participates for 10 or more years. These are the Programme for International Student Assessment (PISA) and Trends in Mathematics and Science Study (TIMSS). The data of the indicated measurements are accompanied by figures obtained from the National Educational Database (NED). The analysis involved experts who directly participated in the collection or processing of most of the information given in the article.

Key words: rural school, school education, UNT, EEEA, PISA, TIMSS.

Кіріспе

БҰҰДБ сарапшыларының бағалауы бойынша, кез келген елде сапалы мектеп білімі ерте дамумен және жұмысқа орналастырумен қатар

¹ ОЖСБ – Оқу жетістіктерін сырттай бағалау

адам өміріндегі форпост болып табылады [1]. Кез келген экономикалық перспективалық елді мекенде орта білімнің барлық немесе бірнеше сатысы болуы тиіс. Үлкен аумақ және халық тығыздығының салыстырмалы төмендігі ауыл мектебінің феноменін Қазақстан үшін аса күрделі мәселелердің бірі етеді. Мемлекет басшысының 2017 жылғы Жолдауында қала және ауыл мектептері арасындағы білім беру саласындағы алшақтықты қысқарту қажеттігін атап өткені кездейсоқ емес [2].

Талдау шеңбері

Мектептегі білім беру сапасының кіріс және шығыс параметрлерін талдау кезінде Pearson сарапшылары әзірлеген Learning Curve талдамалық зерттеу шеңбері пайдаланылды [3] (1-сурет).



1-сурет. Мектептегі білім беру сапасын бағалау шеңбері

Шығыс параметрлері ретінде ұлттық емтихандар мен халықаралық зерттеулердің нәтижелері көрініс тапты. Ұлттық өлшемдердің айырмашылығы олардың «білім беру педагогикасына», яғни есте сақтауға негізделген педагогикаға сәйкес келетінінде. PISA және TIMSS зерттеулері өз әдістемесінде «білімнен» басқа «қолданға» және «рефлексияға» баса назар аударады. Осы себепті осы зерттеулердің нәтижелері шеңберде «жоғары деңгейдегі дағдылар» деп аталады. Сапаның шығыс параметрлерімен қатар, қалалық және ауылдық оқушыларды оқыту жағдайындағы айырмашылықтар туралы мәліметтер, сондай-ақ жиынтығында соңғы нәтижелерге әсер ететін кіріс параметрлерін білдіретін әлеуметтік-экономикалық мәнмәтіндік факторлар келтіріледі.

ШЖМ ауылдық білім феномені ретінде

Ауылдық жерлерге шағын контингенті бар мектептер тән: 5-тен 40-қа дейін – бастауыш мектепте, 41-ден 80-ге дейін – негізгі мектепте және 81-ден 180-ге дейін – жоғары мектепте. Бұл «шағын жинақты мектептер» немесе ШЖМ² деп аталады. Бүгінде ШЖМ-ның дамуы қарама-қайшы жағдайда өтуде. Біріншіден, бір жағынан, қалалану тренді қалыптасқан, екінші жағынан әрбір халқы аз мекенде ШЖМ-ды сақтап қалуға мемлекеттік кепілдік белгіленген. Екіншіден, әрбір оқушыға жеке қарауға назар аудару мүмкіндігі бар ШЖМ-ды сақтап қалу қымбатқа шығады және аз контингент бәрібір де оқу сапасына ықпал етпейді. Үшіншіден, бір жағынан, қала мектептерін олардың көп контингентіне байланысты қолдау қажеттілігі, сондай-ақ инфрақұрылымға кететін аз шығынға байланысты экономикалық орындылығы, екінші жағынан, жеке сектор іс жүзінде ұсынылмаған ауылды қолдау қажеттілігі.

ШЖМ-да оқытудың салыстырмалы түрде төмен сапасының себебі –ШЖМ-ның ерекшелігін ескеретін әдістемелік қамтамасыз етудің, оқу жоспарларының, бағдарламаларының, курстарының болмауы. Әртүрлі жастағы балаларды оқытудың жаңа әдістері, технологиялары мен формалары қажет. Бүгінгі таңда олар отандық ғылымда әзірленбеген. Сондай-ақ, әртүрлі жастағы балалармен жұмыс істеуге дайын ШЖМ мұғалімдерін сапалы даярлау және қайта даярлау қажеттілігі бар.

Жыл сайын жүзеге асырылатын «Дипломмен ауылға!» және жергілікті атқарушы органдардың жас мамандарға қолдау көрсету жөніндегі бастамалары тұрақты кері байланысқа ие. Ауылда педкадрлардың тапшылығы сақталып отыр. Жас мамандардың барлығы ауыл мұғалімі мамандығында қалмайды, қалаға жаңа перспективаларды іздеу үшін қайтып кетеді. Жыл сайын 15 мың ауыл мұғалімі мамандығынан кетеді. Олардың 1,5%-ы жас мамандарға тиесілі, олар негізінен жалақының төмен болуынан және тұрғын үйдің болмауы себебінен кетеді.

Ауылдық мектептердің желісі және контингенті

Бірнеше жыл бойы Қазақстандағы ауыл мектептерінің үлесі басым болып келеді. Мәселен, 2017 жылдың соңында ҰБДҚ-да 7047 күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектеп тіркелген, оның 73%-ы ауылдық, 42%-ы ШЖМ. Ауылдық жерлерде барлығы 1 400 098


² 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 ҚРҰҚ, ҚР БҒМ 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығы.

бала оқиды, бұл оқушылардың жалпы контингентінің 46%-ын құрайды. Ауыл мектептерінің басым бөлігі Солтүстік Қазақстан және Алматы облыстарында байқалады. Шағын елді мекендерде мектеп жасындағы балалардың болмауы салдарынан ШЖМ-ның жабылу және қайта құрылу есебінен соңғы үш жылда ауыл мектептерінің үлесі шамалы қысқарды (-1%).

Аумақтық мәртебесіне қарамастан, кез келген мектептің мақсаты сапалы білім беру қызметін ұсыну болып табылады. Бұл ретте қазіргі заманғы зерттеулер сапалы білім алуға қол жеткізудің тұрғылықты жерге тәуелді болатынын дәлелдеді. Мектеп облыс орталығынан неғұрлым алыс орналасқан сайын, білім сапасы соғұрлым нашар болады («Сандж» зерттеу орталығы, 2008). Ауылдық және шағын жинақты мектептер оқыту мен оқудың төмен сапасынан ерекше зардап шегеді (ЭЫДҰ, 2014). Сонымен қатар, ұлттық және халықаралық бағалаулар қалалық және ауылдық мектептердің оқушылары арасындағы нәтижелерде елеулі айырмашылық бар екенін көрсетеді.


ОЖСБ және ҰБТ

Ұлттық өлшемдерде қала/ауыл бөлінісінде оқушылардың нәтижелерінде белгілі бір айырмашылық бар және сақталады. Мәселен, ОЖСБ қорытындысы бойынша ауылдық және қалалық қатысушылардың мынадай айырмашылықтары бар: 2013 ж. - 3,95 балл, 2014 ж. - 3,94 балл, 2015 ж. - 3,81 балл, 2016 ж. - 5,3 балл, 2017 ж. - 7,09 балл (2-сурет).



2-сурет. Қала-ауыл бөлінісіндегі 9-сыныптың ОЖСБ нәтижелері, орташа балл


Сондай-ақ, ҰБТ қорытындысы бойынша ауылдық мектеп түлектерінің білім деңгейінің төмендігі байқалады. 2017 жылы қала және ауылдық мектеп түлектерінің ҰБТ көрсеткіштері арасындағы алшақтық ел бойынша соңғы бес жылда орташа мәннен асып, 8,98 баллды құрады (2-сурет).



2-сурет. Қала/ауыл бөлінісіндегі ҰБТ нәтижелері, орташа балл

«Жоғары деңгейдегі дағдылардың» халықаралық салыстырмалы зерттеулері


Кіріс параметрлері ретінде «жоғары деңгейдегі дағдылар» халықаралық салыстырмалы зерттеулер қорытындысы бойынша білім алушылардың нәтижелеріне әсер еткен әлеуметтік-экономикалық факторлар (мектептің орналасуы, ата-аналардың білім мен қызмет түрі және т.б.) қарастырылды. PISA-2015 нәтижелерінің айырмашылығы (19 балл) білім беру ұйымы орналасқан жерге байланысты қазақстандық ауылдық білім алушылардың қалалық құрдастарынан жарты жылдан көп артта қалатынын көрсетеді (!)³ (3-сурет).



3-сурет. Қазақстан, қала / ауыл бөлінісіндегі PISA-2015 нәтижелері

³ PISA-2015 әдіснамасы бойынша 30 балл оқытудың бір жылына тең

PISA-2015 нәтижелері бойынша оқушылардың әлеуметтік-экономикалық мәртебесі (ӘЭМ) және ата-аналардың білім деңгейі бойынша сапалы білім алуға қол жеткізудегі елеулі айырмашылықтар сақталуда. PISA-ға қатысушы барлық елдердің арасында жоғары нәтижелерге қол жеткізетін, төмен ӘЭМ-і бар білім алушыларды «төзімділердің» (resilient) қатарына жатқызады. Мысалы, Гонконгта оқушылардың 61,8%-ы «төзімді» болып табылады, ең жоғарғы көрсеткіш Вьетнамға тиесілі – 75%. Бұл осы елдерде білім алушылар өздерінің ӘЭМ-іне қарамастан бірдей сапада білім алатындығын көрсетеді. PISA-2015 нәтижелері Қазақстанда «төзімді» оқушылардың 16,6% ғана екенін көрсетті (4-сурет).



4-сурет. PISA-2015 нәтижелері бойынша «төзімді» білім алушылардың үлесі

Қала/ауыл бөлінісінде ауылдық білім алушылар қалалық құрдастарымен салыстырғанда «төзімді» екенін байқауға болады. Ауыл оқушыларының 21%-ы өздерінің әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне қарамастан жақсы нәтижелерді көрсетеді, ал қала оқушыларының 10%-ы ғана «төзімділік» танытады. Алайда, әлеуметтік-экономикалық мәртебесі төмен оқушылардың 63%-ы ауылдық жерлерде тұратынын атап өткен жөн.


Ауылдық мектеп оқушылары арасында «төзімділер» үлесінің басым болуы ауылдық жерлердегі мектептер барлық балалар бірдей нәтижелерге жеткен кезде әлеуметтік лифтің рөлін көбірек орындайды деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Екінші жағынан, бұл ауылда балалардың жалпы үлгерімінің артуына ықпал ететін қосымша білім беру ұйымдарының желісі аз дамығанын да көрсетеді.

PISA зерттеуінде ата-аналардың білімі мен олардың балаларының оқу жетістіктерінің арасындағы тікелей байланыс дәлелденді. Ата-аналардың білім деңгейі жоғары болған сайын PISA-да білім алушылардың нәтижелері де соғұрлым жоғары болады. ЭЫДҰ елдері бойынша орта есеппен әлеуметтік-экономикалық жағдайы жақ-

сы оқушылардың ата-аналарында білім деңгейі жоғары. Олардың басым көпшілігі жоғары білімі бар (97%) және білікті қызметкер болып (ақ жағалылар) (94%) жұмыс істейді.

Керісінше, әлеуметтік-экономикалық жағынан осал оқушылардың ата-аналарының білім деңгейі төмен. ЭЫДҰ-ның барлық елдерінде осал оқушылардың ата-аналарының 55%-ы мектептегі ең жоғары білім деңгейі ретінде орташа білімге, 33% - негізгі орта білімге немесе одан төмен білімге қол жеткізген. Тек 12%-ы ғана жоғары білім алған. Оқушылардың аз бөлігінде ғана ата-аналары білікті қызметкер болып жұмыс істейді (8%).


Қазақстанда әлеуметтік жағынан осал балалардың ата-аналарының 67%-ы жоғары білімді, ал әлеуметтік жағынан осал балалардың ата-аналарының 11%-ында жоғары оқу орнын бітіргені туралы дипломы бар. Ата-аналары жоғары білім алмаған құрдастарымен салыстырғанда білімді ата-аналар көрсеткіштерінің айырмашылығы 34 балды құрайды, бұл бір оқу жылына балама болып табылады. Ауылдық оқушылардың 16%-ында (салыстырар болсақ: қалалық оқушылардың 6%-ы) ата-анасының жоғары білімі жоқ, 71%-ында (62%) – кем дегенде бір ата-анасы жоғары оқу орнын бітірсе, 13%-ында (32%) - ата-анасының екеуінде де кем дегенде бакалавр дипломы бар (5-сурет).



5-сурет. Оқушылардың нәтижелеріне ата-ана білімінің әсері


Осылайша, қала тұрғындары арасында жоғары білімі бар ата-аналар көп екені дәлелденіп отыр. Бұл балалардың үлгеріміне айтарлықтай оң әсер етеді.

PISA тестілеуі оқушылардың қабілетін анықтайтын, күрделілігі әртүрлі деңгейдегі тапсырмалардан тұрады. ЭЫДҰ тапсырмаларды 2-күрделілік деңгейінен жоғары орындамаған қатысушылардың көрсеткіштерін функционалдық сауатсыздардың нәтижелері ретінде түсіндіреді. PISA-2015 қорытындысы бойынша ЭЫДҰ елдерінде осындай 15 жастағы білім алушылар саны орта есеппен 21%-ды құрады. Қазақстан үшін бұл көрсеткіш 28%-ға тең (6-сурет).



6-сурет. Қазақстан оқушыларының жаратылыстану бойынша жетістіктерінің деңгейі


Ауыл оқушылары арасында функционалды сауатсыздардың пайызы 34%-ды (қала оқушылары – 24%) құрайды. Дегенмен, ауылдық білім беру ұйымдарының білім алушылары қалалық құрдастарымен салыстырғанда жоғары деңгейге бірдей жетеді – 1,8% (7-сурет).



7-сурет. Қала-ауыл бөлінісіндегі Қазақстан оқушыларының жаратылыстану бойынша жетістіктерінің деңгейі

Халықаралық тесттің табысты орындалуы TIMSS-2015 қатысушылары оқитын мектептің аумақтық мәртебесіне тәуелді екені

анықталды. Қалалық сегізінші сынып оқушыларының орташа балы ауыл оқушыларынан математика пәнінен 33 балға, жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша 37 балға жоғары. Бастауыш мектеп көрсеткіштерінде де осындай жағдай. Математикамен салыстырғанда жаратылыстану (-31 балл) тапсырмаларын орындау бойынша айырмашылық едәуір жоғары (-29 балл) (8-сурет).



8-сурет. TIMSS-2015 нәтижелері

Оқушылардың білім жетістіктеріне әсер ететін факторлар

Білім беру сапасының кіріс параметрлерін талдау қала оқушыларымен салыстырғанда ауыл оқушыларының төмен білім сапасы көптеген себептермен, оның ішінде білікті мамандардың тапшылығымен және мектептердің материалдық-техникалық базасының нашар болуымен түсіндіріледі.

Мәселен, ҚР-да он мұғалімнің алтауы (60%) ауыл мектептерінде жұмыс істейді. Оның 89,3%-ы жоғары білімді, қалада бұл көрсеткіш 90,6%-дан жоғары. Жоғары санатты ауылдық мұғалімдердің үлесі қалалық мұғалімдерден екі есе төмен (тиісінше 16,5% және 30,6%).

2017 жылы мектептердің 98,7%-ы интернетке кіру мүмкіндігіне ие болды, оның 62%-ы ғана – 4 Мбит/с жоғары жылдамдықты Интернет желісіне қосылған. Іс жүзінде барлық ШЖМ-да Интернетке кіру мүмкіндігі бар (97,5%), бірақ олардың 50%-ы ғана 4 Мбит/с жоғары жылдамдықты Интернет желісіне қосылған.

Абаттандырудың барлық түрлері бар мектептердің үлесі (сумен жабдықтау және су бұру, желдету және ауа баптау жүйелерін қоса алғанда) қалалық жерлерде 68%-ды, ауылдық жерлерде 23%-ды құрайды. Еліміздің барлық мектептерінің жартысынан астамы ішінара абаттандырылған, қалаларда осындай мектептердің 29%-ы,

ауылдарда 62%-ы бар. Ауылдық мектептердің 15%-ы және қалалық мектептердің 3%-ы абаттандырылмаған.

Ауылдық жерлерде әрбір бесінші мектепте спорт залы жоқ. Қалалық мектептердің 100%-ында және ауылдық жалпы білім беретін мектептердің 88%-ында мектеп кітапханалары жұмыс істейді. Қалалық мектеп кітапханаларының 85%-ында және ауылдық мектеп кітапханаларының 61%-ында оқу залдары бар.

Тұжырымдар

Білім беру сапасын ұлттық және халықаралық бағалау нәтижелері қала мектептерінің оқушылары жоғары нәтиже көрсететінін дәлелдейді. Бұл қалыптасқан жағдайлардың сапасына, ресурстардың шектеулігіне және басқа да мәнмәтіндік факторларға байланысты. Оқушылардың тұрғылықты жеріне қарамастан, білім беру қызметтерінің тең сапасын қамтамасыз ету мақсатында мектептерді педагог кадрлармен және материалдық-техникалық базамен ресурстық жабдықтауды күшейту арқылы ауылдық мектептерде оқу мен оқыту сапасын арттыру жөнінде тиісті шаралар қабылдау қажет. Сонымен қатар, бұл мәселелерді өңірлерде тиісті білім беру саясаты құрылған жағдайда ғана шешуге болады. Бұған қоса, ауыл мектебінің келешегі, ең алдымен, ауыл шаруашылығы өндірісінің дамуына, ауылдың әлеуметтік-мәдени саласына байланысты екенін ескеру қажет. Сондықтан да Білім министрлігін ғана емес, сондай-ақ басқа да жауапты мемлекеттік органдарды ауыл мектептерін дамытуға қатысты мәселелерді шешуге белсенді түрде тарту қажеттігі айқын.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Адамзаттың дамуы туралы баяндама, 2014. Адамзаттың тұрақты прогресін қамтамасыз ету: Осалдықты азайту және өмірге төзімділікті қалыптастыру / Ағылшын тілінен аударылған; БҰҰДБ. – М.: «Весь мир» баспасы, 2014. 57-б.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2017 жылғы 31 қаңтар.
3. The learning curve. Lessons in country performance in education. Pearson 2012 report. Developed by Economist Intelligence Unit. P. 13

FTAMP
15.41.31

Батжан Ақмолдина¹, Аяулым Сағынбаева²

¹ «ЭЗИ» АҚ Әлеуметтік-демографиялық даму
орталығының директоры

² «ЭЗИ» АҚ Әлеуметтік-демографиялық даму
орталығы директорының орынбасары

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ЗАМАНАУИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН МАҚСАТТАРЫ МӘНМӘТІНІНДЕГІ ОТБАСЫ-НЕКЕ ҚАТЫНАСТАРЫ МЕН БАЛА ТУУ (ОТБАСЫН ЖОСПАРЛАУ) МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа: Мақалада қазіргі заманғы Қазақстандағы отбасылық және неке қатынастарының даму үрдістерін, отбасын жоспарлау мәселелерін және туу деңгейін анықтауға әрекет жасалды.

Түйін сөздер: отбасы, неке, туу, жоспарлау, қоғамдық құндылықтар және мақсаттар

Батжан Ақмолдина, Аяулым Сағынбаева СЕМЕЙНО-БРАЧНЫЕ ОТНОШЕНИЯ И РОЖДЕНИЕ ДЕТЕЙ (ПЛАНИРОВАНИЕ СЕМЬИ) В КОНТЕКСТЕ СОВРЕМЕННЫХ ЦЕННОСТЕЙ И УСТАНОВОК КАЗАХСТАНЦЕВ

Аннотация. В статье представлен анализ тенденции развития современных семейно-брачных отношений, вопросов планирования семьи, рождаемости в Казахстане.

Ключевые слова: семья, брак, рождение, планирование, общественные ценности и установки

Batzhan Akmoldina, Ayaulym Sagynbayeva THE FAMILY RELATIONS AND THE BIRTH OF CHILDREN (FAMILY PLANNING) IN THE CONTEXT OF CONTEMPORARY VALUES AND ATTITUDES OF PEOPLE OF KAZAKHSTAN

Abstract. The article presents an analysis of the trends in the development of modern family and marriage relations, family planning, fertility in Kazakhstan.

Key words: *family, marriage, birth, planning, social values and attitudes.*

Отбасы институты қазіргі заманғы жағдайларда бүкіл әлеммен қоса, біздің елімізде де біртіндеп өзгерістерге ұшырауда. Материалдық әл-ауқаттың, қандай да бір қызмет түрінің табыстылығын экономикалық бағалау есебінен индивидтердің немесе билік құрылымындағы («кәсіпкер», «іскер адам», «шенеунік», «топ-менеджер» мәртебесінің беделі) олардың иерархиясының қоғамдық мәртебесін нығайтудың, гендерлік теңдік мәселелерін шешуге жұмсалған күш-жігердің және салдарынан – әйелдердің экономикалық дербестігін және білімділігін арттырудың үстемдік алуымен құндылықтардың өзгеруі, өмір стилін еркін ұйымдастыру некеге, отбасы құндылықтарына және бала тууға қатысты қоғам мақсаттарындағы елеулі өзгерістерге себеп болды.

Отбасы-неке қатынастарының және үрдістерінің өзгеруінің тағы бір салдары отбасылардың ажырасуға қатысты сана-сезімінің өзгеруі болып табылады.



1-сурет. — Қазақстанда аймақ түрі бойынша ажырасудың жалпы коэффициентінің динамикасы, 1000 адамға шаққанда

Жалпы, ауылдық жерлерде де, қалалық жерлерде де ел бойынша ажырасулардың абсолюттік санының өскені байқалады (1-сурет). Мысалы, Қазақстанның 1000 тұрғынына шаққанда 2009 жылы 2,45 неке бұзылса, 2017 жылы бұл көрсеткіш 3,03 деңгейіне жеткен. Бұл ретте ауылдық жерлерге қарағанда (2017 жылы -1,80, 2009 жылы -1,27) қалалық жерлерде (2017 жылы -3,94, 2009 жылы -3,45) 2017 жылы ажырасу екі есе көп болған.



2-сурет. Аймақ түрі бойынша ажырасулардың үлес салмағы


Сонымен қатар, 2009-2017 жылдардағы кезеңде ауылдық жерлердегі ажырасулар қаламен салыстырғанда үш есе кем болғанын айта кеткен жөн. Орта есеппен ажырасулардың үлесі қалалық жерлерде 75%, ал ауылдық жерлерде – 25% құрады (2-сурет).



3 - сурет. Елді мекен түрі бойынша Қазақстанда некелесудің жалпы коэффициентінің динамикасы, 1000 адамға шаққанда

Ажырасудың ұлғаюымен қатар, некелесудің де төмендеу үрдісі байқалады. Некелесудің жалпы коэффициентінің динамикасы 1000 адамға шаққанда некелесудің ең жоғары көрсеткішіне 2013 жылы қол жеткізілгенін және оның 9,9 құрағанын, кейіннін оның құлдырай бастағанын және 2017 жылы бұл коэффициенттің 1000 адамға шаққанда 7,9 неке деңгейіне түскенін көрсетеді. Бұл ретте некелесудің азаю үрдісі ауылға да, қалаға да тән болып отыр. Заңды некеге отыру деңгейі ауылға қарағанда (5,83), қалада (9,37) екі есе дерлік жоғары (3-сурет).

Қазақстанның қалаларында ауылдық жерлерге қарағанда некелесудің жоғары деңгейі байқалады, бұл ауыл жастарының қалалық жерлерге көшіп келген соң, өздерінің отбасы-неке қатынастарына қатысты жоспарларын қалада жүзеге асыруларымен байланысты болуы мүмкін. Қалалық жерлердегі некелесудің ең жоғары деңгейі 2017 жылы Маңғыстау облысында (12,43), Атырау облысында (11,91), Астана қ. (11,45) және БҚО ЗКО (11,17) тіркелді. Ауылдық жерлерде өңірлер арасында некелесудің жоғары деңгейі Алматы (6,9), БҚО (6,82) және Қызылорда (6,65) облыстарында тіркелді.



4-сурет. Қазақстанның өңірлер бөлігіндегі 2017 жылғы некелесудің жалпы коэффициенті, 1000 адамға шаққанда

Некелесу деңгейінің төмендегеніне қарамастан, некеге отырғандардың орташа жасының 1999-2017 жылдары 2 есе дерлік өскенін байқауға болады: күйеу жігіттер бойынша - 1999 жылғы 25,9 жастан бастап, 2017 жылғы 27,5 жасқа дейін, қалыңдықтар бойынша 1999 жылғы 23,2-ден 2017 жылғы 25 жасқа дейін (1-кесте). Бұл жастардың жас кезінде отбасын құру туралы шешім қабылдауда анағұрлым байқампаздық танытып келе жатқанын және осындай маңызды қадам жасамас бұрын жан-жағын танып алуды қалайтынын білдіреді. Сонымен қатар, жастардың негізгі бөлігі (қыздар мен жігіттер) еңбек нарығында бәсекелестіктің артып отырғанына байланысты және жақсы кәсіптік білімі бар мамандарға қажеттілік болғандықтан колледждер мен ЖОО-да кәсіп алуға бет бұрады. Сондықтан колледжде немесе ЖОО-да жақсы білім алып, кәсібін меңгеру үшін отбасын құру шешімін «кейінге» қалдыруға жастар арасында уәждеме артып отыр.

Сонымен қатар, кенттенудің өсуі қала жастарының арасында жұмыстылықтың ұлғаюы, олардың білімділігінің артуы салдарынан бұл үдерістерді тереңдете түсуде, сәйкесінше жастар арасында өзін кәсіптік тұрғыда көрсетуге ұмтылыс артуда.

1-кесте. Алғашқы некеге отырған орта жас динамикасы, 1999-2017 жж.

	1999	2005	2007	2010	2013	2016	2017
Күйеу жігіттер	25,9	26,9	26,8	27,0	27,0	27,3	27,5
Қалыңдықтар	23,2	24,1	24,2	24,3	24,5	24,8	25,0

Қазақстанда туылғандардың жалпы санынан некеден тыс туған балалар үлесінің 2013 жылғы 16%-дан 2017 жылғы 13%-ға дейін төмендеуі кезінде (2-кесте), кейбір облыстарда некесіз туған балалардың салыстырмалы жоғары деңгейі 2017 жылы барлық өңірдегі туылғандардан 15%-дан жоғары деңгейінде сақталады (СҚО, Павлодар, Қостанай, Ақмола, Алматы облыстарында).

Атырау, Қызылорда және Маңғыстау облыстарында некесіз туған балалардың анағұрлым төмен деңгейі тіркелген.

Жалпы некеден тыс туу мәселесіне анағұрлым салмақпен қарау керек. Себебі некеден тыс туу балаға да, әйелдерге де моральдық-психологиялық салдары болады. Некесіз туған балалар туыстарының тарапынан аз қорғалатындықтан, қоғамның анағұрлым әлсіз және сезімтал тобы болып табылады.

2-кесте. Барлық туған балалардың санындағы некесіз туғандар үлесі

Көрсеткіштер	2013	2014	2015	2016	2017
Қазақстан Республикасы	16,1	15,0	14,2	13,3	13,0
Ақмола	20,3	20,7	20,2	19,0	18,5
Ақтөбе	11,5	10,6	10,3	9,5	8,9
Алматы	19,4	19,1	18,1	17,5	16,2
Атырау	8,8	7,9	7,6	7,1	6,9
Батыс Қазақстан	15,0	13,9	12,8	11,4	11,4
Жамбыл	17,7	17,0	16,0	13,0	14,0

Көрсеткіштер	2013	2014	2015	2016	2017
Қарағанды	17,6	16,8	16,1	15,2	14,3
Қостанай	24,7	23,6	23,1	22,1	19,9
Қызылорда	9,4	10,0	8,2	6,7	7,7
Маңғыстау	8,8	8,2	7,4	7,2	6,9
Оңтүстік Қазақстан	14,1	12,3	11,1	10,9	11,0
Павлодар	23,3	22,7	22,3	20,9	20,1
Солтүстік Қазақстан	24,1	23,1	23,3	23,1	21,3
Шығыс Қазақстан	18,5	16,7	16,4	14,7	14,6
Астана қ.	16,4	12,7	14,0	13,4	13,7
Алматы қ.	16,1	15,2	14,7	14,0	13,4

Қазақстандық қоғамдағы отбасы, неке және бала туу мәселелеріне қатысты құндылықтар мен мақсаттарды бағалау үшін әлеуметтік сауалнама жасалды. Сауалнама жүргізу және оның нәтижелерін өңдеу бойынша жұмыстарды «Қоғамдық пікір» зерттеу институты жүргізді, ал сауалнама сұрақтарын құрған «ЭЗИ» АҚ Әлеуметтік-демографиялық даму орталығының сарапшылары болатын.

Қысқаша анықтама:

Зерттеу іріктемесі – 2412 респондент (18 жас және одан да асқан жастағы халық)

Дала жұмыстарының жүргізілген күні – 2018 жылғы 23 ақпаннан 11 наурызға дейін

Зерттеу географиясы – ҚР 14 облысы, Астана және Алматы ққ.

Сауалнама нысаны – сұхбат (Face-to-Face)

Респондентті іріктеу әдісі – бағыттық іріктеу, «Киша» кестесі

Неке мәселесіне қатысты ресми некеге дейін бірге тұру сияқты құбылыс, некеден тыс балалардың көп туылуы туралы респонденттерді субъективті бағалауға тырыстық.

Сауалнаманың «Ресми некеге отырудан бұрын алдымен бірге тұрып көру қажет деген пікірді дұрыс деп санайсыз ба?» деген сұрағына респонденттер жауаптары келесідей бөлінді:

3-кесте. Ресми некеге отырудан бұрын алдымен бірге тұрып көру қажет деген пікірді дұрыс деп санайсыз ба?

Жауаптар нұсқалары	Саны	Пайыздар
Иә, бұл бір-бірін жақсы білуге көмектеседі	868	36,0
Жоқ, бұл ұят	1 304	54,0
Жауап беруге қиналамын	240	10,0
Барлығы	2412	100,0

Яғни респонденттердің жартысынан астамы бұған қарсы және некеге дейін бірге тұруды ұят деп санайды. Дегенмен респонденттердің елеулі үлесі – 36% бұнымен келісетінін білдіріп, некеге дейін бірге тұру бір-бірін жақсы білуге септігін тигізеді деп санайды. Әрбір оныншы жауап беруші бұл сұраққа жауап беруге қиналған. Бұл ретте жауап беруге қиналған респонденттер осы мәселеге қатысты оң пікірде болуы мүмкін.

Ескерерлік жайт, респонденттер қаншалықты ересек болса, олардың некеге дейінгі бірге тұруды соншалықты қолдайтыны анықталды, 18-29 жастағы респонденттердің не бары үштен бірі, яғни 33% осы мәселеге қатысты қолдайтынын білдірсе, 61 және одан да асқан жастағылар санатында қолдайтын саны 43% шама-сын құраған.

Сәйкесінше, бірге тұру мәселесіне ересек буынның күмәнмен қарап, оны мақұлдамайды деген пікір қазіргі таңда кате пікірге айналып отыр. Жастар арасындағы бірге тұруға қатысты кері пікірдің жоғары көрсеткіші (18-28 жас) неке-отбасы қатынастарының құндылығы тәуелсіз Қазақстанның жас буыны арасында жоғары бағаланатынын көрсетеді. Ескеретін жағдай респондент жасының өсуімен қатар некеге дейін бірге тұру мәселесіне қатысты қарсы пікір көрсеткіші төмендейді. Бұған, мүмкін, жастың ұлғаюымен қатар, өмір сабағының, оның ішінде отбасылық өмірден алынған тәжірибенің көптігі де әсер етуі ықтимал.

4-кесте. Ресми некеге отырудан бұрын алдымен бірге тұрып көру қажет деген пікірді дұрыс деп санайсыз ба? (жауаптардың жас мөлшері бойынша бөлінуі)

	Респонденттер жасы			
	18-ден 29 жасқа дейін	30-дан 45 жасқа дейін	46-дан 60 жасқа дейін	61 жас және одан да жоғары
Иә, бұл бір-бірін жақсы білуге көмектеседі	33,2%	36,0%	35,8%	42,9%
Жоқ, бұл ұят	57,9%	53,5%	53,8%	47,5%
Жауап беруге қиналамын	8,9%	10,5%	10,4%	9,6%

Әйелдерді гендерлік бөлгенде әйелдердің көп үлесі некелескенге дейін бірге тұрып көруді қолдаған (осылай жауап берген 34,6% еркектермен салыстырғанда 37,1% әйел), бұл ретте еркектер жауаптары төмендегідей болған.

5-кесте. Ресми некеге отырудан бұрын алдымен бірге тұрып көру қажет деген пікірді дұрыс деп санайсыз ба? (жауаптардың жыныс белгісі бойынша бөлінуі)

	Респонденттер жынысы	
	Еркектер	Әйелдер
Иә, бұл бір-бірін жақсы білуге көмектеседі	34,6%	37,1%
Жоқ, бұл ұят	55,1%	53,2%
Жауап беруге қиналамын	10,3%	9,7%

Ауылдық жерлерде респонденттердің көпшілігі некеге дейінгі бірге тұруға қарсы пікір білдірген (қала тұрғындарының 52% жауабымен салыстырғанда 57% ауылдықтардың қарсы жауабы). Қала мен ауылдағылардың некеге дейінгі бірге тұруды қолдау үлесі шамамен бірдей – барлық жауап бергендердің 36%. Қалада осы сұраққа жауап беруге қиналғандар үлесі анағұрлым жоғары - 12% (ауылда - 7%).

6-кесте. Ресми некеге отырудан бұрын алдымен бірге тұрып көру қажет деген пікірді дұрыс деп санайсыз ба? (жауаптардың елді-мекен түрі бойынша бөлінуі)

	е/м түрі	
	Қала	Ауыл
Иә, бұл бір-бірін жақсы білуге көмектеседі	36,1%	35,8%
Жоқ, бұл ұят	51,9%	57,1%
Жауап беруге қиналамын	12,0%	7,1%

Некеге дейінгі бірге тұруды қолдайтындардың анағұрлым жоғары деңгейі кедейлік пен анағұрлым қанағаттанарлық тіршілік арасында тұрғандарға тиесілі (сол санаттағы респонденттердің 40%-дан астамы). Некеге дейінгі бірге тұруды қолдайтын респонденттердің ең төмен үлесі қаржылық қамтылған респонденттер арасында қалыптасқан.

7-кесте. Осы пайымдаулардың қайсысы Сіздің тіршілік деңгейіңізді анағұрлым нақты сипаттайды?

	Бізде еш қаржылық қиындық жоқ	Қатты қымбат заттардан басқаның бәріне қаражатымыз жетеді	Біз негізгі тұрмыстық техниканы сатып ала аламыз, бірақ автомобильге қаржымыз жетпейді	Бізге тамақ пен киімге ақша жетеді, бірақ теледидар мен тоңазытқыш сатып алу - қиын	Бізге тамаққа қаржы жетеді, бірақ киім сатып алу біз үшін қиын мәселе	Біздің кейде тамаққа да ақшамыз жете бермейді	Жауаптан бас тарту
Иә, бұл бір-бірін жақсы білуге көмектеседі	26,4%	34,5%	31,5%	44,8%	42,9%	35,3%	22,6%
Жоқ, бұл ұят	67,8%	55,7%	56,2%	46,5%	46,9%	55,9%	71,2%
Жауап беруге қиналамын	5,7%	9,8%	12,3%	8,7%	10,2%	8,8%	6,3%

Сауалнаманың «Біздің қоғамымызда көп әйел алу дәстүрін заңдастыру қажет деген пікірмен келісесіз бе немесе келіспейсіз бе?» сұрағына респонденттер жауаптары төмендегідей болды:

8-кесте. Біздің қоғамымызда көп әйел алу дәстүрін заңдастыру қажет деген пікірмен келісесіз бе немесе келіспейсіз бе?

Жауаптар нұсқалары	Саны	Пайыздар
Толықтай келісемін	34	1,4
Келісемін деуге болады	219	9,1
Келіспеймін деуге болады	639	26,5
Толықтай келіспеймін	1 357	56,3
Жауап беруге қиналамын	163	6,7
Барлығы	2412	100,0

Көріп тұрғанымыздай, респонденттердің көпшілігі көп әйел алуға үзілді-кесілді қарсы (жауап бергендерің 56,3%), сондай-ақ үзілді-кесілді қарсы болмаса да, көп әйел алу дәстүріне келіспейтінін білдіргендер 26,5% респондент болды. Көп әйел алуды толықтай қолдайтын респонденттер не бары 34 адам немесе барлық жауап алынғандардың 1,4% болды. Барлық сұралғандардың 9% бұнымен аздап келісетінін білдірді.

Жас бойынша бөлінетін топтарда жауаптар қатты сараланбады. Көп әйел алуды толықтай қолдайтындар 18-ден 29 жасқа дейінгілер санатында көп болса, 30-45 жастағылар санатында және «61 жас және одан да жоғары» санатында қолдайтындар саны анағұрлым аз болды. 30-дан 45 жасқа дейінгі топта үзілді-кесілді қарсы шыққандар көп болды.

9-кесте. Біздің қоғамымызда көп әйел алу дәстүрін заңдастыру қажет деген пікірмен келісесіз бе немесе келіспейсіз бе? (жауаптардың жас мөлшері бойынша бөлінуі)

	18-ден 29 жасқа дейін	30-дан 45 жасқа дейін	46-дан 60 жасқа дейін	61 жас және одан да жоғары
Толықтай келісемін	2,0%	1,1%	1,4%	1,1%
Келісемін деуге болады	10,4%	8,2%	8,9%	9,3%
Келіспеймін деуге болады	25,9%	26,0%	27,3%	27,9%
Толықтай келіспеймін	54,4%	57,7%	55,9%	56,8%
Жауап беруге қиналамын	7,3%	7,0%	6,6%	5,0%

Гендерлік бөлікте көп әйел алу туралы мәселе бойынша пікірлер келесі ретте берілді:

Әйелдер арасында толықтай қолдайтын немесе көбірек қолдайды деп айтуға келетін респонденттер үлесі еркектерге қарағанда жоғары болды. Алайда жалпы алғанда көп әйел алуды қолдайтындар үлесі әйелдер арасында да, еркектер арасында да төмен (сұралғандардың шамамен 10%).

10-кесте. «Біздің қоғамымызда көп әйел алу дәстүрін заңдастыру қажет деген пікірмен келісесіз бе немесе келіспейсіз бе?» сұрағына респонденттер жауабының гендерлік бөлікте бөлінуі

	Еркектер	Әйелдер
Толықтай келісемін	1,1%	1,6%
Келісемін деуге болады	8,6%	9,5%
Келіспеймін деуге болады	25,7%	27,1%
Толықтай келіспеймін	56,9%	55,8%
Жауап беруге қиналамын	7,7%	6,0%

Елді мекен түрлері бойынша қала тұрғындарына қарағанда ауыл тұрғындары көп әйел алуды көбірек қолдайды. Сондай-ақ көп әйел алуға теріс пікір білдірген қала тұрғындарының үлесі ауылдықтарға қарағанда 7,4%-ға артық.

11-кесте. «Біздің қоғамымызда көп әйел алу дәстүрін заңдастыру қажет деген пікірмен келісесіз бе немесе келіспейсіз бе?» сұрағына респонденттер жауабының елді мекен түрі бойынша бөлінуі

	Қала	Ауыл
Толықтай келісемін	1,1%	1,9%
Келісемін деуге болады	7,9%	10,7%
Келіспеймін деуге болады	23,0%	31,3%
Толықтай келіспеймін	59,4%	52,0%
Жауап беруге қиналамын	8,6%	4,2%

Некеден тыс бала туу мәселесі де осы әлеуметтік сауалнамада қаралды. 62,9% сұралғандар балалардың некеден тыс тууын қалыпты деп санаса, тек 37,1% сұралғандар ғана бұны дұрыс деуге болмайтын құбылыс деп санайды.

12-кесте. Сіз балалардың некеден тыс тууының таралуын қалыпты деп санайсыз ба?

Жауаптар нұсқалары	Саны	Пайыздар
Иә	895	37,1
Жоқ	1 517	62,9
Барлығы	2412	100,0

Ауылдық жерлердегі респонденттердің балалардың некеден тыс тууына анағұрлым бейілді қарайтыны ескерерлік жайт. 44,8% сұралған ауылдық тұрғындар оң жауап қайтарса, 55,2% - теріс жауап берген. Қалаларда 31,6% жауап бергендер бұл құбылысқа оң көзқарасын білдірген, ал 68,4% - теріс жауап берген. Мүмкін бұл әдет-ғұрып және салт-дәстүрлер бойынша зайырлы некеге қарағанда мұсылмандық әдет-ғұрыппен жасалған некеге зор маңыздың берілуіне байланысты болуы мүмкін. Бұл жағдайда бала АЖАТ үшін ғана некесіз туылған болып саналса да, барлық туыстары баланың ата-анасының арасында бейресми некенің бар екенін білетін болады.

13-кесте. «Сіз балалардың некеден тыс тууының таралуын қалыпты деп санайсыз ба?» сұрағына респонденттер жауабының елді мекен түрі бойынша бөлінуі, %-бен.

Жауаптар нұсқалары	Қала	Ауыл
Иә	31,6%	44,8%
Жоқ	68,4%	55,2%

Отбасындағы балалар санын жоспарлау мәселесі бойынша респонденттер пікірлері келесі ретпен бөлінді (14- кесте). Респонденттердің жартысынан астамы отбасында бала саны 2-3 болғаны дұрыс деп жауап берген, 17% бала санын жоспарлағанға қарсылық білдіріп, оны Тәңірдің құдыреті анықтайды дейді («Тәңір қанша беретінін өзі біледі»). 12,6% сұралғандар «бір бала» деп жауап берсе, шамамен 10% - көп бала болғанын қалайды («төртеу және одан да көп»). Аз болса да, 4 респондент баласыздықты қолдаған.

14-кесте. «Сіз қазірде отбасында қанша бала болғаны дұрыс деп санайсыз?»

Жауаптар нұсқалары	Саны	Пайыздар
Біреу	303	12,6
Екеу- үшеу	1 308	54,2
Төртеу және одан да көп	238	9,9
Тәңір қанша берсе (Алла, Құдай)	415	17,2
Баласыздықты қолдаймын (Child free)	4	0,2
Жауап беруге қиналамын	144	5,9
Барлығы	2412	100,0

«Қала-ауыл» бөлігінде отбасындағы бала санын жоспарлауға қатысты бұл сұраққа жауаптардың бөлінуі келесідей болған (15-кесте). Таңданарлығы, ауылда респонденттер отбасында балалардың оңтайлы саны аз болуы тиіс деген пікір білдіріп, 16,4% сұралған ауыл тұрғындары 1 бала деген жауапты таңдаған (9,8%-ға қарағанда), 2-3 бала жауабын – шамамен 55% көрсеткен. «Төрт және одан да көп баланы» - 9,7% сұралған ауылдық тұрғындар таңдаса, қалалықтардың да осындай шамадағы үлесі осы жауапты қолдаған (10% сұралғандар). Сонымен қатар «Тәңір қанша берсе, сонша» жауабын не бары 14,4% ауыл тұрғындары таңдаған, бұл жауап бойынша қалалықтар үлесі 19,2% құраған. Яғни ауылда отбасындағы балалар санын жоспарлағанды көбірек дұрыс деп санайды және қалалықтарға қарағанда Тәңірдің құдыретіне азырақ үміт артады.

15-кесте. «Сіз қазірде отбасында қанша бала болғаны дұрыс деп санайсыз» сұрағына респонденттер жауабының елді мекен түрі бойынша бөлінуі, %-бен

	е/м түрі	
	Қала	Ауыл
Біреу	9,8	16,4
Екеу- үшеу	53,7	54,9
Төртеу және одан да көп	10,0	9,7
Тәңір қанша берсе	19,2	14,4

	е/м түрі	
	Қала	Ауыл
Баласыздықты қолдаймын	0,2	0,1
Жауап беруге қиналамын	7,1	4,4

Әлеуметтік сауланама қорытындысы көрсеткендей, Қазақстанда дәстүрлі неке-отбасы қатынастары қағидаларының өзгеру үрдісі байқалады. Бұл ретте ересек жастарда еркін қатынастарды жақтайтындардың көбейгенін едәуір байқалады. Гендерлік белгі бойынша жауаптардың алшақтауы байқалмаса да, респонденттер жауаптарының қала/ауыл бөлігінде айтарлықтай өзгешеленетіні байқалады.

Жалпы, әзірге қатаң моральдық шектерден аспайтын заңды бір некелі некені қолдайтын респонденттер саны басым түседі (сәйкесінше, некеге дейін бірге тұруға, көп әйел алуға қарсы, балалардың некеден тыс туылуының таралуына қарсы). Дегенмен респонденттердің елеулі үлесі некесіз бала тууға және некеге дейін бірге тұруға жалпы қарсы емес. Бұл осы мәселеге қатысты қоғамдық түсініктердің жұмсарғанын білдіруі мүмкін. Сонымен қатар, әзірге халық көп әйел алу дәстүріне үзілді-кесілді қарсылығын білдіруде.

Сонымен қатар, ауылдық жерлер тұрғындары жүктілікті жоспарлауға және бала тууға анағұрлым жауапкершілікпен қарайды екен. Бұл ауылдағы ауыр тіршілік жағдайларымен және нашар өмір сүру деңгейімен, қаламен салыстырғанда ондағы жұмыссыздықтың жоғары деңгейімен және нәтижесіз өзін-өзі жұмыспен қамтумен байланысты болуы ықтимал. Бүгінгі таңға дейін белсенді репродуктивтік қор болып ауыл тұрғындары саналған еді. Алайда, соңғы жылдары байқалып отырған ауылдық жерлердегі бала туу деңгейінің төмендеуі (статистикалық көрсеткіштер бойынша) және респонденттердің отбасындағы оңтайлы бала санына қатысты аз баланы таңдаған пікірлері болашақта жалпы, оның ішінде ауылдарда бала туудың азаю тәуекеліне негіз болады, бұл болашақта демографиялық «шұңқырлардың» пайда болу ықтималдығын арттырады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР:

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің деректері, www.stat.gov.kz
Өзіндік әлеуметтік зерттеу нәтижелері

FTAMP
78.19.01

**Қарлығаш Нұғманова¹, Нұрлан Қожабеков²,
 Салтанат Ермаханова³**

¹ *«Әскери-стратегиялық зерттеулер орталығы» АҚ қызметкері,
 саяси ғылымдарының докторы, профессор*

² *Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің Бас штабы,
 полковник, әскери ғылымдар кандидаты,
 қауымдастырылған профессор*

³ *Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің Бас штабы,
 полковник, әскери ғылымдар кандидаты,
 қауымдастырылған профессор*

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘСКЕРИ ЗЕРТТЕУЛЕР: МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа: Мақалада Қазақстан Республикасында ұзақ мерзімді перспективада әскери ғылымның дамуына концепциялық көзқарастарды тудыру мақсатында өткізілетін ғылыми-зерттеулік жұмысының нәтижелері көрсетілген.

Әскери-ғылыми қызметтегі проблемалық сұрақтары анықталған және заманауи талаптары мен факторлардың Қазақстан Республикасындағы әскери ғылымның перспективалық әлпетіне және әрі қарай даму бағытына ықпал етуі туралы кейбір қорытындылары келтірілген.

Қазақстан Республикасында әскери-ғылыми қызметтің дамуының мақсаттары және міндеттері негізделген, әскери қауіпсіздік және мемлекетті қорғау мүддесіндегі әскери-ғылыми зерттеулердің маңызды бағыттары анықталған және де әскери ғылымның перспективаға дамуының бағыттары бойынша кейбір ұсыныстар келтірілген.

Түйін сөздер: *Әскери ғылым, әскери ғылымды дамыту концепциясы, әскери және ғылыми қызмет, қарулы күштерді зерттеу кеңесі, әскери қауіпсіздік, әскери саясат, әскери стратегия, әскери экономика, қарулы күштерді дамыту.*

**Карлығаш Нугманова, Нурлан. Кожабеков,
Салтанат Ермаханова, Талгат Иманмадиев
ВОЕННЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ:
ВОЗМОЖНОСТИ И ПУТИ РАЗВИТИЯ**

Аннотация. В статье представлены результаты научно-исследовательской работы, проводимой в целях выработки концептуальных взглядов на развитие военной науки в Республике Казахстан на долгосрочную перспективу.

Раскрываются проблемные вопросы в военно-научной деятельности и приводятся некоторые выводы о влиянии современных условий и факторов на перспективный облик и направления дальнейшего развития военной науки в Республике Казахстан.

Обосновываются цели и задачи развития военно-научной деятельности в Республике Казахстан, уточняются актуальные направления военно-научных исследований в интересах военной безопасности и обороны государства и приводятся некоторые рекомендации по направлениям развития военной науки на перспективу.

Ключевые слова: Военная наука, концепция развития военной науки, военная и научная деятельность, Совет по исследованию вооруженных сил, военная безопасность, военная политика, военная стратегия, военная экономика, развитие вооруженных сил.

**Karlygash Nugmanova, Nurlan. Kozhabekov,
Saltanat Yermakhanova, Talgat Imanmadiev
MILITARY RESEARCH IN KAZAKHSTAN:
OPPORTUNITIES AND WAYS OF DEVELOPMENT**

Abstract. The article presents the results of research work carried out in order to develop conceptual views on the development of military science in the Republic of Kazakhstan in the long term.

The article reveals the problematic issues in military science and provides some conclusions about the impact of modern conditions and factors on the long-term appearance and directions of further development of military science in the Republic of Kazakhstan.

The goals and objectives of the development of military scientific activity in the Republic of Kazakhstan are substantiated, the actual directions of

military scientific research in the interests of military security and defense of the state are specified and some recommendations on the directions of development of military science for the future are given.

Key words: *Military science, the concept of military science development, military and scientific activities, the Armed Forces Research Council, military security, military policy, military strategy, military economy, armed forces development.*

Әскери ғылымды дамыту мемлекет қызметінің маңызды бағыты болып табылады. Ол әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету және елдің қорғаныс қабілетін нығайту мүддесінде жүзеге асырылады.

Әскери ғылымды дамытуда мемлекеттің әскери қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерде, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарда айқындалған міндеттер бағдар болып табылады [1]. Олардың негізгілері болып Қазақстанның 2050 жылға дейінгі стратегиясы, Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы, Әскери доктрина, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың құрылысы және даму тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама), әскери ынтымақтастық саласындағы халықаралық шарттар және басқалар табылады.

Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігі саласындағы негізгі стратегиялық және бағдарламалық құжаттар 1-суретте көрсетілген.



1-сурет – Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігі саласындағы негізгі стратегиялық және бағдарламалық құжаттар

Қазақстандағы әскери ғылымның даму бағыттарын нақтылауда, әскери қауіпсіздік саласындағы стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың міндеттері елдің қорғаныс жоспарымен үйлестірілгені ескерілді. Олар бейбіт уақытта және мемлекеттің барлық салаларын қорғауға дайындау мүддесінде әскери қатерлердің өсуін ескере өткізілетін іс-шараларды қамтиды.

Зерттеу нәтижелері бүгінгі күні Қазақстанда елдің әскери қауіпсіздігі саласындағы нақты мақсаттар мен міндеттерді айқындайтын және әскери ғылымды дамытудағы басымдықтарды айқындауға мүмкіндік беретін мемлекеттік және әскери жоспарлаудың бірыңғай, өзара байланысты жүйесі құрылғанын көрсетті.

Тұтастай алғанда, әскери ғылым мен әскери-ғылыми қызметті дамыту стратегиялық құжаттардың мынадай мақсаттарына сәйкес келуге тиіс.

«Дәйекті және болжамды сыртқы саясат – ұлттық мүдделерді ілгерілету және өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайту» «Қазақстан-2050" Стратегиясы. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағытының» 6-басымдығына сәйкес [2].

Әскери қауіпсіздік саласында елдің ұлттық қауіпсіздігі Стратегиясының мақсаттарын ескере отырып, «мемлекеттің әскери әлеуетін арттыру» [3].

Тұжырымдама мақсатына сәйкес, «Сын-қатерлерге және әскери қатерлерге барабар әрекет ету үшін Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың жауынгерлік қуатын арттыру, оларды елдегі ішкі тұрақтылықты, Қазақстанның әскери қауіпсіздігі мен қорғанысын қамтамасыз ету міндеттерін шешуге тұрақты жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігінде ұстау» [4].

Бұдан басқа, әскери-ғылыми зерттеулер Қазақстан Республикасының әскери доктринасында, оның ішінде әскери-саяси, әскери-стратегиялық және әскери-экономикалық салада елдің жұмылдыру дайындығы, Қазақстанның әскери ұйымын дамыту жөніндегі айқындалған мемлекет қызметінің бағыттары бойынша ғылыми мәселелерді шешуді қамтамасыз етуі тиіс [5].

Әскери-саяси салада басым бағыттар болып мыналар қарастырылады:

- әлемдегі әскери-саяси жағдайды бағалау және болжау әдістемелерін әзірлеу, әскери қауіптер көздерін анықтау;
- халықаралық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыру және мемлекетаралық және мемлекетішілік қайшылықтарды шешуде әскери

күштің маңыздылығын төмендету мүддесінде басқа мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен әріптестік пен ынтымақтастықтың мақсаттары мен бағыттарын айқындау;

- әскери қауіптердің алдын алу үшін саяси-дипломатиялық, экономикалық, құқықтық, ақпараттық және басқа да әскери емес құралдарды қолданудың нысандары мен тәсілдерін әзірлеу;

- агрессиядан тежеуді қамтамасыз ететін деңгейде мемлекеттің әскери әлеуеті мен әскери қуатын қолдау жөніндегі шараларды әзірлеу;

- Біріккен Ұлттар Ұйымы (бұдан әрі – БҰҰ), Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (бұдан әрі – ЕҚЫҰ) шеңберінде елдер арасындағы халықаралық қауіпсіздік саласындағы өзара іс-қимылды күшейту, Қазақстанның бітімгершілік қызметке қатысуы жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

- ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (бұдан әрі – ҰҚШҰ) және Шанхай ынтымақтастық ұйымы (бұдан әрі – ШЫҰ) шеңберінде ұжымдық қауіпсіздік жүйесін дамыту, сенім шараларын нығайту және т.б. жөнінде шаралар әзірлеу.

Әскери-стратегиялық салада ұсыныстар мен шараларды әзірлеу бойынша:

- қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдардың жауынгерлік әзірлігін және мемлекеттің жұмылдыру дайындығын қолдау;

- әуе кеңістігін күзету және мемлекет шекарасын жабу;

- аумақтық суларда (теңізде) және Каспий теңізінің континенттік қайраңының қазақстандық бөлігінде елдің ұлттық мүдделерін қорғау;

- мемлекеттік және әскери объектілерді күзету;

- төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, диверсиялар мен террористік актілердің алдын алу және жолын кесу;

- шекарадағы шекаралық қақтығыстарды оқшаулау және жолын кесу, сондай-ақ қарулы қақтығыстарды оқшаулау және шешу;

- қарама-қайшылықтарды шешу кезінде «гибридті» күрес әдістерін және әскери күш қолдану, агрессиядан стратегиялық тежеу;

- халықаралық шарттарға сәйкес міндеттер мен іс-шараларды орындауға, бітімгершілік және гуманитарлық операцияларға қаты-

суға, стратегиялық іс-қимылдарды жүргізуге, стратегиялық өрістегі Қарулы Күштердің дайындығын қамтамасыз ету.

Әскери-экономикалық салада – соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында жұмыс істеуге қаржы-экономикалық жүйені дайындау, мемлекеттік әскери-техникалық саясатты жетілдіру, елдің қорғаныс-өнеркәсіп кешенін (бұдан әрі – ҚӨК) дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

Елдің жұмылдыру дайындығы бойынша – елдің жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыруды басқару жүйесін дамыту, жұмылдыру тапсырмалары мен тапсырыстары бар мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметін арттыру, мемлекеттік материалдық резервті дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

Қазақстанның әскери ұйымын дамытуда – Қазақстан Республикасының халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысуын кеңейту, елдің жұмылдыру дайындығын қолдау, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың жауынгерлік әзірлігін қолдау мүддесінде ұсыныстар әзірлеу.

Ең өзекті ғылыми міндеттердің бірі болып, оның жеке теорияларының құрамын, объектілерін және оларды тану пәнін анықтау үшін негіз болып қызмет ететін әскери ғылымның жалпы негізін (жалпы теориясын) анықтау болып табылады. Осы міндетті орындау Қазақстандағы әскери ғылымның құрылымын нақтылауға және әскери-ғылыми ойдың даму бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді.

Қарулы Күштер мүддесінде әскери ғылым бөлімдерінің нақтыланған құрылымын алғаш рет 2011 жылы Ұлттық қорғаныс университетінің Ғылыми орталығы ұсынды (2-сурет) және ғылыми жұмысты ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа енгізілген [6], оның ішінде:

- 1) әскери ғылымның жалпы теориясы;
- 2) әскери өнер теориясы;
- 3) әскери құрылыс теориясы;
- 4) әскерлерді басқару теориясы;
- 5) қарулы күштер түрлері, әскер тектері теориясы;
- 6) аумақтық қорғаныс теориясы;
- 7) елдің әскери экономикасы және қарулы күштер тылы теориясы;
- 8) қару-жарақ және әскери техника теориясы;
- 9) әскери оқыту және тәрбиелеу теориясы;
- 10) әскери тарих.



2-сурет – 2011 жылы ұсынылған Қарулы Күштер мүддесінде әскери ғылым бөлімдерінің нақтыланған құрылымы

Нұсқаулықта әскери-ғылыми қызметті дамыту мүддесінде сондай-ақ Қарулы Күштерде жүргізілетін ғылыми жұмыс нысандары нақтыланды:

1) ғылыми-зерттеу жұмыстары (тапсырыстар бойынша, ынталы);
2) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар (кәсіпорындармен және ғылыми ұйымдармен бірлесіп қатысу);

3) Қарулы Күштердің нормативтік құқықтық актілерін әзірлеуге қатысу;

4) оқу-жаттығуларда, сондай-ақ жауынгерлік, жедел, жұмылдыру даярлығының іс-шараларында, әскерлер мен штабтардың күнделікті қызметінде, қару-жарақ пен әскери техника (бұдан әрі - ҚӘТ), әскери мүлік көрмелерінде зерттеулер;

5) ғылыми еңбектер, оқу және әдістемелік құралдар (оқулықтар), энциклопедиялар (сөздіктер) әзірлеу;

6) рецензиялау, ғылыми-зерттеу жұмыстарына қорытынды беру, ғылыми еңбек жазу;

7) ғылыми конференцияларды, кеңестерді, семинарларды өткізу;

8) ғылыми байқаулар мен сайыстарды өткізу;

9) магистранттар мен докторанттардың зерттеу жұмыстарына басшылық жасау, кеңес беру және оппоненттеу;

10) докторанттарға ғылыми дәреже беру жөніндегі диссертациялық кеңестердің жұмысына қатысу;

11) ғылыми еңбектерді, конференциялар (форумдар, семинарлар, кеңестер) материалдарының жинақтарын, мерзімді ғылыми басылымдарды жариялауға дайындау жөніндегі редакциялық-баспа қызметі;

12) қаруландыру және әскери техника (ҚӘТ) үлгілерін әзірлеу, жасау, жаңғырту және сынақтарды жүргізу жөніндегі өнеркәсіп жұмыстарының әскери-техникалық сараптамасы;

13) өнертапқыштық жұмыс.

Ғылыми орталық жүргізген ғылыми қызметті жетілдіру жөніндегі жұмыс Қарулы Күштер бөлімшелерінде, ғылыми ұйымдарында және әскери оқу орындарында ғылыми жұмысты жоспарлау және ұйымдастыру іс-шараларын нақтылауға мүмкіндік берді.

Қарулы Күштерде әскери ғылымды дамытуға бірыңғай көзқарасты қалыптастыру мақсатында 2012 жылы Ұлттық қорғаныс университетінің Ғылыми орталығы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде 2020 жылға дейінгі әскери ғылымды дамыту стратегиясын әзірледі [7].

Онда әскери ғылымды дамыту мақсаты Қазақстанның әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған ғылыми зерттеулер жүргізуді жетілдіру және жандандыру болып табылады.

Қарулы Күштерде әскери ғылымды дамытудың міндеттері:

1) әскери ғылымды дамыту бағыттарын әзірлеу;
2) ғылыми бөлімшелердің ұтымды құрылымын құру;
3) ғылыми қызметкерлерді даярлау деңгейіне қойылатын қазіргі заманғы талаптарды ескере отырып, неғұрлым басым бағыттар бойынша ғылыми кадрларды даярлау;

4) ғылыми және ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту;

5) ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті әскери істің теориясы мен практикасын дамытуға, ҚӘТ, әскери құрылысқа және Қарулы Күштерді елдің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуге даярлауға жіберу.

Ғылыми орталық қызметкерлерінің Қарулы Күштер қызметін ғылыми қамтамасыз етуге қатысуы барысында алынған тәжірибені ескере отырып, 2012 жылға қарай ғылыми жұмысты ұйымдастыруға негізгі көзқарастар жүйеленіп, әскери ғылымды дамытудың перспективаға бағыттары әзірленді. Стратегияда сондай-ақ Қарулы Күштерде әскери ғылымды дамытудың 2020 жылға дейінгі негізгі тетіктері мен іс-шаралар жоспары айқындалады.

Жоспардың іске асырылуын талдау, 2013 жылдан бастап Қарулы Күштерде әскери ғылымның дамуы Стратегия міндеттерін есепке

алмай жүргізілгенін көрсетеді, алайда, оның орнына Қарулы Күштерде әскери ғылымның одан әрі дамуына пайымды айқындайтын басқа құжат әзірленбеген. Тиісінше ҚӨК және Қарулы Күштердің ғылыми ұйымдарында Қорғаныс министрлігінің мүддесінде ғылыми зерттеулер әскери қауіпсіздік саласындағы стратегиялық құжаттардың міндеттерін есепке алмай, оның ішінде нәтижелері қысқа мерзімді кезеңде өзектілігін сақтаған құрылымдық бөлімшелердің қолданбалы тақырыптары бойынша жүргізілді.

Әскери-ғылыми қызметті ұйымдастырудың ғылыми зерттеулердің басым бағыттарын таңдаудан айырмашылығы, мақсатты жұмыс байқалады. Бүгінгі күні жүзеге асырылған кейбір шаралар 2012 жылғы әскери ғылымның даму стратегиясында қарастырылған. Олардың ішінде Қарулы Күштердегі әскери ғылым мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу институттарын құру, әскери ғылым бағыттары бойынша докторантурада оқитындардың санын арттыру, әскери ғылым бағыттарын қамтитын және әскери – ғылыми зерттеулерді гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруды жүзеге асыратын ұлттық ғылыми кеңес (бұдан әрі – ҰҒК) құру.

Жаңа бастамалар ретінде Қорғаныс министрлігі жанынан Қорғаныс зерттеулері кеңесін (бұдан әрі – ҚЗК) құру болды, ол гранттық және бағдарламалық-мақсаттан басқа әскери ғылым саласындағы зерттеулерді бюджеттік қаржыландыруды жүзеге асыруға, сондай-ақ Ұлттық қорғаныс университетінде әскери-ғылыми взводты қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Өткізілген іс-шаралар Қарулы Күштердегі әскери-ғылыми қызметті дамытуға серпін берді. Сонымен қатар, іске асырылған іс-шаралар бойынша 2012 жылғы Стратегияның міндеттерімен сәйкессіздік байқалады:

1) «Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс» бағыты бойынша ҰҒК-нің зерттеу бағыттарының кең спектрі, оның ішінде ұлттық қауіпсіздік органдарының, қылмыстық-түзеу және құқық қорғау жүйесінің қызметін қамтамасыз ету бойынша және басқалары бар, осыған байланысты қаржы қаражатының бір бөлігі елдің әскери қауіпсіздігі мен қорғанысына байланысты емес тақырыптарға бөлінеді. Сонымен қатар, әскери-ғылыми тақырыптарды орындаушы ретінде конкурсқа әскери қызметке қатысы жоқ және Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда қызмет тәжірибесі жоқ ғылыми ұйымдар мен жеке тұлғалар жиі шығады.

2) Қарулы Күштердегі ғылыми-эксперименттік база түпкілікті өнімді әзірлеу қағидаты бойынша құрылады. Сонымен қатар, жетекші елдердің тәжірибесі, ғылыми зертханалар неғұрлым терең зерттеулер үшін ғылыми немесе техникалық қызметтің жекелеген бағыттары бойынша, мысалы, навигация, байланыс, энергиямен

қамтамасыз ету жүйелері, аэродинамика, конструкциялық материалдар бойынша құрылатынын көрсетті. Шетелде ғылыми зертханалардың әзірлемелерін түпкілікті әскери өнімге біріктіру үшін жеке компаниялар мен жеке кәсіпкерлерді олардың капиталдарымен бірге тарта отырып, технопарктер құру тәжірибесі бар.

3) Ұлттық қорғаныс университетінің докторантурасында білім алушыларды ұлғайту әскери ғылымның бағыттары бойынша мамандықтарды кеңейтусіз жүргізіледі, бұл Қазақстандағы әскери ғылымның перспективалық құрылымына бірыңғай көзқарастың болмауына байланысты болып отыр. Тиісінше әскери-ғылыми мектептерді дамытуға жалпы ұстаным жоқ болып, соның салдарынан нақты әскери-ғылыми мамандықтар бойынша ғылыми және инженерлік кадрларға қажеттілік ескерілмей отыр.

Қазақстан Республикасында әскери ғылымды дамытудың негізгі бағыттарын негіздеу мақсатында, зерттеу барысында әскери-ғылыми қызметті дамытудағы шет елдердің тәжірибесі зерделенді және осы бағытқа шетелде ерекше назар аударылатыны атап өтілді. Талдау нәтижелері әлемдік тәжірибеде әскери-ғылыми қызметті ұйымдастырудың екі негізгі моделі таралғанын көрсетеді.

Бірінші модель әскери-ғылыми қызметті дамытуға ғылыми әзірлемелерге жұмсалатын қаражат көлемінің 10%-нан аспайтын бөлінетін мемлекеттер (Жапония, Германия) үшін тән. Бұл елдерде, әдетте, экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға басымдық беріледі, сондықтан әскери ғылымды дамытуға арналған мемлекеттік қаражаттың үлесі аз. Бұдан басқа, модель әскери-ғылыми зерттеулердің басымдықтарын таңдауда мемлекеттің жоғары үйлестіруші рөлімен ерекшеленеді.

Екінші модель әскери-ғылыми әзірлемелерге ғылымға жіберілетін мемлекеттік қаражаттың 75%-ына дейін бөлінетін елдерге (АҚШ, Ұлыбритания) тән. Бұл елдерде әскери-ғылыми зерттеулер нәтижелерінде мемлекеттің басқа салаларының жоғары сұранысқа ие болуы. Бұл модельдің ерекшелігі мемлекеттік ұйымдар мен мекемелердің, жеке компаниялардың, сондай-ақ жеке кәсіпкерлердің әлеуетті құрылымдардың әскери-ғылыми жобаларын іс жүзінде іске асыруға және оларды қаржыландыруға кеңінен қатысуы болып табылады, бұл бюджеттің әскери технологияларды дамытуға арналған шығыстарын төмендетуге мүмкіндік береді.

Әскери-ғылыми қызметті дамыту мәселелерінде әлемнің жетекші елдерінде мынадай басымдықтар белгіленеді:

1) әскери істі дамытудағы үдерістерді шығармашылықпен ойлауға және түсінуге қабілетті жаңа буын әскери-ғылыми кадрларын қалыптастыру;

2) әскери-ғылыми қызметті басқару жүйесін дамыту, үкіметтердің жанынан ұлттық қауіпсіздік пен қорғаныс мәселелері бойынша үйлестіру органдарын құру;

3) жеңілдіктер бере отырып және әскери өнімге тапсырыстарды мемлекеттік реттей отырып, әскери-ғылыми зерттеулер үшін қаржыландырудың әртүрлі нысандарын пайдалану;

4) зерттеуге оқу орындарының, ғылыми ұйымдардың талантты ғалымдары мен сарапшыларын тарту үшін әскери ғылыми-зерттеу институттарының міндеттері мен өкілеттіктерін кеңейту.

Бұл ретте әскери ғылым теориясының ережелерін нақтылау, қазіргі заманғы және перспективалық қару-жарақ пен әскери техниканы құру мүддесінде технологиялық әлеуетті дамыту және қарсыластың «гибридті» күрес әдістеріне қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды әзірлеу нәтижесінде әскери-ғылыми кадрларды даярлау бағыттарын кеңейту үрдісі байқалады.

Жетекші елдердің қорғаныс ұйымдарының қызметін талдау олардың қызметін дамытуда мынадай үрдістер бар екенін көрсетеді: басымдық аэроғарыштық, зымыран және электрондық өнеркәсіпке беріледі; азаматтық сектордың әскери-ғылыми жобаларға қатысу үлесі артады; ҚӨК ұсақ кәсіпорындары топтастырылады және неғұрлым ірірек сіңіріледі; әскери-ғылыми технологияларды дамыту олардың ішкі рыноктағы қажеттіліктеріне байланысты болмақ.

Зерттеу нәтижелері негізінде, ғылыми жобада ұзақ мерзімді перспективада Қазақстан Республикасында әскери ғылымды дамытудың келесі бағыттары айқындалған.

1. Елдегі әскери-ғылыми қызметті дамыту және әскери қауіпсіздік саласындағы зерттеулерді орындау кезінде ғылымның басқа бағыттары бойынша ғылыми мектептермен өзара іс-қимылды ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының жанынан Әскери ғылым бөлімшесін ашу.

2. Елдің әскери қауіпсіздігі мен қорғанысы саласындағы ғылыми зерттеулерге бөлінетін қаражатты мақсатты пайдалану үшін әскери ғылымның бағыттары бойынша жекелеген жабық ұлттық ғылыми кеңес құру.

3. Қазақстандағы әскери қызметтің ерекшелігін ескере отырып, әскери ғылымның жалпы теориясын нақтылау, әскери-ғылыми кадрларды мақсатты даярлау, әскери ғылыми мектептерді дамыту үшін әскери ғылымның перспективалық құрылымын әзірлеу, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективаға арналған әскери-ғылыми зерттеулердің өзекті бағыттарын айқындау.

4. Әскери ғылым бойынша, оның ішінде ғарыш технологиялары, ракетаға қарсы қорғаныс жүйесі, робототехника, ақпараттық

жүйелер және басқалар саласындағы жаңа ғылыми бағыттарды қазіргі заманғы әскери жанжалдардың тәжірибесін ескере отырып, басым тәртіппен қалыптастыру.

5. Бейіндік ғылыми зертханаларды қалыптастыруды ескере отырып, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ғылыми ұйымдарының, ҚӨК ғылыми ұйымдарының құрылымы мен құрамын оңтайландыру. Күрестің «гибридті» әдістеріне қарсы іс-қимылдың тиімді шараларын әзірлеу мүддесінде мемлекеттің әскери ұйымының басқа субъектілерінің ғылыми ұйымдарын құру және инновациялық әскери-ғылыми өнімдерді әзірлеу және енгізу үшін оларды технопаркте біріктіру.

6. Ғылымның басқа бағыттары бойынша озық ғалымдар мен сарапшыларды әскери-ғылыми зерттеулерге тарту үшін әскери ғылыми-зерттеу институттарының функцияларын және олардың өкілеттіктерін кеңейту.

7. Ұжымдық пайдалану қағидаты бойынша Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, ҚӨК ғылыми ұйымдарының ғылыми-эксперименттік базасын дамыту.

8. Әскери ғылым теориясы мен әскери іс практикасының өзара байланысын қамтамасыз ету мүддесінде Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың құрылымдық бөлімшелеріне, ғылыми ұйымдар мен әскери оқу орындарына әскери ғылымның нақтыланған құрылымы бойынша ғылыми бағыттарды бекіту.

9. Әскери мамандықтар бойынша ғылыми кадрлар даярлауда мақсатты саясат жүргізу және олардың әлеуетін негізінен әскери ғылым мен әскери-ғылыми қызметті, оның ішінде ҚӨК дамыту үшін пайдалану.

10. Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери институттарының түлектерін қорытынды аттестаттауға енгізу, әскери-ғылыми зерттеулер жүргізу дағдыларын үйрету және оларда әскери-ғылыми қоғамдар (үйірмелер) құру үшін шығарылатын мамандық бойынша дипломдық жұмысты (жобаны, міндеттерді) қорғау.

11. Әскери оқу орындары докторанттарының Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ғылыми ұйымдарында, ҚӨК-де теориялық курстан өткеннен кейін және диссертация жазуға көшкеннен кейін бастапқы лауазымдарда тағылымдамадан өтуі.

12. Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда, ҚӨК ғылыми зерттеулер үшін ақпараттық ресурстар банкін дамыту және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарының, сондай-ақ шетелдік ғылыми ұйымдар мен оқу орындарының ақпараттық ресурстарына қол жеткізуді қамтамасыз ету.

13. Әскери ғылыми қызметкерлерді ынталандыру үшін жаңа тетіктерді енгізу, ақшалай қаражатқа (жалақыға) үстеме ақы төлей отырып, оларға сыныптық біліктілікті енгізу, ақшалай сыйақылармен марапаттай отырып, үздік ғылыми жұмысқа (еңбек, өнертабысқа) жыл сайынғы байқаулар өткізу.

14. Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ғылыми қызметкерлерімен Ұлттық қорғаныс университетінің ғылыми-зерттеу институттарында біліктілікті арттырудың мерзімді курстарын өткізу және оқу қорытындылары бойынша оларға ғылыми ұйымдардың қызметкерлері үшін әзірленген бағдарламаларға сәйкес сыныптық біліктілікті беру (расталу).

15. Жеңілдікті жағдайлар беріп және әскери ғылыми өнімге тапсырыстарды міндетті түрде мемлекеттік реттей отырып, әскери-ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың қосымша көздерін тарту.

Осылайша, жүргізілген зерттеулердің нәтижелері 2012 жылғы стратегияда айқындалған әскери ғылымды дамытудың пайымы мен негізгі бағыттары өзекті болып қалатынын және Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздік саласындағы қолданыстағы стратегиялық құжаттарының мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып, оларды толықтыру талап етілетінін көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790-шы «Қазақстан Республикасында мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» қаулысы.
2. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы ««Қазақстан-2050» Стратегиясы. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты».
3. Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылдың 11 қаңтарындағы «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздігінің 2017-2020 жылдарға арналған стратегиясын бекіту туралы» жарғысы.
4. Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылдың 28 желтоқсанындағы «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдардың құрылысы және даму тұжырымдамасын бекіту туралы» жарғысы.
5. Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылдың 29 қыркүйектегі № 554 «Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы» жарғысы.
6. «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде ғылыми жұмысты ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2011 жылғы 13 қыркүйектегі № 376 бұйрығы.
7. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы «2020 жылға дейін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери ғылымды дамыту стратегиясын бекіту туралы» бұйрығы.